


Ізтілеу  
Тойшыбайұлы

Сыздаған жүрек  
сырлары

Ізгілеу  
ТОЙШЫБАЙҰЛЫ



*Сыздаған жүрек  
сырлары*



«Сеп» баспасы  
Алматы 2014

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5Қаз)-5  
Т50

Т50 **ТОЙШЫБАЙҰЛЫ І.  
СЫЗДАҒАН ЖҮРЕК СЫРЛАРЫ.**

*Жыр кітабы.* Алматы: «Сеп» баспасы, 2014. - 216 бет.

**ISBN 978-601-80466-0-5**

Бұрын «Менде де жүрегі бар ақындардың» (2002 ж.), «Өмір эллегиясы» (2008 ж.), «Жиделер жұпар шашқанда» (2012 ж.) атты жыр жинақтарымен жыр-сүйер қауымның жылы ықыласына бөленіп үлгерген ақын Ізтілеу Тойшыбайұлының бұл төртінші кітабы. Бұл жыр жинаққа шайырдың кіршіксіз көңілден туған өзекжарды жырлары топтастырылған. Ақын өз өлеңдеріндегі тосын өрімдерімен, лирикалық тебіреністерімен жүректі баурап алады. Өлеңдері оқырмандарын тылсым сезім құшағына жетелеп, әрқилы әсерге бөлейді, заманның қилы құбылыстары мен өмір шындығынан өнеге алуға жетелеп, намысыңды қайрайды.

Айтар ойы, сарапты да саналы көзқарасы, байсалды байламы бар ақын жырларының оқырман жүрегіне жол табары анық. Сондай-ақ кітапқа ақынның өзі белсенді қатысып, өзі куә болған Желтоқсан көтерілісіне қатысты жазған бірер мақаласы да енгізіліп отыр.

Кітап қалың оқырманға арналған.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5Қаз)-5

**ISBN 978-601-80466-0-5**

©Тойшыбайұлы І., 2014.  
©«Сеп», 2014.

*Осы еңбегімді елінің ардақты азаматы болған, есімі тарихта қалған әкем Қойшығұлұлы Тойшыбай мен «Қаракемпір әулие» атанған анам Исабала Жұмабекқызының аруақтарына арнаймын.*

*Автор.*

## **РУХЫ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ – РУХАНИ ДҮНИЕСІ КЕМЕЛ**

*(Алғысөз орнына)*

Дүниенің өтпелі кезең екендігін сезінген сайын, мәңгілік әлем кеңестігімен сырласу, ой толғау, яки тұлама жылдарға сөз арнай отырып, оқырман жүрегіне жол табу, осылайша киелі сөз өнерінің құпиясын танытар көркемдік шеберліктің алуан-алуан әдістерін жете игере білу қалам ұстаған екінің бірінің қолынан келе бермейтін асыл қасиет екені көпшілікке аян. Десек те, қазақтың көркем әдебиетінің өткен дәуірлерден жинақталған, ел жадында сақталған сөз маржандарын шапшай-тоқпей, оның көркемдік құндылықтарын жоғалтпай бүгінгі күнге жетуге аянбай үлес қосқан орақ ауыз,

от тілді шешендеріміз бен ойшылдарымыздың, жыршы-жырауларымыз бен ақындарымыздың, бір сөзбен айтқанда, сөз өнерінің адам өмірінде, ұрпақ тәрбиесінде, қоғам қатпарында, замана бедерінде алар орнын керемет түсіне білген және тылсымы терең дүбірлі дүние кеңістігі мен бәріне де төреші уытты уақыттың шыңырауында жұтылып кетпеуіне бар қажыр-қайратын жұмсаған көркемсөз саңлақтарының ерен еңбегі екені бесенеден білгілі.

Әлемдік жаһандандудың иіріміне тартып апара жатқан бүгінгі нарықтық қарым-қатынастар туғызып отырған рухани жалаңаштық, имансыздық, рухсыздық секілді басқа да санаға жегі құрттай түскен келеңсіз құбылыстар көрінісі етек басып белең алып келеді. Алпауыт елдердің билігі оңынан жүріп, тасы өрге домалап, айласы алшысынан тұра бастағандай. Мұндай талабы таудай өтпелі дәуір өткелінде ұлттың өзіндік болмысын танытар құндылық нышандарын сақтаудың өзі қай халыққа да оңайға соқпасы айдан анық. Демек, сан ғасырдан бері көздің қарашығындай қорғалып, ұрпақтан ұрпаққа аманатталып келе жатқан қалың қазақ жұртының да тарихи, мәдени-әдеби, рухани құндылықтарын сақтап қалу және осы жолда қажымай-талмай мәні зор саналы тәлімдік жұмыстар жүргізу – жалпы ұлттық сипат алуға тиіс. Өйткені осынау құндылықтарды қорғау, қадірін білу, өскелең ұрпақ санасына ұялату, болашаққа жеткізу – қаламгер қауымның қасиетті борышы ғана емес, баршамыздың ұлағатты міндетіміз деп санаймын.

Әдебиет – қоғамның көркем сөзбен әспеттеліп әдемі жазылатын шежіресі, өмірдің көркем сөзбен

айшықталған айнасы. Содан да болар, онда әр дәуірдің қатпарлы қым-қуыт оқиғасы, халықтың қуанышы мен мұңы, елдің бірлігі, замана тынысы әдеби шығармаларымызда шынайы көрініс тауып, кейінгі ұрпаққа ұлағатты мұра боп, қатталып жазылып қала бермек. Десек те, әр қоғамның қатаң талабы қаламгерлерді де дәуір мүддесіне сай әрі уақыт үрдісінен шығуға қамшылай түсері хақ. Неге десеңіз, қазір көркемдік көрігінде қайнап, шымыр жазылған, уақыттың бел баласындай ойлы туындыны бас алмай оқитын оқырман қауымы азайды. Замананың мұндай құйтырқы алдамшы кезеңінде шығармашылық шеберлігіңізді шыңдай алмасаңыз, қаламыңыз қарымды болмаса, замана уақыты кешірмейді, сондықтан оқырманға өкпе артудың жөні жоқ секілді.

Ал шын мәнісіне келгенде бұрынғыдай көзі қарақты кітап оқитын қалың оқырманның қарасы азайды деуімнің себебі де жоқ емес. Бұл ретте әлемдік қаржы дағдарысы өз кезегінде әдебиетке, оның ішінде алдымен кітаптың қажетті таралымына әсерін тигізгені рас. Оның үстіне оқырман бүгінгідей ақпараттар ағыны тасқындаған кезеңде бұрынғыдай кітапханаға барып шұқшып кітап оқымайды, ғаламторға бір сәт көз салса болғаны. Сондай-ақ баяғыдай кітап саудасының қара көрігін қыздырып, оны насихаттап отыратын мәдени ошақтар – кітапханалар мен кітап дүкендері, соңы алқалы жиынға ұласатын кітап көрмелерінің жалпы саны ғана емес, оларға түсетін жаңа басылым таралымдары да күрт азайып кетті. Баспа істері мәселесінде кеңестік

дәуірдегідей болмаса да, жыл сайын мемлекет қаржысы есебінен белгілі бір шамада болса да кітап өнімдерін басып шығару ісі қайта жандандырылса, бұл да қаламгерлерге билік тарапынан көрсетілетін қошамет-қолдаудың бірі болар еді.

Дей тұрғанмен, соңғы жылдары экономикалық дағдарыстан ел ес жиып, еңсе көтеріп, тартымды көркем дүниелерді таңдап, үлкен талғаммен оқитындай жағдайға жеттік. Нарықтың бұл талап пен талғам таразысынан туындайтын бәсекелестікке қабілеттілік дегеніңіз, қалам иелеріне де үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Олай болса, бүгінгі дәуірдің бүтін сөзін әспеттеп айтар, еркіндік пен елдік жырын уақыт тынысымен сабақтастыра өрнектеп жазар, шындықтың шынайы көрінісін шырылдатып жеткізер, әділдіктің ақ семсерін айға білейтін кездің келгенін мойындауымыз керек. Бұл орайда ұлт арманы мен көзайым қуанышы болған тәуелсіздігіміз туралы, ол берген сана мен ой еркіндігін ел игіліне жұмсау, қоғамның кемшін тұстарын кемел ойдың көркемдік көкжиегінен саралап өткізу деген секілді сан саналық сауалдар туындайтындығын да ұмытпағанымыз жөн болар.

Кез келген ұлт мәдениетінің негізгі өлшемі - сол ұлттың кестелі көркем сөзі мен өрнекті ойы, парасатты пайымы екені түсінікті. Сондықтан қоғам өмірінің шынайы құбылыс-көріністерін оқырман өзі өмір сүріп отырған өмір шындығының шырғалаң желісінен іздеуі керек. Осыған қосымша айтарым: жаһандану заманында ел өмірінің шуақты күнгейі мен көлеңкелі тұстарын нанымды суреттей

отырып, егемен елдің ертеңі мен бүгінгі мамыражай тыныс-тіршілігін, адамзатқа жат емес жақсылық атаулының шынайы көріністерін көркемдеп баяндау – әрбір қалам иесінің парызы деп білем. Демек, ұлт әдебиетінің тілі халықтың санасын оятуда, туған елге, ұланбайтақ жерге, бейбіт әлемге деген ыстық ықыласын қалыптастыруда, жарқын келешекке батыл сенімін арттыруда аса зор рөл атқаратын құдіретті құрал екені даусыз. Былайша айтқанда, тіл - адамдар арасындағы жай қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың болмысын көпшілікке паш ететін, рухын көтеретін, өткенін өрнектейтін, намысын жанып, сенімін шыңдай түсетін киелі сөздердің байыпты байланыстырушы бірден-бір көзі деуге болады. Осының өзі-ақ бір себептен әдебиет тағдырының тіл тағдарымен тікелей байланысты екенін көрсетсе керек-ті.

Кешегі кеңестік дәуірде өз елінде қолданыстағы аясы мүлдем тарылып, тағдыры тәлкекке түсе бастаған туған тіліміз тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында мәртебелі тұғырына көтеріліп, айдарынан самала жел есе бастағандай жылылық сезілді. Тәуелсіздігімізге тәубе дей отырып, қуанғанмыздан бөркімізді аспанға атқанмыз да шындық. Бірақ мемлекеттік тіл мәртебесін алған ана тілімізбен бірге өзге екі тілді, орыс және ағылшын тілдерін қоса меңгеру бағытында қойылып отырған бүгінгі талаптар және осы бағытта атқарылып жатқан шаралар көңілге әр түрлі ой салады. Өйткені соңғы кездері жоғарғы оқу орындары мен орта білім беру ошақтарында қазақ тілі пәнінің сағаттары қысқара

бастады. Оның есесіне аталған екі тіл пәндерінің сағаттары арта түсті. Осы жерде жапон халқында бала он үш жасқа дейін тек өз тілінде, тек туған ана тілінде тиянақты және алаңсыз білім алуына басымдық берілетіндігі бізге неге үлгі болмайды?! Осындай мемлекеттік тілді қорғау мақсатында қолдау көрсетіліп жатқан мысалдарды алыс-жақын тәуелсіз елдер өмірінен көптеп келтіруге болады.

Ауыздығымен алысқан асау мінезді тұлпардың тегеурінінен жел есетін ерен екпінін еске түсірер бүгінгі жаһандану заманы бізді де өзінің тұңғық иіріміне қарай бұлтартпай тарта түскендей. Талай дәуірдің қайғы-қасіреттері мен зобалаң замандар туғызған запыран зарын қабырғасы қайыспай көтере білген қайсар халқымыз жаһанданудың құйын дауылына да төтеп береріне, төзімділік көрсетіп, қиындықты еңсеріп кетеріне бек сенімдімін. Мен өзім бұл бағыттағы жеке ой-пікірімді осы жыр жинағымда өлеңмен өрнектеп біршама айтқан болдым. Оларды көркемдік тұрғыда қаншалықты айшықтап жеткізе айта алдым, оның төрелігі мен әділдігін осы еңбегімді оқыған ұлтжанды оқырман қауымы өзі айтар, ой бөлісер деп ойлаймын.

Ендеше, рухы мықты халқымыздың рухани көркем дүниесі кемелдене берсін, иншалла!

**Автор.**



I БӨЛІМ



# БАЯНДЫҒЫН ЕЛДІКТІҢ КҮНДЕ ТІЛЕ

*Сең бұзған сексен алты өтті деме,  
Баяндығын елдіктің күнде тіле!  
Ата - баба аңсаған Тәуелсіздік,  
Қорғамасаң қазақ боп тудың неге?!*



## МЕН АЙТАМЫН...

Қиналсам да алған беттен қайтпадым,  
Қазағымның жоғын жоқтап айтқаным:  
Не айтсам да болашақтың қамы ғой,  
Өркендесін деймін туған байтағым.

Мен қалайша үнсіз жүрем жетекте,  
Тойғанымға маз боп жүру – есеп пе?  
Сатқындық пен жемқорлықтың зар-мұны,  
Өрт боп тұр ғой өзекте.

Жата алмаймын өзгелердей қарын тоқ,  
Айта аламын тұрғанымда жалын боп.  
Өршігенде нажағайдай жарқылдаймын,  
Мұнайғанда қобыздағы сарын боп...

Естідім мен талай зарлы заланы,  
Улағанын көрдік талай сананы.  
Жер-Ананы өз меншігіндей саудалап,  
Дөкейлердің ашылып тұр араны.

Кей замандас мысқылдайды, күндейді,  
Дөп айтсам да, «бір айтарың кем», – дейді.  
Сөзін сөйлеп жүрсем туған халқымның,  
Бақыт деген сол емес пе, күл мейлі?!

2013 жыл.

## БАЯНДЫҒЫН ТІЛЕЙІК (Мұқағалиша)

Шаршап тұрмын несіне жасырайын,  
Әкелші, әже, қымызды сапырайын.  
Шуылдаған мына өмір шуылынан,  
Құрып кеткір даң-дұңды қашырайын.

Қашырайын, өз әже, әкел бермен,  
Ащысын бер, кермек дәм қажет екен.  
Тұшысын да сораптап бірге ішейін,  
Іштің шері тарқасын күйіп жүрген.

Жанға батқан сырымды ақтарамын,  
Жүргендеймін жүзінде ұстараның.  
Бабалардың көзіндегі құндылығым,  
Жетегінде кетер ме ұстағанның.

Тұрсың, қазақ, екі оттың ортасында,  
Айдаһар мен аю тұр дәл қасыңда.  
Бодан қып қайта қосу ниеті бар,  
Жымысқы саясаттың арқасында.

Сең бұзған сексен алты өтті деме,  
Баяндығын елдіктің күнде тіле.  
Ата-баба аңсаған тәуелсіздік,  
Қорғамасаң қазақ боп тудың неге?!

\*\*\*

...Халқын ойлап кім айтпаған жоқтауын,  
Мен де айтамын сара сөздің тоқтамын.  
Бабалардан қалған ырыс - құндылық,  
Намыссызға қала ма деп қорқамын!

## **ЖЫР ЖАЗАЙЫН...**

Жыр жазайын ойменен өрнек іздеп,  
Өткен күнге, алысқа көңіл кезбек.  
Өлең деген – алданыш сезім емес,  
Өлең деген – ой маржан, өре білсек.

Қоңыр қаздар қалықтап қыр асқанда,  
Қиқу сазы қалады көк аспанда.  
Ақын көңіл Тәңірден жыр тілейді,  
Шабыттанып жүректен сыр ашқанда.

Кештеп туған жұлдыздың аққаны ма,  
Жастық өтіп барады, ақ таңым да.  
Жыр жазайын, асығып жыр жазайын,  
Сырласа алмай қалдық-ау ақтарыла...

## **ЖАҢА ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚОНАЕВ**

Димаш аға, тасқыннан жүзіп өтіп,  
Жаға білдің арманды жұлдыз етіп.  
Бек жақсылық жасадың кемел елге,  
Үміт отын лаулатып, нұр түлетіп.

Тасқа жанып жаныңды қайтпай талай,  
Шеше білдің халқыңның мұңын солай.  
Қорқаулар ортасында жүрсең-дағы,  
Ебін тауып қазаққа шаштың арай.

Күңіреніп шықсаң да, күле кірген,  
(Құйын мінез Кремль есебі ерен).

Тілін қалай табам деп халқың үшін,  
Қылкөпірдің үстінен жүре білген.

Жүрегіңнен айналдым «Елім!» деген,  
Нұр төгілген жүзіңнен түн түрілген.  
Атанған тірі әруағым, өзің айтшы,  
Бұл қоғам шошиды неге өз үнінен?

Сайын далам ер бабам сайрандаған,  
Келімсектер қаптады тайрандаған.  
Айтушы ең тірлігінде, Димаш аға:  
«Әділдік , шындық болсын, таза қоғам!»

Ебін тапқан пысықай екі асады,  
Жасырып қылмыстарын шет асады.  
Арман еткен қоғамың түзелер ме,  
«Елім» деген сенетін ер азайды...

Ел тонаған жігерсіз ез басқарса,  
Жанға шуақ бола алмас елге аса.  
Ел тізгінін ұстайтын ойы алау,  
Дәл өзіндей тұлғалар қайда, аға?!

## **КӨКТЕН КЕЛІП ҚАРАШЫ, ДИМАШ АҒА!**

Қыдыр едің қыр кезген, дала кезген,  
Жанарың нұр сәуледей бала кезден.  
Болған ба мына сұмдық біздер көрген:  
Ана безген үйінен, бала безген.

Ұл да ерен, құлпырып қыз да өскен,  
Кең даламда жалаңаяқ қар да кешкен.  
Өлген қанша мұң-шерін ақтара алмай,  
Жоқшылықтың жойқынды ызғары ескен.

Көз аспаған қорқу мен қателіктен,  
Елім ылғи алдынан қатер күткен.  
Ақыл-ойы, дарыны ерен болса-дағы  
Сұм заманның қоғамы қулық еткен.

Адамның күйіп жаны, ары тозған,  
Қазынаңды қалталылар бөліп алған.  
Не айтамыз болашаққа, ей, арсыздар,  
Қарақытай несие беріп, енші алған!

Ел болып өркен жайып көктеп едік,  
Қарашы, бұл дәуірге көктен келіп.  
Әруақ қолдап, адамдар түзелер ме ед,  
Сәуле шашсаң, халқыңа демеу беріп?!

## **II**

Банкіден ақша тілеп, несие алып,  
Мәз болды алғашқыда ел қуанып.

Соңында қайтаруға табысы жоқ,  
Өртеді өзін-өзі отқа жағып...

Көңілде тек Аллаға тәуба қалды,  
Жер сатылып, шет жерлік қаумалады.  
Бай мен кедей арасы алшақтады,  
Ел-жұртты келімсектер жаулап алды.

Жаһандану дәуірі толқынында,  
Өгей болып кете ме қимас дала?  
Сан ғасырға жетерлік ардағым ең,  
Төрелігін өзің айт, Димаш аға?!

Күрсініп көкірегім, жылайды ішім,  
Өсем бе, өшемін бе, Құдай білсін?!  
Сізге арнаған жырымды қалдырайын,  
Қаласа біреу-міреу оқи жүрсін.

Димаш аға, жанардың аққан жасын,  
Ақ қағазға жол етіп жақтым дағын.  
Болашағым мені де бір байқасын,  
Бірі айтар – мақтау мен даттауларын!

## **ЖҮЗ ЖАСЫҢ ТОЙЛАНДЫ**

Неге, неге түнерді нұрлы аспаным,  
Дұшпан ба еді, дос көріп сырласқаным?  
«Не көрсек те біргеміз», – дейтін жандар,  
Қайда, қайда жоғалды көп достарым?

Көңілімнің ұшырып шағаласын,  
Өткенімді қазір кім бағаласын.

Алтын басты азамат деп жүргенім,  
Арсыз болды, ойлаған қара басын.

Жұрт едік қой асылын ардақтаған,  
Ардақтаған нар тұлғаң асқақ маған.  
Арын сатқан басшыны көрген кезде,  
Құлазиды көңілім асқақтаған.

Кенде емес ед арысқа іргелі елім,  
Пенделікпен адасса жөн бе дедім.  
Бірақ, бірақ үзеңгілес серіктердің,  
Көрдік талай ит болып үргендерін.

Атқа қонған қырандай ұландарым,  
Аттарыңды сан айтып ұрандадым.  
Тәуелсіздік, ағайын, асыл мұрат,  
Көтерген ауыр жүгін армандардың.

Дүние мынау сілкініп қайта оянған,  
Желтоқсан дабылымен таңға ұрған...  
Көңіл деген көк дөнен ала шапты,  
Атыңды оқығанда ғаламтордан.

Жүзге жеттің, арысым, дамыл тапқан,  
Атамады ЮНЕСКО дабыл қаққан.  
Жақсылықты ұмытқан жылан қанша,  
Өз жанын абайсызда шағып жатқан?!

Шындық айтқан жандардың шырылдаған,  
Үнін түгел өшіріп тығындаған.

Көн тартпаны шегелеп табытына,  
Ұнғысына мылтықтың сығымдаған. . .

Ұйықтай алмай таңдарды таңға ұрам,  
Ұмытылып қалғандай бір асыл мұрам.  
Жүрегім атой салып бара жатыр,  
Өзіңді ойлап, ағажан, атып тұрам.

Демегін: сағынбады халқым мүлде,  
Ат шаптырып той жасап, бәйгілеуде.  
Сан ғасырлар өтсе де дабыл қағып,  
Мәңгі жасар есімің елмен бірге.

Балқашың да бақ сынап қалыспаған,  
Темір тұлпар бәйгеге табыстаған.  
Атым озып, жүлденің бірін алдым,  
Сіздің тойдан қалайша қалыс қалам?

Мереке боп жайнасын жарқын күнім,  
Мәңгі өлмес еңбегің халқың үшін,  
Артық емес өзіңдей ұрпақ туса,  
Сан сүрініп, сан тұрған қазақ үшін!

Тойлап жатыр түлеген туған дала,  
Тәубе, тәубе, бүгінгі туғандарға.  
Асқар таулар алыстан мұнартады,  
Халқың аман тұрғанда тұлғаң дара!

12.01.2012 ж.

## **БАРМАЙМЫН ЖАЛҒАНДЫҚҚА**

Тарлан жырым толғайды ой-сезіммен,  
Шарлаған ерік берем сөзіме мен.  
Көңілдің күзін, қысын қарсы аламын,  
Сенімнің гүлзар бағын кезіп жүрген.

Біреудің бақыт отын күндемедім,  
Алдамай, алдандырмай күн көремін,  
Бармаймын жалғандыққа, жаманатқа,  
Шындықтың бет пердесін бүркемедім.

Бұл күнде өкпе, міндет керегі не,  
«Мен,мен!»- деп өңмендемей әр нәрсеге.  
Тірлікте сыйласайық, бірге ағайын,  
Сөз есіп бостан-босқа көпіргенше.

Жақсылықты міндет ету - үлгі емес,  
(Кей пақыр тойға келіп гүл де бермес).  
Жалғанда жан тапсырған адам аз ба,  
Өлмейтін өсиеті іспен теңдес?!

## **ШЫНДЫҚТЫҢ НЕСІ ЖАЛҒАН**

Көтере алмай нар болып, нарық жүгін,  
Бір жақсылық халыққа қажет бүгін.  
Өлместің күні үрдіс болды ауылда,  
Алла басқа салмасын көрген күнін.

Киімін ақ кигенше ақыреттің,  
Тірлік деп алжасады ақыл-есін.

Дүние-мүлік жинап, кәсіп қылсаң,  
Ебін тауып, тартып алар үкіметің?!

Су мен газ, мұнай, жарық қымбаттады,  
Қара халық жан кешіп тырбаңдады.  
Май жалаған қолымен депутаттар,  
Не ойлайды, халқына не айтады?!

Айтылар кімге өкпе күн көрісте,  
Кім қарайды халқының келбетіне?  
Аш-жалаңаш, тонғаны кімге керек,  
Шибөрілер қаптаса ел ішінде...

Жанарымда уақыттың табы қалған,  
Шындықты айтсам оның несі жалған?  
Кандидаттың бәрі де айтқан жоқ па:  
«Жақсы тұрмыс болады – қабылдансам...»

Тірлікте көрмеген ел шектеу мүлдем,  
Сағым күнді аңсайды армандаумен?!  
Елді алдаған ақыретте жауап берер,  
Бүгінде есеп бермей кеткенімен...

## ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН

*Шығыста: «Ақылдан ақыл қуат алар» деген даналық сөз бар. Осы өлеңімді нағашым Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың аруағына арнаймын.*

**Автор.**

Заманы сұм, зауалды күні төнген,  
Тіршілікті кім сонша күрделі еткен?  
Бәрі кетіп көнекөз естілердің,  
Бұзылып та үлгерген келбеті елдің.

Бәрі кетіп, жөн-жосық білгендердің,  
Арандары ашылған бүгінгі «ердің»...  
Биігі еді білгенге Димаш аға,  
Кремльдің төрінде жүргендердің.

Жанның бәрін тең көріп ізіне ерген,  
Биіктігін сездірмей жүре білген.  
Мысы басып, ақыры біреулердің,  
Бұйрық келді Мәскеуден, Кремльден.

Жүректерді баураған биязы үні,  
Бұл қазақтың кетпеген күйіп кімі?!  
Кім ойлаған сор болып жабысар деп,  
Батыр баба рухының биіктігі.

Таба алмады сүйеніш іздесе де,  
Дала шарлап, жер шұқып күн кеше ме?!  
Қамқор болған халқына Димаш аға,  
Елге сенді қызметтен кеткенде де...

Дүлейіне шыдамай желдің талай,  
Сөнген жоқ па жарқ етіп көкте арай?  
Кешегі пана тұтқан пысықайлар,  
Ар-намысын жоғалтып алды қалай?

Азаматтың төнгенде бұлт басына,  
Жоламады неліктен жұрт қасына?  
Көсем деген «көкелер» алшақ қалды,  
Ру-рудың айналған «қыртпасына».

Инжу батып жоғалып тереңіне,  
Тереңдіктен асылды іздеді ме?  
Туған айды шалғаймен бүркесең де,  
Асылдарың жатпайды қын түбінде.

Алатауым батқандай жамбасына,  
(Бермесін мына күйді жан басына).  
Ала құйын жүргендей шартарапта,  
Қарай берді кең байтақ даласына...

Сайқал мінез уақыт құбылғанда,  
Кім ұшпаған биіктен, тұғырдан да.  
Табылмады ара түсер жанашыр да,  
Мақтау айтып жататын жиындарда,

«Жанын егер ұқпасаң асыл ердің,  
Қасиетін кім ұғар іргелі елдің», -  
Деп қолдаған жастарым өре тұрып,  
Кілең боздақ төсеген жүректерін.

Көсеміне сүйенген, текті еліне,  
Жастар неге қор болсын бөктерліге?

Жүректері сескеніп дір етпеді,  
«Қара құйын» әскердің өктеміне.

Қасқыр итке жабыла талатқанда,  
Тамтық қалмай бастан да, тамақтан да.  
Қарлы алаңда қансырап жатты жастар,  
Арын бермей сиынды Жаратқанға.

Жендеттердің қолына қару беріп,  
Қан қақсатты қазақты шабақ көріп.  
Намыс буған жастарды жер жастантып,  
«Бұзықтар» деп, «паш еткен» Колбин келіп.

Ауыздарды тас қылып тығындатқан,  
Қорқау қоғам ұлың мен қызыңды атқан.  
Қыздарды да жосадай ұрып - соғып,  
Кеудесінде бозторғай шырылдатқан.

Қарлы алаңда жатқанда тепкіленіп,  
Сүйек еті қыздардың кетті ме өліп?  
Тастай тиген сойылды елең қылмай,  
Қарсы атылды жанына екпін беріп.

Қасіреттің қайғысы елге ұласқан,  
Бас алаңның төрінен қан ағызған.  
Сүйреп соққан талай қыз тұлымсыз қап,  
Талай боздақ қорланды қасарысқан...

Әскерлері айналды жендеттерге,  
«Ұр!» - деп тұрса басшысы «тентектерге».  
Кімді аясын катыгез қара қоғам,  
Бар қадірі кеткенде жер-көктен де.

Шойын кеуде сұмдарың өрт тілеген,  
Алаңдағы жастарды тобыр көрген.  
«Бұдан былай ұрпағы өнбесін»,-деп,  
Күректеп, кіндіктен де тепкілеген.

Қазақ жасын алаңға қарға аунатып,  
Талатты ғой иттерге, қан қақсатып.  
Отырғызды қыздарды қара мұзға,  
«Ер туатын арулар сендер ме?», – деп.

Қыр көрсетіп қазаққа, іргелі елге,  
Кірсеңдер де мейлі деп бәрің көрге,  
Төкті апарып Ақсайдың жырасына,  
Сыймағанын Алматының түрмесіне.

Бұзды жастар Кеңестің тоңын қатқан,  
Үрлеп шоқты, намыстың отын жаққан.  
«Өз көсемім, өз елім!», – дегендердің,  
Қарлы алаңда үміті қан боп аққан.

Жастарды қорғап неге үн қатпады,  
Қазақтың қайда кетті «сұңқарлары»?  
Оларды бұдан кейін кім сыйласын,  
Өнердің жүр боп «жұлдыз саңлақтары».

Алаңға намыс қуып, қайнап шыққан,  
Жастарым әнін айтып айбат қылған.  
Шындықты шырылдатып айтқан кезде,  
Елім деген басшылар қайда қалған?!

Сатқындығы үшін де атақ бердік,  
Жастардың өр ерлігін шатақ көрдік.  
Жұрт бар ма жер бетінде біздей сорлы,  
Боздақтарын боздатып матап бердік...

«Суда жүзіп шоршыған шабағым - ай,  
Намыс үшін жан берген, қарағым – ай!» -  
Опат болған жастарымның ізін іздеп,  
Қан төгілген алаңға қарадым - ай...

Ар-намысын қорғаған қарағым - ай,  
Кейбіріннің есімің де қалмағаны - ай.  
Қайсыбір сатқындар болмаса егер,  
Ілінбес ең қорқаудың қармағына – ай...

Құлдық ұрып орыстай жақтасына,  
Таққұмарлар таласты-ау таққа, сірә?!  
Қонаевты сатқандар күні ертең,  
Кім кепіл елдігіңді сатпасына?!

...Қадау-қадау жайғасқан дала, белге,  
Айтарыңды өзің айт саналы елге.  
Жалғыз атын досына түсіп берген,  
Атам Қазак ұқсайды жаралы ерге...

Тәуелсізбіз, бүгінде, тәубе дейік,  
Көк туды биіктерге көтерейік.  
Бабалар сан ғасырлар армандаған,  
Еркіндікті ел болып мәпелейік!

## ЖЕЛТОҚСАН ЫЗҒАРЫ

*Жастығың жалын құндыздай,  
Ағып та өттің жұлдыздай.  
О, тағдыр, неткен қатал ең,  
Сұлухан қызың көз жұмды -ай!*

*Желтоқсан көтерілісінің ардагері  
Сұлухан Сейдахметқызы Назарованың  
аруағына арнаймын!*

### I

Сұлухан қыздың азасы -  
Желтоқсанның жарасы.  
Ақсұңқар құстай қырағы,  
Он жеті жас ед шамасы.  
Он тоғыз құрбы кеңесіп,  
Алаңды бетке алады.  
Абыздай ақыл санасы,  
Жүректе кекті жарасы.  
Ар - намысын ту еткен,  
Теңдік үшін күрескен,  
Жастарыма қарашы!  
«Атам қазақ, қолда!» деп,  
Жасаққа қарсы шығады.  
Жан дауысы шырылдап,  
Қарулы топқа шыдады.  
Намысын қолдан бермеген,  
Көрсен де азап биліктен.  
Құлдықтың шегі жетті деп,  
Қараған елім биіктен.  
Желтоқсанның ызғарын,

Елең етіп көрмеген.  
Еркіндік үшін жан берген,  
Ұл - қыздарым ерлеген!  
Жаным күйіп, қан ойнап,  
Мен де жүрдім солармен...

Қолдан бермей намысты,  
Қарлы алаңға барады.  
Кілең боздақ сап құрған,  
Теңдік бер деп сұрады.  
Кеудесі арлы арыстан,  
Бұрқанған жаны намыстан,  
Шепті құрған жастарды,  
Қарулы әскер қоршаған.  
Қасқыр итке талатқан,  
Тамтық қалмай тамақтан.  
Қарлы боран Желтоқсан,  
Селдей болып қан аққан.  
Жанарынан от шашқан,  
Қыздарын да сабаған.  
Қанға бояп күрекпен,  
Мұз үстінде сүйреткен.

Желтоқсанда ызғарлы,  
Ыза-кек бойда жатпады,  
Азаттық сезім атойлап,  
Намыстың отын жаққан-ды.  
Түнгі аязды ызғарда,  
Су шашып, мұз қатқаны.  
Атам қазақ жерінде,  
Жанымызға батқаны -

Елім деген жастардың,  
Еңіреп мұзда жатқаны...

Кетсе де кұқы талайға,  
Ту болды намыс бірақ та.  
Өлген қызын жоқтаған,  
Ана зары кұлақта.  
Сол ананың көз жасы,  
Қосыла ақты бұлаққа...

Қызыл қоғам заманда,  
Талайын көрдік азаптың,  
Мерт болған ұл-қыз қанымен,  
Таңына жеттік Азаттық.

Іргетасы елдіктің –  
Желтоқсан есте, ер ісі.  
Өткенге айтсақ салауат,  
Жүректе қалар белгісі!

## II

Сан ұлысты кұрайтын,  
Шаңырақ биік тұратын.  
Бұлт шалмасын аспанды,  
Тасыған суың тұнатын.  
Десе де, қазақ, абайла,  
Тобырын ертіп қасына,  
Жабыла кетсе бас ұра,  
Жөнелер желдей асыра...  
Батырған тізе талайға,  
Қыр көрсетіп ғаламға,

Ресей неге қадалды,  
Шөңгедей боп табанға?

Азамат ерлер қайда жүр,  
Қасиет таппай мияттан?  
Жерлеп ар мен намысын,  
Кетті безіп ұяттан.  
Құлдық сана тұмшалап,  
Ар-намысы ерте өлген.  
Сиықсыз мына қоғам да,  
Соғыссыз отқа өртенген.  
Жұртым, неге түңілдің,  
Оятшы ой мен сананы?!  
Кез келді тұрар ұйқыдан,  
Қаскүнем жаулар бар әлі.  
Ебін тауып емін тап,  
Қоғамың мынау жаралы..

Көкірегім шерге толғанда,  
Күйініп жалғыз қалғанда,  
Мәскеуге күнім түспесін,  
Нар халқым аман тұрғанда.  
Желтоқсан ызғар шашқанда,  
Мәскеуді кара басқан ба,  
Дос бол деп қайта айтасың,  
Басыңнан бақыт қашқан ба?

Ғұмыр бойы күресіп,  
Айналған оққа, отқа өзі.  
Қабырғалы қазақтың,  
«Жауы да өзі, дос та өзі» –  
Абайдың айттым, өз сөзі!

## БІРЛІКТІҢ БАҒАЛАП ҚУАТЫН

### I

Бірліктің бағалап қуатын,  
Тірліктің тереңін ұғатын,  
Алдағы ағалар, өздерін,  
Ойлайтын елдіктің мұратын.

Аптықты баса алмай кей күні,  
Алқынған сәттерім көп менің.  
Сабырға шақырып бір сәт те,  
Шындыққа бастайтын өздерің.

Үлгі алсын жас ұрпақ – ертеңім,  
Айталық бабалар ерлігін.  
Солардың арманы емес пе ед,  
Бүгінгі егемен елдігім!

Болсыншы береке, бейбіт күн,  
Тірлігін тілейік елдіктің.  
Қосыла жырлайық түбірін,  
Елдікке жетелер бірліктің.

### II

Керісіп, кей кезде келіспей,  
Қарсылық білдірсем беріспей.  
Сыр тұнған, жыр толған көңілді,  
Ұқса деп ойлаймын дос іштей.

Күйзелді, жүрегім ауырды,  
Өткізіп бастан да дауылды.

Көңілдің кірбіңін шаятын,  
Аңсадым ақ нөсер жауынды.

Жанымды кей досым ұқпады,  
Білсе де білмеуге ұқсады.  
Көңілім құлазып жүргенде,  
Кей досым қолдады, құптады.

Бірлікке арналар арнауым,  
Жүрсем де таппай бір қолдауын.  
Бір күні өртеніп кетем бе,  
Арқалап тірліктің бар дауын...

## **ӘЛІ ТАЛАЙ ӨТКЕЛДЕР БАР**

Жаңа заман жарқырап,  
Келді бүгін бағыма.  
Шабытымды шақырып,  
Талпынамын алдыға.  
Жігеріңмен жалында,  
Арында, қазақ, арында,

Күш - жігерді аяма,  
Елдік, бірлік жолында.  
Бізге бүгін бұйырды,  
Тәуелсіз ел - қолыңда!  
Көркейсін ел гүл жайнап,  
Желбіресін көк байрақ!

...Желтоқсанда үндескен,  
Ғажайып нұр бар мұнда.

Ата-баба аңсаған,  
Жеттік біздер арманға!  
Болар әлі сан талас,  
Сен, абайла, жас Алаш!

## ОЙЛАН, ҚАЗАҚ

Ойлан, қазақ, бар мұра таланбасын,  
Сақтайық бабалардың бай мұрасын.  
Билік пен бишікешке не айтасың,  
Бермеген Желтоқсанның шын бағасын?!

Көз құртына, кім білсін, айналды ма,  
Жазира ұлан-байтақ дала мына?!  
Келте күн қырық түрлі құбылғанда,  
Тоқтап өттім Желтоқсан алаңына...

Қыршын кеткен жастарды еске алсын,  
Сағымданбай санада шындық қалсын.  
Еркіндікті аңсаған бастау еді,  
Азаттықтың бастауы бағалансын!

Өн бойына ерлікті тұмар еткен,  
Жас ұрпағым «Дат!» деуге тұрар ертең.  
Шежірелі Желтоқсан қалмас үнсіз,  
Құйтұрқы саясаттың сырын бүккен.

Ойлан, қазақ, батыл бол, қайтпа серттен,  
Бодан болған күніңе келме ертең.  
Еркінсініп сәл кейде қате бассан,  
Мәңгілікке қаласың мәңгүрттікпен!

## ТЕНДІГІМ - ТІРЕГІМ

Арайлап атса көкжиек,  
Үмітім тұрар көк тіреп.  
Сабырды сақтап аспадым,  
Алдымда арман – керемет!

Талдырдық талай қанатты,  
Мұратқа жалғап мұратты.  
Ата - бабам аңсаған,  
Бостандық жетті тұрақты.

Тендігім – елдік тірегім,  
Мен де бір өскен өркенің.  
Жұртта қалған бабамның,  
Асылын іздеп теремін.

Сарқырап ақсын өзенім,  
Қуатты болсын әз елім.  
Жырлап бір өтсем деп едім,  
Өркенді елдің өзегін.

Жырымды ту ғып, ұран ғып,  
Жүрейін елді қуантып.  
Оқырман жұрттың алдында,  
Арқама ауыр жүк артып.

Арманым биік, жол алыс,  
Тәуекел еттім, қол алыс!  
Шабытым шалқып келгенде,  
Асу да қалар тым алыс.

Тәуелсіз елге нұр тарап,  
Өркендеп жатыр шартарап,  
Зер салам алыс-жақынға,  
Сезімтал ойда бар талап.

Сайтанға бейқам ілінген,  
Түзейін қайсын бүлінген.  
Тайсам да тайғақ жолдарда,  
Біргемін дәйім еліммен!

### **СҮМ ЗАМАН...**

Шаңырағым мықты еді айқаса өрілген,  
Түңлігін түрсең, Алланың нұры төгілген.  
Кең дүниедей керегем менің керілген,  
Бар дүние табылатын еді төрімнен.

Қазақтың елі ежелден байтақ жерімен,  
Қараушы еді сыртынан жау да күйінген.  
Ізет еткендей кеудесін кернеп қызғаныш,  
Батыс пен шығыс не ойлағанын кім білген?

Қаптады Қытай, басқа да алыс елдерден,  
Отбасы кұрды, қызымды алды гүл терген.  
Шаруасын кұрып, табыс та тапты біртіндеп,  
Қызғыштай қорғап бабамнан қалған жерімнен.

Аналарым менің әнімен тербеп бесігін,  
Ер жүрек ұлға тәрбие беріп есейткен.  
Жыр бесік бізден жоғалды екен, неліктен,  
Ару ана ақ жүрегін тербеп жыр еткен?!

Ғаламтор жәшік кеңінен тарап әлемде,  
Ызалы жастар өлтіріп өзін жер - жерде.  
Өсетін ұрпақ жағымсыз қылық үйренген,  
Арсыздық пенен жауыздық артты бүгінде.

Басында жүрмін қыран құстай жар, құздың,  
Ақынмын деймін, керексіз кейде пақырмын.  
Шетелдік тәлім өнеге болмас қоғамға,  
Сұм заман мені ойлантып қалам алдырдың?!

## ДУҒА

Көзімнен қуаныштан жас ыттырып,  
Кеудемді кең далама басып тұрып.  
Мен мәңгі ғұмырыма ант етемін,  
Теңдік күннің түңлігін ашып тұрып.

Ана тіл, Атамекен, қасиеттім,  
Сен үшін дем біткенше жанып өтем.  
Иә, Алла, Ел мен Тілді аман сақта,  
Ғаламды жаратушы сенсің Ием!

## МЕН ҚАЗАҚПЫН

Айға қарай талпынғандай,  
Айтарым бар тартынбай-ай.  
Егеменді ел де болдық,  
Әлем бізді танығандай!

Қара дауыл күндер өтті,  
Өлген, өшкен қайта жетті.

Ғасыр бойы армандаған,  
Еркіндікке қол да жетті.

Ата-бабам қанын төккен  
Кең далам бар сырын бүккен.  
Жырла досым, қуан бүгін,  
Келді теңдік аңсап жеткен.

Көк байрағым желбіреген,  
Елтаңбама – қуанам мен.  
Елім бүгін танылып тұр,  
Өр әуенді Әнұранмен!

Азаттықта қанат қаққан  
Алыстарға мұрат артқан.  
Әрі биік, әрі өршіл,  
Мен қазақпын алға тартқан.

Ел ырысын сақтайтұғын,  
Ер намысын ақтайтұғын  
Мен қазақпын ақ ниетпен,  
Бейбіт күнді жақтайтұғын!

## **ЗАМАНА ЗАРЫ**

Ала бұлттай боп шашылған заман,  
Араны байдың ашылған заман.  
Сатылған қызмет, жоғалған ізет,  
Байлығын малдап бас ұрған заман.

Арлыны арсыз қор еткен заман,  
Пасықтық, қулық үйреткен заман.

Үйсіз де күйсіз талай қазақтың,  
Шаңырақтарын күйреткен заман.

Кеселді куды өсірген заман,  
Қайырымсыз мырза бөсіген заман.  
Белшесінен қарызға батып,  
Кредит алып көсілген заман.

Үлкен мен кіші пара алған заман,  
Әдепсіз, арсыз мақтанған заман.  
Әділ билері ақшаға елтіп,  
Адам өлтіруші ақталған заман.

Арамза елде күштілер аман,  
Әділін айтсаң өзің бір жаман.  
Сенімді досың табылар ма екен,  
Адалдық, шындық жоғалған заман?!

Ақшаңа қарай бөліскен амал,  
Кім болса солар есірген заман.  
Шерім бір толқып шыққанда сөзім,  
Жүрекке иман толтыршы, Аллаһ!

### **АЛАҢ НЕГЕ ЖҮРЕГІМ**

Бұлқынады жүрек сыздап кеудеде,  
Шытырман ой әрнәрсені сезгенде.  
Келешекті оймен кезіп шарласам,  
Көп ойымнан шошынамын кей кезде.

Кен байлығы, қазынасы тоналған,  
Мұң еседі тоз-тоз болған даламнан.

Бабалардың аманаты – құндылық,  
Түгендеймін ессіздікпен таланған.

Байтақ жерді бабалардан аманат,  
Жатыр бүгін түк қалдырмай «тазалап».  
Бәтшағарлар, ойланыңдар, кеш емес,  
Болашаққа, ұрпақтарға не қалад?

Қасіретің кеуде басса жан неткен,  
Үрей алып кейбір істен құт кеткен?  
Жетімдері шетелдерге сатылып,  
Жұрт көңілі езіліп, тоз боп кеткен.

Емдеп жазбай, қан құйған нәрестеге,  
Ақ халатты абзалдар да есірді ме?  
Жұтындырмай сорлатсын ісіп көмей,  
Тартып жеген халықтың еншісінен.

Жемқорлығың жойылмай қасіретті,  
Жұмысы жоқ ер жігіт қаңғып кетті.  
Бүгінгідей қасірет жайлап па еді,  
Жемқорлықтың күшігі күшіктеді?...

Ақындарың шырылдап жырын жазса,  
Ел үйіріліп тындар ед құты қашса.  
О, замандас, бір сәтке сен де ойлан,  
Билікке бас шұлғымай жас балаша.

Елге жақын игі жақсы қайда екен,  
Жүрегімде алаңдау бар, жай ма екен?!

Болашаққа қарасам да үмітпен,  
Мазалайды ой бөтен.

Не айтасың, ұрпағыңа келесі,  
Өз жеріңе өзің емес иесі.  
Ақ бесіктің Анам мені тербеткен,  
Кейде қорқам ұра ма деп киесі?!

### **ТҮЗЕ КЕРУЕН-КӨШІНДІ**

Талай шошып оянған көрген түстен,  
Ел ішінде жандар бар өре көшкен.  
Не істейсің «у» жалап өтпегенде,  
Ауыл деген кешегі аты өшкен...

Қазынасын, байлығын ала қашып,  
Жан ұшырып барады шекара асып.  
Жарық күнде адасқан соқырдайын,  
Жұртым әлі ес жыймай жүр адасып.

Кеңістігің жоқ емес, көсіле бер,  
Артық кетсем, туған ел, кешіре көр.  
Болашаққа мен ертең жетем деме,  
Түзелмесе, керуенің - көшің егер!

### **ӘДІЛДІК БОЛСА**

Замананың жетімі,  
Іздегенін таппаған.  
Ал шындыққа сенгені,  
Табаны құрғап жатпаған.

Суық аяз сокқанда,  
Жанына жылу таппаған.  
Жалғызын жоқтап жатса да,  
Аллаға ғайбат айтпаған.  
Қайран ана – Алтынай,  
Ләззат қызын жоқтаған...  
Шындық түбі ашылар,  
Аңыз боп қалды Желтоқсан.  
Қуанар еді ел-жұрты,  
Ескерткіш қойса көк тастан...

### **ӨМІР ДЕГЕН ТАЙҒАНАҚ...**

Өмір дейтін тайғанақ көк мұзың ба,  
Шығамын мен бәрібір шың-құзыңа?!  
Қуаныштан мұң жақын тірі жанға,  
Өмірдің шайқалғанда толқынына.

Барды бөліп, жоққа сенбей бірге өстік,  
Бірде тасып, бірде жасып күн кештік.  
Желтоқсанның «дүлейі» сокқан кезде,  
Ар-намысты қорғай жүріп қан кештік.

Сұм ажалдың жеңе алмай күйын желін,  
Кімге керек күйзелген күйім менің.  
Түрмелерге кеткенін құтқара алмай,  
Зарын естіп «аһ» ұрып күйінгенім.

Қырық кұрақ қоғамға іштей күйіп,  
Алға жүзіп, кей кезде артқа кетіп.

Қайдан білсін шөлейітке айналарын,  
Тасыған өзендерден дауыл өтіп...

Жөнелем бе жебедей мен де асып,  
Сар даланың боздаған желі басып.  
Азамат ем ішімнен тынып кетпей,  
Азат күннің кетейін жырын жазып!

### **ӨЗ ОЙЫММЕН ЖАНТАЛАСЫП**

О, өмір, не деген терең еді,  
Не біледі, осы жұрт не көреді!?  
Тереңдігін сезбесе мына өмірдің,  
Ұрпағым ұран салып жүрер ме еді!

Бабамның өсиеті өріледі,  
Жан жүрек соны сезіп иіледі.  
Алпыстың асқарына шыққанымда,  
Адалдығым алдымнан төгіледі.

Бұл заман қалай-қалай түрленеді,  
Бірде шат, бірде мұңлы күйге енеді.  
Мен де әр күн өзіме сұрақ қоям:  
«Мына өмір не деген күрделі еді!?!»

Тау өзені сияқты асып-тасып,  
Ақ көбікті аспанға шашып-шашып.  
Түк көрмеген дүлейдей басылам да,  
Қаламын өз ойыммен жанталасып!

## **КӨҢІЛІМ ДҮЛЕЙ...**

Бүгін міне тамаша күнім қандай,  
Өтті күндер бірде олай, бірде былай?  
Шындық іздеп шырылдап жүргенімде,  
Өтті өмір зуылдап қарайламай.

Не дейін өткеніме кінә тағып,  
Жүрсең болды жанымды жадыратып.  
Саған деген көңілім алай-дүлей,  
Басылмады найзағай нөсер жауып...

## **МЕН ДЕ БІР ТҮЛҒА**

Бәрі бірдей дос емес-ау қасыңдағы,  
Жанға батар алдаумен басынғаны.  
Қай кезде де керек қой сыйласатын,  
Адал досты сыйлаймын, асылдарды.

Мен де бір жеке тұлға жер бетінде,  
Қызықпаймын мансап пен шекпеніңе.  
Өз нәсібім өзіме жетер, бәлкім,  
Өкінбеспін ешқашан өткеніме.

## **ТУРАСЫН АЙТАМ**

Өлеңнің шоғын үрлеумен,  
Қысқа жіпті күрмеумен,  
От беріп жүрер ақынмын,  
Сырға толы жыр кеудем.

Елдіктің қамын күнде ойлап,  
Өмірден түйдім жыр шумақ.  
Ойменен өрнек саламын,  
Таңға жақын тұрып ап.

Отқа да түстім, шокқа да,  
Жабылды талай жат-жала.  
Турасын айттым тік тұрып,  
Түссем де қулар торына.

Өмірдің талай толқыны,  
Маңдайға шашты бұрқакты.  
Көргенде жаның ашиды,  
Бейшара болған ұрпақты.

Өкпенді кімге айтарсың,  
Түсінер бірі түсінбес.  
Уақыт өтер тоқтарсың,  
Өткенің бірақ кешірімес.

Базарлы күннің таңы атты,  
Ертте, досым, торы атты.  
Аралап біздер қайтайық,  
Өзен бойлап, тау жақты...

04.06.2013 ж.

## ШЕРЛІ КӨҢІЛ СЫРҚАТЫ

Жоғалғандай тіршіліктен мәнділік,  
Қысқа ғұмыр, жалған дүние – әңгүдік.  
Қарашықты кара түнге матырдым,  
Жарқыраған жұлдыздарды ән қылып.

Жан жылатып, сөнбес күдік құрымай,  
Сансырап ой санамда жүр ұрыдай.  
Түн ортасы, жан қуыра ұйқысыз...  
Тереземнен сығалайды тұнық ай.

Ұйқы қашқан, қаным тасып қинайды,  
Таңға дейін талмауратып қоймайды.  
Кеуде қысып, демім жетпей отырам,  
Әз жанымды табалайды ой-қайғы.

Мұңайтады мезі қылған сырқат-ай,  
Қолда қалам, жазылмайды өлең жай.  
Жұлдыздары тұнық көктің тым алыс,  
Ал бірақ та күліп тұр ғой толған ай.

Толсын айым, жымыңдасын жұлдызым,  
Сан соқтырып, сағым қағып сан ұрдым.  
Жетім қозы - шер көңілге айналмай,  
Шаңырағыма шаттық сыйла, Тәңірім!

Мұңайғанда жүрекке мұз қатады,  
Неге, шіркін, қызарып күн батады?  
Сырқат жанға өшіккендей ыза-кек,  
Жүрегінді қайтадан сыздатады...

13.05.2013ж.

## ХАЛЫҚТЫҢ ҰҚСА ТІЛЕГІН

Жазған пенде жазмышынан озбаған,  
Ойды жалғап, өзімді - өзім қозғағам.  
Шыр - шыр етіп талып жатқан шындықты,  
Көрген кезде шымырлайды жон арқам.

Ақиқатты айту қандай қиын ед,  
Жүрегімнің қадалғандай төріне оқ.  
Кеудесі жоқ бастың соры түк емес,  
Ал, не етеміз кеуделер бар «басы» жоқ?

Күнім алаң, саналы ойда маза жоқ.  
Тағдырымды сан ақсатты, мұнша көп!  
«Азатпын!»-деп айқайлаймыз аттандап,  
«Аз-ақпыз!»-деп ойлануға мұрша жоқ.

Сезе білсең қара халық жүрегін,  
Айтар едің: «қалай өмір сүремін?».  
Құр уәдемен суғарма көп халқыңды,  
Уақыт жетті, елдің ұғар тілегін!

Арыстан да көп жатпайды апанда,  
Ашындырсаң атылады бір күні.  
Жемтігі боп жетілгеннің қолында,  
Кетпейікші жүлдесіндей сол күні!

Жүрек байғұс күмілжиді, тыңдайды,  
Зарлы күйдің әуені әрсіз сынайлы.  
Сазға қонған қоңыр қаздай мамырлап,  
Кеуде соғып: «Мен, мен!» деуін қоймайды.

Қалай бұл күн өзгереді сол қайғы,  
Соны ойлаумен көңіл шіркін ортайды.  
Аршып дәнді қауызынан алмасаң,  
Базданған соң бұзылады, болмайды....

## **ТІЛ КЕСПЕК ЖОҚ**

Өсек айтқан сыртымнан әлдекімнің,  
Тоса алмасын білемін сөз кезегін.  
«Бас кеспек болса-дағы тіл кеспек жоқ»,  
Сөзіне не дау айтам ез неменің.

Қысылсам да тағдырдың қыспағына,  
Шығара алман дұшпанды асқарыма.  
Түн ұйқымды төрт бөліп кезіп кетем,  
Алақұйын шайқаған шақтарымда.

## **ЖАС БУЫНҒА**

Ей, жас буын, Батысқа еліктеген,  
Қызығына арзанның ерік берген.  
Даналықты еліңнен үйренсеңші,  
Дәстүріне даналар көрік берген..

Шуын тындап, жұлқынған биін билеп,  
Жынданасың көз жұмып күйін күйлеп.  
Байқа, байқа, жаһандану - жойқын дауыл,  
Шайқалса бекер кетер есіл бейнет.

## СЕНІМІМ БАР

Өз-өзімнен именемін кейде мен,  
Өң бойымды бір енжарлық билеген.  
Тыныш заман, ашық аспан астында,  
Неге түстім, мұншалықты күйге мен?

Жетпесем де құлдық ұрып мұратқа,  
Айтарым бар, ей, уақыт, тұрақта.  
Бір басыма бар жамандық төнсе егер,  
Адалдығым – ақ жүрегім, құлатпа!

Уа, Жаратқан, жігерлендір, жасқама,  
Мақсатым көп, орта жолда тастама.  
Сенім де бар, сене жүріп берілдім,  
Жүрегім бар, қарсы тұрар қасқаға!

## УАҚЫТ ЕТЕР ТӨРЕЛІК

Жалғандықпен біреулерге алдандым  
Адалдықпен біреулерден алдамын.  
Ей, ағайын, айтқаныма құлақ сал,  
Өзіңе сен, орындалар арманың!

Үмітпенен жетелесін мұраттар,  
Түбі келіп бір шындыққа тұрақтар.  
Адамдықтың адал жолын аттасақ,  
Бізден иман жырақтар.

Не көрсек те бірге, ағайын, көрелік,  
Адамға дос – ақыл, ой мен өрелік.

Түсінбеген жанға керек кісілік,  
Уақыт әлі-ақ оған етер төрелік!

## **ӨТКЕНІМДЕ ІЗІМ БАР**

Жастықта үмітпенен арман құдым,  
Жетпек боп мақсаттарға белді будым.  
Тарам-тарам сан жолдар адастырды,  
Түстім мен тұзағына талай құдың.

Кездестім жақсымен де, жаманмен де,  
Тым баянсыз екен ғой жалған, пенде.  
Баланың қылығындай мазақ қылып,  
Жылаған өтірікші жанға сенбе!

Асқақ арман кешегі алыс маған,  
Кәрілікті білдіртпей жабыстырған.  
Кейбіреуге елеусіз көрінгенмен,  
Өткенімде өмірлік ізім қалған...

## **ШАТТЫҚ ЖЫРЫ**

Қуанам, егемен ел, жеңісіңе,  
Өлең жаздым жарар деп бір ісіңе.  
Азамат ақын болсақ арман бар ма,  
Ере алсақ шабысыңа, желісіңе?

Болған соң адал ниет ақ тілегім,  
Аянбай елім үшін төктім терім.  
Халқымның қолындағы бақыт құсы –  
Тәуелсіздік туы мәңгі желбіресін.

Дәуір бұл – дүние балқып, күй тыңдаған,  
Еркелеп, бұйра бұлақ жыр тыңдаған.  
Арылмай осы бақыт қуаныштан,  
Шаттықтың әуенінде мың ырғалам.

Жырға толы көңілім толқып, тасып,  
Қиялымды барады алып қашып.  
Өміріме қараймын отты көзбен,  
Терезесін жанымның айқара ашып.

Кеудеге толтырайық махаббатты,  
Ту етіп қасиетті ынтымақты.  
Дүниенің бесігінде тербетейік,  
Бүгінгі өскін балдырған жас ұрпақты!

## **БЕЙҚАМ БОЛМА**

Арқалаған жүгі ауыр,  
Ақындардың бірімін.  
Сәл отырсам жыр жазып,  
Ұсынам сөздің түйінін.

Жүзі алмас шындықтың,  
Жүзімен жыр жазамын.  
Әлегі мол тірліктің,  
Азайтам деп азабын.

Сұқтануы сұм көздің...  
Жәй бекерге карамас.  
Төркінін ұқ кей сөздің,  
Бейкам болу жарамас.

Көре алмаған кей дұшпан,  
Ашық майдан жасамас.  
Айтар сөзі былапыт,  
Аузы арамнан босамас.

Сабыр сақтап әр кезде,  
Токтау табам өлеңнен.  
Бойға тартып дауаны,  
Батамын оймен тереңге...

## **ҰЙҚЫСЫЗ ОЙ ТЕРДІМ**

Бәрі де бекер ме, жалған күн,  
Кешегі жалындап жанғаным?  
Жол тартқан жарыққа қарадым,  
Өлеңді серік қып таңдадым.

Өтірік жаны ашып жырғалды..  
Кей достан көңілде кір қалды.  
Сөзімді ұқпайтын жандар көп,  
Кімге айтам, кім қалды?

Ұқса деп ойымды көреген,  
Ұйқысыз ой тердім тереңнен,  
Жүректі жаралап өртеді,  
Арсыздар, өсекші көреген.

Көңілде қайғы көп үрейлі,  
Уақыт ұрлады күнімді.  
Айналып көкжалға өш алар,  
Тағдырым қанша рет сүрінді...

## БАСУ

Көкірекке сөз данасын сөзбен еккен,  
Жан едім әр күнімді сынап өткен.  
Бар еді өрге жүзген өжет көңіл,  
Көктегі Шолпандай боп жарық сепкен.

Тілек пен тіршілік деп еңбек еттім,  
Саны бар, аяғы жоқ ісі көптің.  
Бұлтты болма, ашық бол әрқашанда,  
Өткен күннің талдап жүр кем кетігін.

Әділетсіздің алды тар, арты сүргін,  
Әділетсіздік тап болса, төзе білгін,  
Жүргенде жер мен көктің арасында,  
Адамды иманыңмен қадірлегін.

Қабілетіңе баға бер, өзінде күш,  
Білімділер айтары - ізгілік іс.  
Арыңды биік ұста қиналсаң да,  
Алып шығар адал жол, тазалық іс!

### **ЖАРАТҚАН, САҒАН БАС ИЕМ!**

Шарасыз пенде арманға ғана сүйенген,  
Арамшөп аман, ал бірақ гүлдер жиі өлген.  
Жалған фәнидің әділетсіздігіне күйініп,  
Зарлы саз шығар күйімнен...

Анаған елтіп, мынаған сеніп, алданған,  
Өзімдей көріп, өзгеге сендім аздаған...

Сарыала таңды сарғайып күтіп жүргенде ,  
Өтіпті өмір алыс арманды аңсаған.

...Тұлғасы бөлек, тұрпаты кесек, тоң мойын  
Көрсен де көрмей, айтпайды саған оң ойын.  
Алдаумен алған, қойнына басқан байлығы,  
Қалады кімге, тарайды кімге – сол уайым?!

Көтерер көңіл, өзгеше өлке бар ма екен,  
Жалықтырды мынау тірлігі бітпес тар мекен?  
Жұлдызды жырлап, ай менен күнге сүйеніп,  
Жаныма сая табылса деймін, жаһан кең!

Алданыш іздеп біреуге, сірә, бас имен,  
Табылар деймін маңдайға жазған несібем.  
Артық та кетсем, пенделік жасап кей-кейде,  
Кеше гөр өзің, Жаратқан, саған бас ием!

## **БАБА МЕН ҰРПАҚ ЗАРЫ**

Ей, ұрпағым менің!  
Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмедім,  
Жауымды жеңіп ерледім.  
Ұрпаққа қалсын жер дедім,  
Намысты қолдан бермедім.  
Арыстандай айбаттандым,  
Жолбарыстай қайраттандым.  
Көкбөрідей жігерлендім,  
Таусылғанша түгел демім!

Ей, ұрпағым менің!  
Қазақтық қайсар қасиет қайда,  
Біздерден қалған өсиет қайда?  
Жерінді неге сатқызып алдың,  
Жауынды неге өткізіп алдың?  
Сезімді неге былғатып алдың,  
Төзімді неге ұрлатып алдың?  
Сенімді неге жоғалтып алдың,  
Сабырды неге сабатып алдың?  
Барынды неге талатып алдың,  
Арынды неге тонатып алдың?

Уа, бабам менің!  
Заман мұңына белшеден батып,  
Ашындық бүгін ащы дәм татып.  
Жаутаңдап жұртым, қалмады түгі,  
Тірлігі тоз-тоз, күн емес күні.  
Кеңестік кезеннің бұл да бір міні,  
Жатаған болғанбыз, жеңіл боп жүгі...  
Кеңестің кесірі тазармай ойдан,  
Құлдық қасірет кетпей жүр бойдан.  
Келімсектер жүр елімде қаптап,  
Өзіңнен қалған жерімді таптап.  
Ішкенім кермек, қылғаным ермек,  
Тағдырым бөлек, қоғамым жүрдек.  
Заманым зарлы сенделіп жүрмін,  
Тамырға шаншып емделіп жүрмін.  
Айбатты жан ек, қорқайын дедік,  
Барады байлық ортайып, кеміп...

## **ЖҮРЕК ТАЗАЛЫҒЫ**

Өткен күнге сарапшы,  
Өміріне мән берер.  
Екі заман да жарамды,  
Жарамсызын шегерер.

Ақиқат іште саналы,  
Атады таңың арайлап.  
Алламыз берсе сараны,  
Жүректе ұста абайлап.

Дінсіздік екен дүниеде,  
Жалған сүю өмірді.  
Исламның берік дініне,  
Аударған жөн көңілді.

Жүрегі таза болады,  
Исламды берік ұстаған.  
Өмірді көркем ететін,  
Алланың жолы нұсқаған!

## **ИМАН БЕРСІН**

Озбыр адам – құнсыз ғой,  
Тозақта өмір кешеді.  
Дінге кемел адамның,  
Жаны иманды деседі.

Өз парызын ұқпаған,  
Жаны азапқа түседі.

Аллам бізге екі орай,  
Енші кескен деседі.

Ең мәндісі пендеге,  
Иманды өлім деседі.  
Қорқып тозақ отынан,  
Еңбек ет елге еселі.

Ауруларға ем берсін,  
Алла бізді тең көрсін.  
Иман беріп баршаға,  
Жәннаттан орын кең берсін.

### **СЕН ТҮСІНГІН...**

Неге көңіл жабырқау, неге жарым,  
Жеңемін-ау дейсің бе соның бәрін?  
Көңілімді бір сәтке көктем етсең,  
Бір рақат күй кешер менің жаным.

Көңілі ақындардың бәрі жарым,  
Жаны ауырса лаулайды от пен жалын.  
Ұға алмаса топастар ұға алмайды,  
Бағасын асыл сөздің білер халқым.

Шөлдемеген білмейді судың дәмін,  
Тереңірек түсінгін сөздің мәнін.  
Бірде жырлап өмірде, бір де жылап,  
Өтіп жатыр өмірден небір ақын....

## ҚҰШТАР КӨҢІЛ

Шіркін, өмір, алтын күнім,  
Келеді ұзақ өмір сүргім.  
Әділдікке жөн сілтеген,  
Шындық туын төрге ілдім.

Оңашада ой теремін,  
Не үшін мен өмір сүрдім.  
Жақсыларға жаным жақын,  
Жамандардан аулақ жүрдім.

Ашық мінез, ақ көңілім,  
Адалдығым – арым менің.  
Ел-жерімді сүйем дедім.  
Атамекен – барым менің.

Сәл нәрсеге құштар кезім,  
Арман қуған сұңқар едім.  
Сұлулыққа сұқтанатын,  
Өтті уақыт, пәктік сезім.

Салт-дәстүрім – құндылығым,  
Балаларым – қарашығым.  
Абыройым – өз еңбегім,  
Өмірдегі шыққан шыңым!

## ӘР КҮНІНДІ БАҒАЛА

Сабырмен адам жүрген жөн,  
Жамандықтан тиылып.  
Еңбек еткен озады,  
Бір Аллаға сыйынып.

Біріңді артық санама,  
Біріңе-бірің егесіп.  
Жиған-терген қалады,  
Жатасың көрде теңесіп.

Әр күнінді бағала,  
Жүре берме бос күліп,  
Көкіректен шықпаса,  
Бояуы оңса – сол күдік.

Сең бұзатын күлкі бар,  
Орынсыз өрген ой болса.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Жөніменен сөз болса.

Адал еңбек бағасы –  
Өмірінді зор етер.  
Арамдықтың аяғы –  
Ашылып ертең қор етер.

## БІР КҮН

### *Элегия*

#### I

Тереңдеп қара бір күнге,  
Терезең бүтін кезінде.  
Аманатқа берілген,  
Осы бір күннің өзі де.

#### II

Сарқылмай санада,  
Жатады шындық та.  
Өмір бұл – көк теңіз,  
Толқыннан қорықпа,  
Жүзіп өт, тәуекел,  
Тайсалма, тартынба.  
Атты таң, алға тарт,  
Жақсы күн алдында!  
Тал түсің – орта жас,  
Дін аман саулықта.  
Өткенің – түсіңдей,  
Арында, шарықта.  
Уақыт зымырап,  
Кеш түссе тарықпа.  
Ойлама, кеш деме,  
Қанат қақ алысқа!

#### III

Бір күнмен өмір сүргенім,  
Бір күнді ойлап жүргенім.  
Бір күннің салған салмағын,  
Ғасырға тең деп білгенім.

Бір күннің арты жалғасып,  
Мың күндік тағдыр болғайсың.  
Мың күндік тағдыр жалғасып,  
Өшпестей мәңгі қалғайсың.

Арманға қиял ілесіп,  
Өзіңді өзің алдайсың.  
Артымда ұрпақ ілескен,  
Өмірді сендер жалғайсың.

Бір күнмен бәрі баянды,  
Бір күнге бәрі алаң-ды.  
Ғасырлық деген өмірім,  
Қас-қағым сәтте қалады...

Тереңнен тартқан ізгісің,  
Тереңін ұғып алғайсың.  
Қимасаң да өмірді,  
Жазғанға қарсы тұрмайсың.

\*\*\*

Тіршілік өмір құлпырған,  
Күні бітпей ешкім өлмейді.  
Жүрегім менің бұлқынған,  
Жыр етпей тыным көрмейді.

Жұртым-ау, менің панам-ау,  
Қиналды жүрек өртенді.  
Ақылым, миым шаршады-ау,  
Басып тұр қайғы еңсемді.

Дәрменсіз ақыл езгіде,  
Дертiме дауа жоқ мүлде.  
Үмiтiм өлмес, ой iзгi,  
Жеткiзбей кетсе ол бiзге.

Ғұмырды ұрлап тонаған,  
Уақыт кұрғыр озады.  
Замана тағдыр зарлаған,  
Озады уақыт... тозады.

## **СҮЙЕНIШ БОЛАР ДЕП ЕДIМ...**

(Толғау)

«Ақсақалдар алқасы,  
Құрмет тұтқан баршасы.  
Ынтымағы ауылдың,  
Ағалардың арқасы», –  
деп сөзiмдi бастап ем,  
Ақиқатты бетке ұстап,  
Бiр игi iстi қостап ем,  
Қысқа болды парасы.  
Бiлгендерiң сол болса,  
Иште қалар наласы.  
Жөн бiлетiн ағайын,  
Суала ақса сағасы.  
Әдiлдiк iздеп шарқ ұрдым,  
Тағдырдың жазған шарасы.  
Көк орай шалғын өседi,  
Суы мол, талдың арасы.

Көктен шалған іледі,  
Көреген болса данасы.  
Сүйеніш болар деп едім,  
Ұйыған елдің арасы.  
Жайқалып өскін өседі,  
Білімді болса ағасы!  
Бас болатын өздерің,  
Айтуға жоқтай шамасы.  
Түсінер деп айтым ем,  
Болар елдің баласы!

Қамшының қысқа сабындай,  
Өмірге кінәм жоқ менің.  
Бөсетін босқа, япыр-ай,  
Ағайын, досты көп көрдім.  
Тұрлаусыз мына өмірдің,  
Бағасын білген қадірлі.  
Уақытты босқа өткіздің,  
Бағасын білмес қай бірін.  
Айтып – айтпай не дейін,  
Уақыт – өзі төреші.  
Бармақ тістеп қайтейін,  
Жетсе соған өресі.

Іс айта қалсаң күншілдер,  
Өз сөзінен өзі үркектер.  
Бәйгіден талай озсам да,  
Өз жабысын «жүйрік» дер.  
Қайтейін, қайран құрбым-ай,  
Тұман да бір күн сейілер?!...

22.09.2012 ж.

## **КІМ БОЛАМ? (Мағжанша)**

Өмір, сен «сүй» дедің,  
Талайды сүйдім де.  
Шалқып жүріп кей-кейде  
Отқа түстім, күйдім де.

Өмір, сен «жыла» дедің,  
Талай жасты төктім де.  
Көл болса да көз жасым,  
Сәл құрғатшы дедім бе?

Тірі жүріп арланып,  
Тіршіліктен бездім бе?  
Құса болып зарланып,  
Пенделікті кештім бе?

Қайта келмес күндердің,  
Ыстығына көндім де.  
Барды қысып кеудеме,  
Өмір, сені сүйдім де!

Жоқты іздеп әуре боп,  
Мен табамын дедім бе?  
Барға қанағат, тәубе деп,  
Аллаға тоқтау еттім де.

...Жер шетіне бармадым,  
Өтірік айтсам арландым.

Бергенге Аллаһ рақым ет,  
Қанағат болды тапқаным.

Дәулетті қуып, аспадым,  
Жоқшылықтан қашпадым,  
Елмен бірге болам деп,  
Қолда барды шашқаным.

Дос-жаранды сағынып,  
Сұрамай есік ашқаным.  
Туған-туыс, ағайын –  
Байтерегім, аспаным.

Ай бол десең, ай болам,  
Күн бол десең, күн болам.  
Кең даламдай ақ көңіл,  
Ізтілеу ақын мен болам!

### **МЕН БАҚЫТТЫМЫН!**

Көктемде гүл өсіп,  
Мезгілсіз қуармаса,  
Атомдар жарылып,  
Ғаламды былғамаса,  
Мен бақыттымын!

Ызғарлы дауыл соғып,  
Бәйтерек құламаса,  
Айырылып жалғызынан,  
Аналар жыламаса,  
Мен бақыттымын!

Мазасыз тағдырынан,  
Шаңырақ шайқалмаса.  
Жас сәби жанарынан,  
Қорқыныш байқалмаса.  
Мен бақыттымын!

Жоғалтып бауырларын,  
Қабырға қайыспаса.  
Дағдарыс дабылынан,  
Халқымыз тарықпаса.  
Мен бақыттымын!

### **АДАММЫН ҒОЙ...**

Ұнатамын маңдай ашып жүргенді,  
Жарқын жүздің бетпердесін түргенді.  
Шаршатқанмен пайдасы жоқ еңбекті,  
Итке ұқсатам, селк еткізбес үргені.

Аулақ жүрсем алдау мен кесірден,  
Білместікті Аллаһ ғана кешірген.  
Адаммын ғой аялаған сәулесін,  
Мен де әке бақша-бауды өсірген...

### **ӨТКЕНДІ МАҚТАУ**

Өткенді мақтар кей адам,  
Білмеймін, өткен алтын ба?  
Болмаса мақтау өткенді,  
Адамзаттың салты ма?

Ақсақалдар отырып,  
Өткендерін мақтайды.  
Арғы жағын өзің ұқ,  
Өткен кімге жақпайды!?

## ОЙЛАН, БАЛАМ

### I

Алыста қалар аяулы күндер ақ маңдай,  
Мұңайта жүріп, қуанатын күн қандай?!  
Асыл ой ізгі сәулесін салар санаға,  
Тірліктің таңы тағатсыз күтіп тұрғандай.

Қараған кезде қыран көзбенен қиянға,  
Мені де біреу ұқсатар бәлкім қыранға.  
Баласы текті туылған мына шың-құзда,  
Самғаса биік жарасар әркез сұңқарға.

Түсінер кімдер тірлікті мына әрқалай,  
Тасыса көңіл жатады тойы тарқамай.  
Көңілге көркем көрінер бәрі өткеннің,  
Адасып қалма нәпсіні қуып, балам-ай!

Саралап сөйлеп, абайлап басар ойлы адам,  
Аңдысқан дұшпан қашанда қулық ойлаған.  
Сұмдығы басым, етпесін жазым зар заман...  
Залымның қашан қулығына құрық бойлаған?

### II

Қатыгез тағдырмен алысқан,  
Тақтайдай жол емес өмірің.

Ойлағын, жан балам, ертеңді,  
Әке де боларсың бір күні.

Ұрпақтар мәңгілік жалғассын,  
Жүрегім тек соны қалайды.  
Халқыңа бола біл қалаулы,  
Болсыншы ғұмырың арайлы.

Бұл өмір кезек қой ауысқан,  
Ары үшін сөйлеуді білмейді.  
Бағала өзінді, өзгені,  
Намысы өлгендер күлмейді.

\*\*\*

Балам-ай!  
Ұлағат ұлтанында ұғымдының,  
Жабыспа шылауына шығымдының.  
Айтқызбай аңғарымын өзін ұғын.  
Салмақта, самғады кім, сүрінді кім?

## НЕМЕРЕМЕН СЫРЛАСУ

### I

Бұлбұлым сайрар кеудемде,  
Көңілдің күйі келгенде.  
Ағыл да тегіл жыр болам,  
Құшып бір сені сүйгенде.

Өмірге құлаш кең аштым,  
Бәрін де көзбен өткердім.  
Сәби жүрек күлкің бар,  
Ұрпағысың текті елдің.

Күндей шалқып күлесін,  
Шаттығысың өмірдің.  
Сенің тәтті тіліңнен,  
Күйі естілер көңілдің.

Адал дүниеге мұрагер,  
Аманатынды арта бер.  
Жер жаһанда жоқ, жаным,  
Саған, сірә, тең келер.

Мен сүйемін өмірді,  
Құшақ жая өзінді.  
Сені алсам қолыма,  
Бола қалам көңілді.

Аңыз ғып айтар адамдар,  
Өмірден өткен бабаң бар.  
Сені әлпештер әкең бар,  
Ай нұрындай анаң бар.

Көңілдің оты маздасын,  
Сенімді сенген ақтарсың.  
Айтқан сөзін атаңның,  
Жүрегінде сақтарсың.

## II

Сескенсең сырың ашылар,  
Салмақпен кара, оң болар.  
Толқынды өмір тағы бар,  
Алдыңды орап сан соғар.

Ентелеп келіп қызықпа,  
Қасқырдай қамап алғанда.  
Қорықпай көкжал бола қал,  
Бағынды талап жатқанда.

Айбарлы долы бұлттарда,  
Жарып өт, сөзге тартынба.  
Гүрілдеп өзен тасыса,  
Өткелін тап, жасыма.

Қызығын өмір көр дейін.  
Қуана бер, күл дейін,  
Ағын судай бәрі өтер,  
Халқыңмен өмір сүр дейін.

Қиындау заман ағымы,  
Аяла, бапта, бағынды.  
Ғылым мен білім жолында,  
Сарқыла жұмса барыңды.

Айтыла бермес ақиқат,  
Кештетіп жетер ол рас!  
Күлсең де, кейде жыласаң,  
Бойдағы сезім болмас жат.

Құлқын үшін күндеспе,  
Даурығумен күн кешпе.  
Жалқаулықтан аулақ бол,  
Бас көтертпес төсекте.

Аяла, дос сенімін,  
Болар ертең серігің.  
Азаматы бол Отанның –  
Егеменді елімнің!

### **ҚОРҚАМЫН**

Мейірімсіз, жұтаң бір кезеңде,  
Жоқ болар дария-сезім де,  
Құм болар теперіш төзім де,  
Құлқынның құлы болдық па,  
Қорқамын содан мен өзім де?!

Жүректер тасқа айналып,  
Құлазып көңілдер байланып,  
Залымдық зарымен бой алып,  
Ағайын болар ма қарайлар,  
Қорқамын осыны ойға алып?!

### **БӘРІНЕН ЖАЛЫҚТЫМ**

Ақыны, жақыны болған соң халықтың,  
Елдіктен алыстап мен қайда барыппын?!  
Өксігін кеудемнің баса алмай келемін,  
Зар заман кейпінен жалықтым.

Пікірін айта алмай неге жүр үнсіз жұрт,  
Қақпайлап сөйлетпес көкезу өңкей қырт.  
Ащы мұң жұтамын көз жұма... айран деп,  
Шыдайын қашанғы бөрідей айға ұлып.

## ТЫҢДА, БАЛАМ!

### I

Толқын-толқын жалынына тұншығар,  
Бұл жалғанның екпініне кім шыдар?  
Еліме айтқан ұлағатты сөздерден,  
Тыңда, балам, алар сөзің бар шығар!

Шабыт ал туған жер мен қыр, даладан,  
Әлі алдыңда арман көп мұңдалаған.  
Сөз - жүрек пен қайраттың тамызығы,  
Сөз түлеткен ойыңды шыңда, балам!!!

Қор болады жөн сөзді тыңдамаған,  
Ұлағатпен өз жанын шындар адам.  
Жатта, балам, даналық, ұлы сөзді,  
Ата - бабаң нақылын бұлдамаған.

Асылымды берейін сен қаласаң,  
Ақылымды зер салып тыңда, балам.  
Қасиетін сөзімнің қадірлесен,  
Өсиетім жетті деп тұлғаланам.

Әуелде әке айтпаса ақыл, жарлық,  
Ағайын табыла ма ой саларлық?  
Өмірің, қайран дәурен - бос жаңғырық,  
Бір күні татарың бар, болып зарлық.

### II

Ұрпағымнан қуат алам, нұрланам,  
Келешектің мәні сенсің, жан балам.  
Топтан озсаң, табысыңа қуанам,  
Қателессен жөнге салып, сынға алам.

Тіршілікте қармап қал бір шыбықты,  
Сүйеніш қыл жалғыз ғана Тәңірді.  
Жалғыз қатең жетеді ғұмырыңа,  
Жалғыз сөзбен ашар адам өмірді.

Әйел затын жүргін дәйім бағалап,  
Әрбір әйел - қайталанбас ғаламат!  
Нәпсі кума, иманыңа берік бол,  
Жан сезімді бағалай біл, бағалат!

Таяқ бойы озық шықсаң есірме,  
Озбырлыққа толы мынау, беу дүние!  
Қолдан келсе адалдықпен өмір сүр,  
Түзу жүргін, тар жол тайғақ кешуде.

Тасалама, ақылыңмен қорғанғын,  
Жүрегінде болсын, ынсап, тоқтамың.  
Сәл босаңсу батпан қайғы тұрады,  
Ұмытпағын қорамсада оқ барын.

Дұшпандарың қорамсаға қол салса,  
Ақылмен шеш, ашуыңды жұмсама.  
Атылатын арғымақтың жалына,  
Жастығыңның қадірін біл, қорлама.

Көрдім ғажап мейірімді ауылдан,  
Осында аштым кең дүние есігін.  
Еске сақта, әкең өскен ауылды,  
Ол бір тарих: алтын ұям - бесігім.

Сан қырлы өмір жолдарымның өзегі,  
Сәби көңіл сан рет күйреп сарғайды.  
Арман түстер, албырт қиял көшкіні,  
Дара ошақ, дара бақыт, зар қайғы.

Сен де, мен де орнымызда қадірлі,  
Ешкімді-ешкім алмастыра алмайды.  
Аққұба таң парактаған күндерді,  
Уақыттар ғұмырыңды ұрлайды.

Кенесімді, әр сөзімді бағала,  
Не болса да таза сақта арыңды.  
Нәзік болма, үлбіреме, жасыма,  
Ұяң болсаң қарайтады қаныңды.

Жаның - жайсаң, ойың - терең, санаң - бай,  
Азамат бол, дарқандығың даламдай.  
Өмір - тәтті бүгін қолың жеткенде,  
«У»-дай ащы ертең тастап кеткенде-ай...

Ойшыл болғын, парасатты ғасырда,  
Жанарыңның жарқын нұрын жасырма.  
Сәл болса да кешігеді жақсы үміт,  
Оған, ұлым, ешуақытта жасыма!

Ойлан, балам!  
Өмір – күрес алаңы.  
Ойламаған қашанда,  
ойсыз болып қалады!

26.02.2014 ж.

## ШИПА ЖОҚ ...

(Толғау)

Әлсіреп қонған қырандай,  
Тұғырдан кеттім тұра алмай.  
Мен бұған қалай көндігем,  
Жерім түсті саудаға-ай,  
Қалжырап, қажып әлсіреп,  
Күтемін тосын жылуды.  
Тәңірім, саған сүйеніп,  
Төгейін бүгін жырымды.  
Болашағым бұлыңғыр,  
Тілім мен жағым буылды.  
Қарақытай қаптады,  
Жығардай бір күн туымды...

Тарығып, талған шағымда,  
Жүрекке берсін жылы ағын.  
Тіледім тілек, бір Алла,  
Сыйлашы өмір ғажабын!  
Кеудем де қатты қысылды,  
Жан шыға ма, білмедім?  
Ағысқа қарсы жүзем деп,  
Тұйыққа талай тірелдім,  
Алладан медет тіледім.  
Алқымнан алып деміктім,  
Қабырғаға да керілдім.  
«Әлсіз адам, кім?»-дедім,  
«Әлді адам, кім?»-дедім,  
Осыған жауап іздедім.  
Қоғам бөлек адамнан,  
Басын қоссам деп едім.

Арыңды сатсаң не дейін,  
Өзіңе бауыр – өзіңсің?!  
Заманға кінә жүктемей,  
Кінәнді өзің сезін шын!  
Өзіңді таны алдымен,  
Бағала қолда барыңды.  
Шындықтан қалма көз жазып.  
Таптатпа ұят-арыңды.  
Отан үшін отқа түс,  
Аяма шыбын жаныңды!

### **СЕНІМ ҚАЖЕТ...**

Сенім қажет қашанда арлы адамға,  
Терең ойлап, бағдарлап қарағанға.  
Бұла заман етегін түрген кезде,  
Елдігін биік сақтап қала ала ма?

Сеземін жүрекпенен көбін сырдың,  
Сергелденмен кей-кейде өмір сүрдім.  
Ондайда өзімді өзім қайрадым да,  
Төніп тұрған түнегін түрдім түннің...

### **АРТТА ҚАЛАР ЖЫРЛАР БАР**

Шын ақыннан жыр туады жүректен,  
Орда ақыны так, тәжіні жыр еткен.  
Күні үшін қара басын қор еткен,  
Аждаһадай асап жүріп күнелткен.

Қолдан өскен құс секілді күйленген,  
Әр дәуірде қылығымен түрленген.  
Уақыт өтіп, тақтан түсіп, бақ тайса,  
Заманымен заржақ болып бірге өлген!

Ақындар аз шындық жырын жазатын.  
Жырларына елдің зарын қосатын,  
Сын сағатта ел алдына шығатын,  
Жігерлене от кеудесін тосатын.

Көптен дара, қара үзген жел үні бар,  
Ел деп соққан жүрегі мен мұңы бар.  
Бәрі-бәрі ұмыт болған шақтарда,  
Артта қалар ол ақынның жыры бар.

### **СОЛ БІР АҚЫН...**

Жігерсізден шықпайды, рас, шын ақын,  
Тудыра алмас отты жырдың сарасын.  
Жасық жырды оқыған жан құлазып,  
Асқындырар тіліп алған жарасын.

Тұлпардайын ауыздығын шайнаған,  
Айбарлының айбынды ісі қайнаған.  
Жан күйігін жырлай білген шын ақын,  
Қалың жұртқа өз шындығын айта алған.

Қара бұлттай, нөсері мен жауыны,  
Соққан желі бұрқасын мен дауылы.  
Сол ақыннан ақын шығар түбінде,  
Құрмет тұтар ағайын, ел қауымы.

Сол ақынның күндесі көп досынан,  
Ту сыртынан оқ атады тосыннан.  
От жырымен алда жүрген ақынның,  
Ойлай білсең көкірегіне ніл тұнған.

Адамзаттың мұң-қайғысын кезінде,  
Ең алдымен ақын жаны сезінген.  
Көкіректе жалын жанып өртене,  
Өрімдей боп бала кезден езілгем...

### **КҮН ДЕ ТУАР АРАЙЛЫ...**

Сәуле құйған санаға,  
Ақын сөзі көпке үлгі.  
Айтарыңды аяма,  
Тұрса да тіреп көк сүңгі.

Өз басыңнан қашанда,  
Заман сөзін асырма.  
Қас-қағым сәт, япыр-ай,  
Татиды екен ғасырға.

Жұлдызы көкте жанса да,  
Арсыздарға бас ұрма!  
Қадіріңді білетін,  
Жұртың болсын қасында.

«Егемен...»,-деп езеуреп,  
Лақтырдық қалпақты.  
Асыл арман елес боп,  
Тістеп жүрміз бармақты.

Көкке атқан қалпаққа,  
Қолым жетпей жүр әлі.  
Бұлдырайды алыстан,  
Әлсіз үміт шырағы.

Қанат қағып ұшады,  
Келешектің кептері.  
Өмір дәйім күз болмас,  
Оралып соғар көктемі.

Ақ інгені боздаған,  
Шөлге шөккен ай жайлы.  
Қазанды сүгі суалған,  
Қызыл жалын жалайды.

Қомағай өңкей төбеттер,  
Бірін - бірі талайды...  
Заман әлі өзгеріп,  
Күн де туар арайлы.

Жұлмаға түскен лашынмын,  
Ашынып көкте қалқыған.  
Долы өртті шапшыған,  
Өшіруге талпынам...

## **ӨМІРГЕ КӨҢІЛ ТОЛМАЙДЫ**

Кейде мына өмірге көңіл неге толмайды,  
Қырандарын жамандап, мақтасады торғайды?  
Оңай олжа, қулық пен жамандыққа семіріп,  
Арсыздыққа бой ұрса - адам содан сорлайды.

Кейде көзің дүниеге неге, досым, тоймайды,  
Араны кең мешкейлер құныққанын қоймайды?!  
Кейбіреуге адал болып, адал кәсіп ет десең,  
Сан айтсаң да санасына қонбайды.

Бұл өмірде неге қуды қулар дәйім қолдайды,  
Шындық айтсаң, айтқызбайды - сол қайғы.  
Аласапыран қу тірлікте адалдықтың құны жоқ,  
Нағыз адам іштей күйіп зарлайды...

## **ТҮСІНЕ АЛМАҒАН БАҚЫТСЫЗ...**

Түсіне алмай басым менің айналды,  
Асырасың құбылып бар айлаңды.  
Неткен жансың жаратылған жалғанда,  
Кім туды екен, сендей жанды айлалы?!

Қатты айтып көңіліңді қалдырман,  
Түсінбедің, жүрек зарлы, ой тұман.  
Оралмастың отын жұтып өтермін,  
Өткен мезгіл - өкініш ғой алданған.

Болсақтағы бұл фәниге ғашық біз,  
Өмірдің көп кермек дәмін татыппыз.  
Өмір мәні – бірін-бірі түсіну,  
Ал түсіне алмаған жан бақытсыз!

### ҰЯЛМАДЫҚ...

Шындықтың шыңына бір шыға алмадық,  
Шыр айналдық, шындықтан нұр аңдадық.  
Кей-кейде сол шындықты айта алмадық,  
Шырылдадық жүректен жыр арнадық.

Алаңдадық, арманға жете алмадық,  
Өзімізді өзіміз жиі алдадық.  
Көкте қиял, сыр бағып кете бардық.  
Өзімізден-өзіміз ұялмадық.

\*\*\*

Қыраны ұшқан қияға,  
Даласы талай шыңдаған.  
Ұл-қыздары ұяда,  
Данышпанын тыңдаған.  
Сол қазағым өмірде,  
Не күйді бастан кешпеді.  
Кешегі Кеңес кезінде,  
Орыс та билеп-төстеді.  
Желтоқсанның өтінде,  
Жанын алып зарлатты.  
Орнатқан сол қоғамды,  
Талап жатыр жан-жақты.  
Кеудемде сызат қалғаны,

Желтоқсанның ызғары.  
Боздаған бота кешегі,  
Бағасын берер күн қалды.  
Дос тұтқанды қадірле,  
Адассаң ақыл береді.  
Тірліктің күші - бірлікте,  
Түбі шындық жеңеді.

## **АДАЛДЫҚ – АСЫЛ МҰРАТЫМ**

Жанымды менің аялап өскен ақ қайың,  
Жалғаншы өмір сырласып саған айтайын.  
Жанымды жанып, қалақтай қара тастарға,  
Мақтаса бек боп, арымды таза сақтайын.

Кетсе де кейде әділдік заңы алыстап,  
Шындыққа талай жүгінген бабам ар ұстап.  
Сан рет тұрдым, сабырлық сақтап тас түйін,  
Тұрса да ғайбат жанымды менің жаныштап.

Ойлану керек, шешерде адам тағдырын,  
Болмауы керек, пенделік деген тар ұғым.  
Сол кезде ғана әділдік туы желбірер,  
Алаулап атар армандаған таң нұрым.

Жауабын таппай қиналды жаным неше мұң,  
Заманның мынау түйінін түйткіл шешер кім?!  
Адалдық деген адамның асыл мұратын,  
Қорғайтындарды бас иіп тұрып кешірдім.

\*\*\*

Тәуелсіздіктің керімсал самалы есіп,  
Демократия дедік біз айтаққа еріп.  
Ақ көңілді, қонақжайлы қазағым - ай,  
Күнің неге шығады күлбеттеніп?

Егемендік алғанға жылдар өтіп,  
Халықтың сағы сынды, көңілі кетіп.  
Әлеуметтік деңгейі құлдилады,  
Себебін кім айтады, кеңес етіп?

Есепсіз ірілі - уақты реформалар,  
Жерді тілім, елімді ығыр қылар.  
Аяғына жеткізбей жемқорлықпен,  
Адасқан, алданған жұрт артқа қарар.

Тісін шұқып отырған ұйқылы-ояу,  
Басшылар не айтады, заман мынау?!  
Ел мен жердің ертеңін ойламаған,  
Тосырқай қарайды екен мүлгіп баяу...

Тайғақ-заман салдары билейді ме,  
Сарсаң ел болашаққа сенбейді ме?  
Замана зордікі боп бара жатыр,  
Соқыр билік бұл күйді көрмейді ме?

## ОЙ КЕШУ

Адамды заман билейді,  
Замана себеп іздейді.  
Ақын ғаріп сөзі өтпес,  
Қаскүнемдер күндейді.

Сығымдаған қайыңдай,  
Қыстың тағдыр бұл қалай?  
Жаным жаз емес пе еді,  
Жадыратшы көңілді-ай!

Жүрегімнің соққаны- ай,  
Санада тұр ой тұнбай.  
Менің жаным жаншылды,  
Диірмендегі бидайдай...

Адам азып, шаң борап,  
Тозығы далам жеткені-ай.  
Көргенсіздер көсіліп,  
Көсем болып кеткені-ай:-

Даналардың даралығын,  
Зерделікті байқатпай.  
Қоғам айна нұрынан,  
Сананы тұнықтатпай.

Құдірет күйін шертіп,  
Рахымды ұлықтатпай.  
Сақтана білсең ысырып,  
Таймасак тұрақтатпай.

...Қайнатып бойда қанымды,  
Ниетке сенім артады.  
Жасасаң амал жақсылық,  
Жібітер жүрек өз жанды.

Адамзат тұлға сан тұрғы,  
Әркімнің бөлек нәпсісі.  
Түршігіп рух шайқалды,  
Санадан қушы сайтанды.

Төгілгенде жырларым,  
Төңкеріле жырладым.  
Жүрегімді тербеген,  
Шырылдаған шын дарын.

Ағылады айтарым,  
Толғатқанда ой-таным.  
Қайран бұла жүректі,  
Ақиқат үшін қинадым.

\*\*\*

Жым - жырт түн, тыныштық,  
Мен де жым - жыртпын,  
Көңілім жабырқау, бұйықтым.  
Көңілді қозғашы, ой салшы,  
Қайдасың, келші сен, сүйіктім.

Сағыну, зарығу... сезіммен,  
Жансызбен сырластым,  
Ойыммен айқастым.

Соқшы сен, төкші жыр,  
Жым - жырт көңілім шайқалсын.

\*\*\*

Қанымда - қара жердің зілі бар,  
Нілімді - жалған дүние бөліп жүр.  
Тілімде - айта алмай жүрген сөзім бар,  
Қоғамым қасиетін кесіп жүр.

Жанымда - ақырет көші бар,  
Санамда - құл Мұхаммед ізі.  
Жырымда - халқымның зары бар,  
Бір күні ашылар көзі.

\*\*\*

Алланың нұры төгілсе деп сұрадым,  
Адамның ізгілік ниетін қаладым.  
Сәулесіз түнектегі тас санаға,  
Жүректен жиі жылы жыр жазамын.

Жаңа ғасыр салса дәуір таңбасын,  
Жас түлектер қанаттарың талмасын.  
Болашағым баянды боп осылай,  
Мәңгілік ел орнасын.

\*\*\*

Ұйқысыз түндерімді түрген,  
Мен де ой соңында жүрмін.

Айтар сөз құлаққа жетпей,  
Жүрегім үзілердей тұрмын!  
Елімдегі жүз түрлі ұлтымды,  
Елжірей сүйеге бармын.  
Баршаға ортақ жарық күнді,  
Шуағына шомылса халқым.

Арманым самғар қанатым,  
Толқынды уақыт тағатын.  
Жаңғыртып жырына қосар,  
Ұлыңмын тынбай ой қағатын.

## **КӨКПАР**

Көкбастауда, ат жарысы бәйгіде,  
Халық көптеп жиналыпты көруге.  
Аламанның айқай - шуы тынғанда,  
Біреу шықты «Көкпар, көкпар!» деді де.

Өне бойы көк ала ма, қара ма,  
Сұрқы кетіп таланған.  
Басы да жоқ, аяғы да кесілген,  
Бір серкені тастады әкеп алаңға.

Шабандоздар құныққандай олжаға,  
Екі топ боп шығып алды ортаға.  
Екі жақта екі бірдей қазандық,  
Алып қашар онды - солды додада.

Қолдан - қолға түскен серке додада,  
Бейшараның сау - тамтығы қала ма?

Қазандыққа жеткізуге асығып,  
Сүрінеді... құлап жатыр бала да.

Ұтыс үшін бірін - бірі таптайды,  
Біреуге сый, біреулерге бас қайғы...  
Бірі оңға, бірі солға тартқылап,  
Қарулысы қазандыққа тастайды...

Бірін - бірі жібермейді, тұсайды,  
Бірі қолдан, бірі бұттан ұстайды.  
Парша - парша болған серке тағдыры,  
Ақындардың тағдырына ұқсайды.

Дүрілдеткен той болары хақ әлі,  
Дәстіріміз-халқымыздың арайы.  
Тілегім сол - көкпар қылып тартпасын,  
Ақындардың там-тұм тағдыр-талайын.

\*\*\*

Не дейін, жан ауырса басып қайғы,  
Сөз бар да, әрекет жоқ ұлтым жайлы.  
Тыңдатар айтар сөзін қария қалмай,  
Тіл шіркін найза болып қадалмайды.

Ағайын бара жатыр жатқа айналып,  
Хал - жайын сұрамаймыз, жақ байланып.  
Жек көрген бірін - бірі атардай боп,  
Ағайын түсіне алмас, оттай қарып.

Сөзімнің дәмін ойлап тамсанамын,  
Тумай жүр көкіректен кәусәр әнім.  
Шындығын шаншып қадап айта алсам -  
Талайдың жүрегіне ой салғаным.

Азық іздеп рухынан ұмтылмайды,  
Жазғаның жаңалық боп оқылмайды.  
Өмір сүрер заман бұл мыстан ғана,  
Достың тілін кез болды, дос алмайды.

\*\*\*

Ғаламның уысында шыр айналдым,  
Кей-кейде шындықты да айта алмадым.  
Шығыс пенен батысқа мен сенбедім,  
Сырына үңілсеңші, қайран халқым.

Жайлаған айналаны бұл не сұмдық,  
Ағалар заман қайда іргесі құт?!  
Ойы өлген, теріс пікір, мазмұны қырт,  
Іші аяз Заң жасадың, сыртын жаз қып.

Жаныңды білмедім бе жанап тұрып,  
Меңіреу тұман бүркеді адастырып?!  
Келеді құлатқысы жұртын құздан,  
«Ағасы» азғындаған шатастырып...

## ҮРЕЙ

Бүгінде боп жүр көңіл де күпті,  
Санамыз қалды сансырап тіпті.  
Батамын күндей қансырап қызыл,  
Ақиқат сірә айтылмай кетті.

Түрлі діндер даламда қаптап,  
Әркім өзінің тәңірін мақтап.  
Мибатпақ болған, ми де бақ- бақ,  
Сенімсіз сәуле, санада самсап.

Болсыншы аман жұртым өкпелі,  
Кешіргін елім, кешірші мені.  
Бағым ба әлде сорым ба екен,  
Қосылмай жүрмін тобырға тегі?

Жүректе үрей, жеңе алмай жүрмін,  
Аяқтан шалды, не болар күнім?  
Ұрпағың, баба, жоқ болар ма екен,  
Қорқатын болдым өзімнен - өзім?!

## ҚАБЫЛ АЛСА...

Акындық дарынымды қуат тұттым,  
Демеймін акындықтан бірдеңе ұттым.  
Жылап келіп өмірге сәби болдым,  
Келмейді кетерімде жылап кеткім.

Үзілмесін өмірден менің таңым,  
Өтіпті өкінішпен нешеме ақын.  
Армансыз жер қойнында жатар едім,  
Жырымды қабыл алса мына халқым...





## II БӨЛІМ



# ЖАСТЫҚТЫҢ ЖАЙЛАУЫНДА

*Дүние-ай, арманым көп айта алмаған,  
Жалынын жас дәуреннің қайтар маған.  
Отыңды бер, алаңсыз жазар едім,  
Қазақтың қара өлеңін айтылмаған.*



## ЖАСТЫҚ

Жайлауы жас дәуреннің көрікті екен,  
Сан рет қиқуларға ерік бергем.  
Жастық шақ еске түссе ойға кетем,  
Шау тартып, шал боламыз дедік пе екен?

О, жастығым, жеткізбес асқар белім,  
Білмеген қадірінді қасқаң едім.  
Сол бір шақ қайта айналып келер болса,  
Баршасын басқашалау бастар едім.

Дүние-ай, арманым көп айта алмаған,  
Жалынын жас дәуреннің қайтар маған.  
Отынды бер, алаңсыз жазар едім  
Қазактың қара өлеңін айтылмаған.

Құлын күндер қайда екен, сайран салған,  
Сайран салған, қызды ауыл арбап алған?  
Қалармысың бізден де қайран күндер,  
Қанша өмір қалғанын білем қайдан?!

## ҚАЙТАЛАНБАС СОЛ БІР ЖАСТЫҚ

Тағдырымның жазғанына бағынам,  
Бақыттым, бақыттым барыма.  
Қайталанбас сол бір жастық сезімді,  
Айырбастап бермес едім «тағыңа».

Қайран жастық, есті тұман басқандай,  
Ессіз жүрек, тау өзені тасқандай.  
Еске түсіп сол бір тәтті дәуренім,  
Сағыныштан жанарымнан жас тамды-ай...

Дүбір толы сол бір күндер ақмандай,  
Қуат беріп, нұрын шашып жатқандай.  
Көңіл шалқып, жүрек тулап сағынар,  
Тасып толған, ғашық болған шақтарды-ай!

## ЖАСТЫҚ ӨТЕР...

Жүйрік тұлпар жастықтың басы - сайран,  
Жалғанның сәні - думан, соңы - ойран.  
Жас дәуреннің қадірін сезінерсің,  
Қайтқанда жүректен от, қуат бойдан.

Көзіңнің нұры кеміп, жақ суалар,  
Қара орман, қара мойыл шаш қуарар.  
Қысқа ғұмыр, өз күнді босқа өткізбей,  
Бағалаңдар уақытты, ей, адамдар!

## АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ

Бір үмітке бір үміт жалғасады,  
Сол үмітпен өмірің алға асады.  
Еске алғанда өзінді көңілдегі,  
Сағыныш пен өкініш арбасады.

Жастығымның шаттығын бірге көрген,  
Еркем едің еркелеп ерте келген,  
Іңкәр, адал махаббат аман болшы,  
Қадіріңді мен бейбақ кештеу білгем.

Ұғыспаған жылдарым озып бізді,  
Сағыныш боп мәңгілік үміт үзді.  
Көңілдегі сол бір кез толқулары,  
Басылмайды жауындай қоңыр күзгі.

Арман құсым, асылым, алыс кеттің,  
Тағдырыңды сен кімге табыс еттің?  
Көңілдегі мазасыз сан сұрақтың...  
Дауасы да өзің ең ғашық дерттің.

Ей, алғашқы махаббат, өлме мәңгі!  
Болар ма екен өмірдің сенсіз мәні.  
Саған, жаным, мәңгілік қарыздармын,  
Сені сүйген жүрекпен жүрмін әлі...

## ӨТКЕН КҮНДЕР – БІР ЕЛЕС

Ашық мінез, аңқылдаған көңілің,  
Арманына құштар етті өмірдің.  
Сый-құрметпен сыйласайық қашанда,  
Көп құрбыға ұқсамайтын көріктім.

Жанға дәру – жылы лебіз жақсы сөз,  
Сағыныштай еске түсер сол бір кез.  
Еркін ұшар, ерке қоңыр құсым боп,  
Аман болшы, мен тілекші – соны сез!

Сүп - сүйкімді қылығың бар, нұр-айым,  
Не десең де бәріне мен шыдайын.  
Тұңғиыққа тартатындай жанарың,  
Бір өзіңе ғашық болғам, шырайлым.

Сабыр, жаным, денең ыстық, көңіл шат,  
Ессіз сүйіп, жаным тапсын рақат.  
Өртенейік өліп - өшіп бір шокқа,  
Қайталанбас аңсап тапқан бұл ләззат.

Бар бақыттан бас айналсын, таңдарда,  
Мұны, сірә, аңсамаған жан бар ма?!  
Бірге ішкен «удың» тәтті боларын,  
Сезінерсің бойың балқып жатқанда...

Өткен күндер қайта оралмас бір елес,  
Сүйгенімді қайталадым бір емес.  
Білем жаным, бір сәттігін жалғанның,  
Өкінбеймін, өкінбеймін өзің кеш...

Қатал тағдыр айтқанына көндірер,  
Көктем келіп, жайма-шуақ күн жетер.  
Өзіңменен өткен менің күндерім,  
Еске түссе жүрек шіркін дір етер...

## **СЕН НЕГЕ ҚАРСЫ АЛМАЙСЫҢ**

Сыймай кетем кейде жер мен көкке,  
Жан-жағыма жауқазын гүл ексе де.  
Қуанбайсың, сен неге қарсы алмайсың,  
Алыстан аңсап іздеп келген кезде.

Тіршілікпен тіресіп жүргеніммен,  
Көншімейді көңілім бір көрмесем.  
Бар қызығым өмірде босқа өткендей,  
Анда - санда сағынам кездеспесем.

Өткен күнді көзіңнен іздегенде,  
Сағыныш жетелейді бір көруге.  
Өзіңмен қауышуға ынтызармын,  
Жақұтыңды қалдырған сонау белде.

Қимас күндер жадымда сақталады,  
Ғашық болу – жастықтың бақ-талабы.  
Еркелігің есіме түскен кезде,  
Сағыныштан жүрек жыр ақтарады...

## КӨҢІЛІМ БАЯҒЫДАЙ...

О, Жаратқан, тамаша күнім қандай,  
Өтті уақыт бірде олай, бірде бұлай.  
Пенделікпен алысып жүргенімде,  
Өтті өмір, қоңыр күздей қарайламай.

Қайтейін өткен күнге кінә тағып,  
Жүрсен болды жанымды жадыратып.  
Саған деген көңілім баяғыдай,  
Қолыңды бер, билейін жақын барып...

## СЕН...

*Галинаға*

Бүгін аңсап, сәлем берем өткенге,  
Ақ қайыңға асығамын көктемде.  
Дүниеде сенен асқан адам жоқ,  
Ықыласым өзіңе ауып кеткенде.

Сәулем сенің көзіндегі нұр қандай,  
От жалының мені шарпып қалғандай.  
Әр күн сайын емірене құш, жаным,  
Ақырғы рет көріп сүйіп тұрғандай.

Төбемізде нұрын шашып ай тұрды  
Кештік бірге талай-талай тас-суды.  
Көлім тұнық, үнсіз жатты айдыны,  
Көңіл-құстың шулағаны басылды.

Мен болмасам қайтер едің жаныңда,  
Сен болмасаң қайтер едім қасымда.  
Тағдырыма қайта-қайта тәубе етем,  
Кездестірген өзіндей бір асылға.

Қайтер едік өткен күнге жармаса,  
Ажар толы әжімге ақыл жалғаса?  
Кемпір болсаң, шал боламын қасыңда,  
Сенсіз өмір далбаса!

### **БҰЛДАНБА, ЖҮРЕК**

Бұлданба, жүрек, бұлданба,  
Дұшпаның аңдып жүр манда.  
Жамандық жасар надандар,  
Жымысқы, зәлім заманда.

Кектенбе, жүрек, кектенбе,  
Қайрылмай бақыт кеткенде.  
Адамдар, сірә, мақсатқа,  
Сүрінбей аман жеткен бе?

Бүлінбе, жүрек, бүлінбе,  
Өсекке, сөзге ілінбе.  
Адал болсаң жетерсің,  
Арманға биік түбінде.

## ЖҮРЕГІМ, САҒАН АЙТАМ

Тыншисың ба, бір күні қайран жүрек,  
Жүрсің сен бұл жалғанда нені іздеп?!  
Іштен тынбай барыңды ақтармасаң,  
Хал - жайыңды өзге жұрт қайдан білмек?

Өсектеп, дерттің бірі жатыр тынбай,  
Отырмын жаныма мен ем таба алмай.  
Дос дегенім, кешегі қас боп шығып,  
Жүрмін жүдеп, жадырап қуана алмай.

Ойың сарсаң, көңілің қырық құрау,  
Түсіне алмай қапыда жаным жүр-ау.  
Бақ орнына қайтерсің сор келгенде,  
Сен жалынып Тәңірден сұрадың ба-ау?

Аядым, қиналамын, қайран жүрек,  
Адаммын ғой, адамша өмір сүрмек.  
Бұл күнде ақылшы көп, қамқоры жоқ,  
Жан азабын түсінер адам керек?!

Айтшы, жүрек, енді қалай өмір сүрем,  
Ойымды несіне айтып білгішсінем?!  
Сен серпілтіп жанымды жанымасаң,  
Қайран жүрек, өзіңмен бірге сөнем...

## ЖАНЫМДЫ ҰҚСА...

Алаула, жаным, алаула,  
Армансыз адам бола ма?  
Дер кезінде қол созсаң,  
Жетерсің тез де арманға.

Жарқын күнім нұр таңда,  
Жайсаң жаным алаула,  
Ширатылсын жыр жолым,  
Шабытымды жалғауға.

Дүбірге толы өмірде,  
Жүрек жарған жыр қандай?!  
Соқса дауыл өрінде,  
Жар құлайды жылғадай.

Алатаудан шым - шымдап,  
Мәңгі ақсын жыр бұлақ.  
Алыс кеткен армандар,  
Қол бұлғайды мұндалап.

Дабылы көп әуендер,  
Мазалап бір әурелер.  
Қусаң дағы жеткізбес,  
Жарқылы сағым сәулелер

Жанымды ұқса бір адам,  
Көңілім шалқып қыр асам.  
Сиқыр сезім, терең ой,  
Жалғасын табар жырласаң...

## МЕН ӘЛІ ҒАШЫҚПЫН

Қатар өстік, құрбым-ау, есінде ме,  
Бірге жүрдік заманның көшінде де,  
Ойын қудық Аккөлдің төсінде де,  
Сезім кетті тереңдеп?!  
Бірге оқыдық...  
Сен алдыңғы партадасың,  
Мен артыңда  
Отырушы ем елеңдеп.

Ескі интернат үйі мен ескі мектеп...  
Дәл осында есейдік өңшең тентек.  
Сонда оянған бұл сезім қалай өшпек,  
Мен әлі ғашықпын!  
Ұмытпаймын  
Ақша беттен өпкен кезді..  
Сонда сезгем  
Не екенін бақыттың!

Содан бері қанша ағын аққан-ды,  
Содан бері қанша арай атқан-ды,  
Қанша толқын жағаға ұрып жатқан-ды,  
Мен есептеп жатпадым?!  
Бірақ, бірақ...  
Жүрмін әлі сағынып,  
Алғаш рет  
Ғашық еткен аппағым!

## ЕЛІГІМ

Алғашында аймаладың,  
Шаттық сыйлап, көріктім.  
Қанбай тұрып ләзатыңа,  
Қайғы отына жолықтым.

Содан саған «тұтқын» болдым,  
Жүрегіме толап нұр.  
Бірге біздер бола алмасақ,  
Неге маған жолықтың?

Несіне мен жалынамын,  
Тыңдамасаң тілекті.  
Қуанбасаң шын көңілмен,  
Баурамасаң жүректі.

Ұмытпаспын сені мүлдем,  
Отыра алман сағынбай,  
Еркелетер елігім ең,  
От жанарың лағылдай...

\*\*\*

Саған ол әсер етті ме,  
Білмеймін, етпеді ме?  
Кей түні кірпік ілмедім,  
Жолықпай кеткеніңде.

Келер деп күтіп жүрмін,  
Жарысып атқан таң сайын.

Еске алып сәттерді кей,  
Сағынып сені аңсаймын.

Сағынған күндер тәтті ғой,  
Қиял боп қанат талдырған.  
Жүрегім жылап жатты ғой.  
Түндерде сені сағынған...

Бойына жарасып тұр,  
Гүлге біткен нәзіктік.  
Өзіліңді, әр сөзіңді,  
Жүрмін бойға азық қып...

\*\*\*

Еркелейін деп келіп ем,  
Туған ауыл мекенім.  
Сыныптас достар көбі жоқ,  
Барына тәубе етемін.

Жоқтауын айтып қайтемін,  
Жанымда жылу көктемім.  
Бақытын іздеп кетті де,  
Оларға ақ жол тіледім.

Жалаң аяқ саз кешкен,  
Жаға тал мынау көгалым.  
Нәр алған сенен тамырым,  
Сағынып кеттім, бауырым...

## СҮЙГЕН ЖҮРЕК

Қызу жастық нәр алған,  
Таң нұрынан жаралған.  
Ойланар бүгін жастамын,  
Алшыстың атты таңы алдан.

Жүректің сыры ашылған,  
Ойдың да құтын қашырған.  
Желігі өшіп жастықтың,  
Жалынды жүрек басылған.

Тоймаушы ем қарап көркіне,  
Жүрегім жанып өртіңе.  
Өзіңе деген сезімім,  
Жібермеуші еді еркіме.

Ғашықтық сырын аша алмай,  
Әдептен биік аса алмай,  
Сені сүйген жүректің,  
Қызуын келем баса алмай!

## АЛДАМШЫ ҮМІТ

Өтті күндер, сені сүйдім, уландым,  
Жақын тарттың, неге мені қумадың?  
Қоштасуды сәл ертерек ойламай,  
Есте бәрі делсал болып тұрғаным.

«Сүйем» дедің, басқа жанды көрмедің,  
Жасың төгіп: «қадірімді біл», - дедің.  
«Мөлдіреген таң шығындай жасыңнан,  
Садаға боп кетейінші мен!» - дедім.

Ессіз едім, қоштасуды сезбедім,  
Алдансам да, жай айтылған сөз дедім.  
Жанарда жас, құшағымда сол шақта,  
Жоқ еді сенен басқа өзге мұң.

Алдамшы үміт тап осылай шөгеді,  
Өмір шіркін, шегі жетіп сөнеді.  
Кешегі күн су перісі секілді,  
Қол бұлғайды, сылқ - сылқ етіп күледі...

## АМАН БОЛШЫ...

Ай, жұлдыздар, самаладай жібек жел,  
Сыбырласқан жас қайындар бұраң бел.  
Кездестірді Ақсудың жағасында,  
О, жарқыным, жақында, жаныма кел.

Сен түсінсең, мен күйермін, жанармын,  
Құшак жайсаң мен есімнен танармын.  
Қимай, қинай кетсең-дағы алысқа,  
Жүректе от, қол созумен қалармын.

Өтті күндер, жылдар ашты аранын,  
Сағынумен мен жолыңа қарадым.  
Қарау қиын қайтқан құстың жолына,  
Мен ғашықпын, аман болшы, карағым...





### III БӨЛІМ



# ТУҒАН ЖЕР – ТУҒЫРЫМ

*Бар дүниені, бар азапты көтерген,  
Бар тіршілік басталады бір сенен.  
Қашанда мен Жаратқанға бас ием,  
Сенен қымбат, сенен артық жоқ мекен.*



## АНА – ЖЕР-АНА

Біздің бәріміз табиғат атты Ананың презентіміз. Адам өз анасын қалай ардақтаса, табиғат - Ананы да солай аялауы керек. Өкінішке орай, экология экономиканың ғана емес, білімсіздік пен тағылықтың құрбаны болып келе жатқалы қашан. Табиғат мәселесі бір қайғы болса, адам жанының рухани экологиясы одан да үлкен қайғыға айналып барады. Адамның жан-дүние әлемі жұтаң тартты.

Бүгінгі қоғам Жер-Анамыздың қадір қасиетін қашырып жатқандай көрінеді маған. Әлемді дүр сілкіндірген Ақсақ Темірдің алдына келген ана тайсалмастан бетіне тесіле қарап тұрып былай деген екен: «Сен талай істі істесең де құр адамсын. Ал мен анамын! Сен өлімге қызмет қылғансың, мен өмірге қызмет қыламын. Сен менің алдымда жазалысың. Міне, мен саған сол жазанды жу деп келіп отырмын. Маған жұрт сенің ұраның «Күш – әділдікте!» деген деп айтты. Мен бұған нанбаймын. Бірақ сен маған әділ болуға міндеттісің. Неге десең, мен анамын!»

Егерде Жер-Анаға тіл бітсе, осы сөзді сан рет қайталап айтар еді деп ойлай берем. Неге менің жүрегім езіліп тұрады, білмеймін? Осылардың барлығы біздің табиғи тепе-теңдікті сақтай алмауымыздан, яғни табиғат - Ананы аялай білмеуімізден туып жатқан қасірет емес пе? Бұл өмірде ештеңе ізсіз кетпейді. Жақсылық та, жамандық та ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір кез алдан шығады. Өмірде мәңгілік ештеңе жоқ.

Ең қиыны - табиғат пен адам жан дүниесіндегі дағдарысты, құлдырауды жеңу. Ұлт болып ұйып,

ұлттық рухымызды биіктетсек, Алла да бізге жар болар еді. Кейбір замандастарым мені «зарлап жазатын ақын» дейді. Жүректен тулап шыққан сезім толқынын қалай жасыра алам? Бүгінгі қуаныштан ертеңгі қайғым басым боп тұрса, зарламай қайтем?!

Сайын далам аймағына нұр тұнған,  
Жер бетінде тіршілік бар ұмтылған.  
Сен адаммен көріктісің мәңгілік,  
Бірақ, әттең, адам бар ма сені ұққан?!

Дөңбекшумен атырамын ақ таңды,  
Асқақ арман, асыл мұрат - ел қамы.  
Ата - бабам найза ұшымен қорғаған,  
О, туған жер, барың сенің тоналды...

Бұл адамдар не ойлайды, халқым-ай,  
Не болар деп ойланбайды артын-ай.  
Сүліктей боп сора бердік ойланбай!  
Зұлымдықтан, жамандықтан тартынбай,

Өкінішім өртеніп тұр өзекте,  
Мәз болмайық жалған ақпар, есепке.  
Байқоңырдан ұшып жатқан зымыранға,  
Тоқтау болмас қанша айттық десек те.

Не бір көсем, не бір асыл кемеңгер,  
Тілгілеумен пайда тапты сенен, Жер.  
Өзі жансыз, өзі мылқау дей ме екен,  
Сені ұқпай, сені жалғыз дегендер.

Өзің едің еркін ашар есігім,  
Жерұйықпен бірге ед менің көшуім.  
Табалдырығын басқызбайтын дұшпанға,  
Ана-Жер-Ана қайда қалды бесігің?

О, туған жер, ыстық маған әр тасың,  
Ауыр азап көтеріп тұр бір басың.  
Қалай жүрем кең төсінде нық басып,  
Бұл сауалға жауап таппай тынбаспын.

Бар дүниені, бар азапты көтерген,  
Бар тіршілік басталады бір сенен.  
Қашанда мен Жаратқанға бас ием,  
Сенен қымбат, сенен артық жоқ мекен!

## МӘҢГІЛІК ЕЛ

Азаттық аңсап шөлдеген,  
Қуандық бірге елменен:  
«Бақытқа бастар, биікке,  
Мәңгілік елім өрлеген!».

Өзгеге күнің түспесін,  
Жалтақ ой, жалаң күнменен.  
Жаныңды сұрар кешуге,  
Дұшпаның алда көрмеген.

Алданып арсыз пайдаға,  
Басыңды бәске байлама.  
Еліңді жауға алдырма,  
Наданнан басшы сайлама...

Жамандық құрғыр келмесін,  
Елім тек алға беттесін.  
Халқымның игі тілегі:  
Игілік, бірлік кетпесін!

## **САҒЫНАМЫН**

Бойымда қасиет бар туа біткен,  
Туған ел - алтын мекен тұрақ еткен.  
Өткізген балалықтың бал дәуренін,  
Шақырады туған жер сағынышпен.

Көз ілмеген шақтарда сағыныштан,  
О, туған жер, өзіңе алып ұшам.  
Кеудемде сағынатын жүрек барда,  
Жер ұйығым, мекенім, сені құшам.

## **МЕНИҢ ДЕ АЙТАРЫМ БАР**

(Толғау)

### **I**

Әттең, бүгін айта алам ба мұң-жайды.  
Ойым терең, тілім жетпес - сол қайғы,  
Ауызды ашсам ащы шындық ашылар,  
Басқа қалай баяндайын мән-жайды.

Сырымды айтам кейбір кезде шыдамай,  
Бұл жүрек неге ауырмас қан жыламай.  
Өтпелі өзен суынан кешіп өтпей,  
Бақ ашылмас тұғырды түзеп алмай.

Өткенімнің көз салсам өрнегіне,  
Ұлылықтың, япыр-ай, өлгені ме?!  
Арманына арайлы таңы ұласпай,  
Қанша азамат сорлаған өз елінде.

Жұмыр басы пенденің дөңгелене,  
Құзырлыға сатылып кетеді ме?  
Абыройы қыздардың төгілді әні,  
Жаттың қолы жармасқан етегіне...

Көрді көзім кінәсізді жапқанды,  
Ал қылмыскер сот залында ақталды...  
Қанша ана күн көре алмай тірлікте,  
Жас сәбиін жөргегінде сатқан-ды...

Ем таба алмай өз дертіме ертеден,  
Сол бір қайғы өзегімді өртеген.  
Еңсең түсті неге мұнша, елім-ай,  
Жалтақ-жалтақ сығалайсың іргеден.

Қайран елім, алдың ылғи бір мұнар,  
Басымырақ аңқаулығың тағы бар.  
Сұм заманға қарсы тұрар мінез бер,  
«Сақтан» деген сөзді жан жоқ бір ұғар.

Пұлы болса ұмытады құдайын.  
Тазалайды табиғаттың қойнауын.  
Қояр емес құлқыны кең құзғындар,  
Шығарардай құндылықтың ойранын.

Жүргендер бар құлақ түріп топтанып,  
Айта-айта қалды мына жақ талып.

Көк теңізден мұнай алып қоймады,  
Қашпағанды он жыл қомдап, ақтарып.

Газ бен мұнай суға ақты көз көрді,  
Кешегі дос бүгін қалай өзгерді?  
Жат өсірген ағаш жеміс бермейді,  
Жат жаулады күрең қырды, боз белді.

Қара алтын қолды болды, тоналды,  
Тірі дүние, жәндік біткен жоғалды.  
Шалқар теңіз сары суға айналды,  
Жаным менің жараланды, қорланды.

Жері тозса, елінің де тозғаны,  
Қалайша енді орындалмақ арманы.  
Айтшы досым, біз жүрміз қай қоғамда,  
Жетпей ме екен жерді тонап, алғаны?

...Бәрін ойлап ойға терең батасың,  
Жұртпыз ба біз танымайтын атасын?  
Өзімізде өндіріс жоқ, өнім жоқ,  
Киімін киіп, ішіп жүрміз жат асын.

Сезе ме екен бір зауалдың төнгенін,  
«Жақсы,-дей ме,-бұдан артық өлгенім?»  
Өз-өзіне қол жұмсаған жастарды,  
Шыққыр көзім көрді арулап көмгенін.

Ашық-шашық шекарасы, қорғаны -  
Қала, дала бәрі де жатқа толғаны.  
Халқымыздың берік болмай иманы,  
Орындалмас бабалардың арманы!

## II

Нұрлы өңірдің айналған көктемінде,  
Алатаудың жайқалған бөктерінде,  
Табиғаттың киелі бір пұшпағы -  
Көкжайлаудың қол салды көктеуіне.

Көре тұра, білмеймін кім шыдарын,  
Туған жердің сындырса бір шынарын?  
Сөзден қалқан құрамын оқ өтпестей,  
Көкірегінде көз болса кім шыдасын!

Көңіліме бұл күнде қайғы алғаным -  
Ар-намысты қайтадан қайрағаным.  
Күн сәулесі асылса Алатауға,  
Нұр тауымнан, иншалла, нәр алғаным.

18.09.2013ж.

## ТАБИҒАТ ОРТАҚ БАРШАҒА

### I

Табиғат ортақ баршаға,  
Бүлінді неге соншама.  
Өзен-көл қалды суалып,  
Оталды орман қаншама?

Ұранға жалған бой бердік,  
Келімсектерге жол бердік.  
Шығарып жатып төрге де,  
Байырғы достай қол бердік.

Асқан-ды бастан азабың,  
Аз ба еді көрген аза-мұң?  
Ақырзаманның кері ме,  
Ойлан енді, қазағым?!

## II

Қазақтың ата тарихы,  
Ойласаң Тұран болады.  
Айтқаныма сенбесең,  
Өзегің құрғап талады.

Тұранның тұнған тынысы,  
Болашаққа бастайды.  
Ақ ниет, тілек іске асын,  
Болмасын енді бас қайғы.

Жайлауды от шалғаны,  
Жауырыннан оқ алғаны.  
Қолдауың жоқ, ей, қазақ,  
Кімдерге иық артады!

Ұлы дала кергіде,  
Табиғаты тілмеде.  
Аю менен аждаһа,  
Аңдып тұр қос іргеде,  
Ойлан, Тұран тумасы!

## КӨКЖАЙЛАУЫМ!

Елім менің, қазағым,  
Қаламды қыса жазамын.  
Барады сөгіліп сенімім,  
Былыққа толы заманым.

Қоғамды құзғын қорғаумен,  
Түңіліп біттік болжаумен.  
Елге сор, жерге жұт болған,  
Ошақта «мұнай» қайнаумен...

Көз жасы толы ағын ба,  
Өсе ме, халқым өше ме?  
Қоғамның жаққан бояуын,  
Көрсенші шығып көшеге.

Алатау жоны Көкжайлау,  
Бабалар жүрген ен жайлау.  
Қолды болды бағасыз,  
Шырша тоғай, арша бау.

Тұман басқан тау шыңын,  
Басы - шаттық, арты - мұң.  
Жұрдай етіп таламақ,  
Бабамның тартқан тартуын.

Көңілім селдей бұзылды,  
Суалды бұлақ байырғы.  
Жақпар тастар жардағы,  
Дауыл соғып, жай ұрды.

Ата қаны бар бойыңда,  
Төзе біл, шыда, жойылма.  
Оқ алдында тұрсаң да,  
Шындығын айт, мойыма!

Алатауды ойрандап,  
Қайсың опа таптыңдар?  
Қараша халық үмітін,  
Ақтамады сатқындар.

Жасқа толды етегім,  
Өтелер ме екен өтемі?  
Қанағат бер, Тәңірім,  
Көңіліме тоқтам етеді.

Жерімнің бар ед киесі,  
Ел - жұртым еді иесі.  
Ауырлап халі барады,  
Боласың кімге тиесі?

2013 ж.

## **КӨКЖАЙЛАУ ЗАРЫ**

### **I**

Ақиқатты айтуға тіл берілген,  
Шешеннің ел қамы үшін жаны егілген.  
Мен тағы Көкжайлаудың зарын айтам,  
Халық неге айрылмақ мекенінен?

Іргесінен ызғырық ескені ме,  
Көне бермей өзгенің жетегінде?  
Сақта жерді, тоздырма, жетім етпе,  
Жұмыр жердің мәңгілік мекенінде.

Атылмасын сұр жебе, бесігімде,  
Жарылмасын сынақтар, ел ішінде.  
Қарапайым халықпыз Алаш деген,  
Жайлауын да қорғаған, өрісін де.

Түсіре алмас көлеңке келбетіме,  
Жүзім жаркын, қараймын ел бетіне.  
Өзінді ойлап әз жаным шырқырайды,  
Көкжайлауым, дақ түсті-ау келбетіңе.

Сыр ғып шертем Алатау жар-қиясын,  
Даулы болған, Көкжайлау, сен ұямсын.  
Қан да қатқан, ішінде мұз да қатқан,  
Қарт шыршалар қамыға мұңаясың...

Жат қолына қияды кім асылын,  
Қарағай, қалың орман, кең жазығым?!  
Екі көзден боталап ақты жасың,  
Алатауым, бар еді не жазығың?

Көкжайлауым, зарыңа зар қосылды,  
Түсінемін шерінді жан шошырлық.  
Сатылғаны – жағанның жыртылғаны,  
Шешілер деп шешімі сан тосылдық.

## II

Жалған деген жалғасып туысқасын,  
Әділдікті ту етіп кім ұстасын?  
Көкжайлаудың бүгінгі мүшкіл халі,  
Болып тұр-ау енжарлау ұлтыма сын. .

Ойран етпек табиғатым-ұямды,  
Болғаны ма зиялылар зиянды?  
Мұндай жұртты іздеп, сірә, таппассың,  
Шарласанда бар әлемді, қиянды.

Құлқын, қарын ойлағаны «данасы»,  
Арсыз болып кеткендей ел дарасы.  
Көкжайлаудың мұңлы зарын естісең,  
Бұлақ біткен лайланып ағады...

Елден елдік, ерден ерлік кеткенде,  
Сорламай ма күні ертең текті ел де.  
Көрінгенге таланып біткендейміз,  
Ұқсадық па қолға үйренген кештерге?

Ішкі күйін жүрек шертіп толғасын,  
Айта алмасам, намыс көрем, арға сын.  
Дау болғанда жерін қорғай алмаған,  
Жау келгенде елін қалай қорғасын?

Тойымсыздар таңдау қойса талғамға,  
Тоналады тау мен тас та, орман да.  
Көкжайлауды қалай қиям жаттарға,  
Намыс қайда, қорғайтұғын жан бар ма?

## АРНАСЫН ӨЗЕН ТАПШАСА

Табиғатты айырған келбетінен,  
Азып-тозып құрыған ел шетінен.  
Қасіретін тажалдың білген елдер,  
Қорғаған, тіпті, ескен жел өтінен.

Табиғаттың сақталмай заңдылығы,  
Басылмайды айтқанмен зары - мұңы.  
Табиғатын аялап жүрген ел көп,  
Сол елдердің өнеге тағылымы.

Қомағайлы дерт болды созылмалы,  
Токтау айтар зиялы табылмады.  
Қанша өзен арнасын таппай қалды,  
Жер-Анамыз қайғыдан арылмады...

Орман - аймақ тоналған, жан сыздайды,  
Көргенде ішің жылап, тән мұздайды.  
Табиғаттың түсінбеген қасиетін,  
Көкжайлаудан түсінер арсыз жайды.

Алатаудың тау-тасты аймағынан,  
Басқа жер таппады ма, қайран қалам...  
Әлі-ақ алар жазасын бір Алладан,  
Көкжайлауды аяусыз ойрандаған!

Көкжайлау – сұлу төрім, жұпар шашқан,  
Көркемдік себеп болған дауға бастан.  
Әне, отыр көп қарын майса шөпте,  
Көкжайлаудың бағасын саудаласқан...

\*\*\*

Отаным бар да - жерім бар,  
Елім бар да – салтым бар.  
Жамандықты жасқайтын,  
Қайрат-күшім, халқым бар.

Намысым бар бойымда,  
Арманым бар алдымда.  
Өткеніме қайғырып,  
Қақым да жоқ налуға.

## **ШЕЖІРЕЛІ ШЕҢГЕЛДІМ**

*Толғау*

I

Танымайтын жерімменен таныстым,  
Бауырымдай адамдармен табыстым.  
Бір бояуы сіңіп тозған кезеңде,  
Бір бояуға, басқа түрге ауыстым.

Білем десем Шенгелдідей өлкені,  
Жырлап өте алам ба жыр-еркені?  
Топырағың айрықша, тасың бөтен,  
Бабалар бақыт тапқан гүл мекені.

Баяғыда бабамыз жол ғып өткен,  
Іле өзеннен тояттап суын ішкен.  
Білмепті, бақыттары қасында екен,  
Ғасырлардың топырағы басулы екен...

Ырыс боп Қапшағай көл жағалауы,  
Жер жыртып, егін екті – табыс тасты.

Данқынды бүкіл қазақ жатқа білді,  
Сарымсағың Ресей мен Қытай асты.

Өзің айтшы, ардақты, киелі жер,  
Сыйлай білер, паңданбай сүйей білер.  
Даттасаң да өзің біл, мақтасаң да,  
Ал ұлың тек жақсылық тілей жүрер.

Алла дәйім жар болар қолдағанға,  
Шолақ тауы қамал боп орнаған ба?  
Айыркезең - Уәли Шора қонған,  
Онан асқан бүркітші болмаған да.

Өткені де, өткеннің кеткені де,  
Өткенді іздеп қараймын бөктеріңе...  
Жаңа заман - мәңгілік егемендік,  
Қуанамын бұл күнге жеткеніңе.

## II

Тақиялы періште шақырады өзінді,  
Жол бойында аулым тұр, сүрінтеді көзіңді.  
Шежірелі Шенгелді – құт мекенім киелі,  
Дуалы биік қорған тұр... ғасырларға төзімді.

Тұрғындардың ашық, жарқын әуені,  
Оқтай түзу көшелердің тізбегі,  
Сан жобалы кең жолдардың тіліндей.  
Жөнсіз емес жобалаудың іздері.

Ауылымнан «Жібек жолы» өтеді,  
Ескі шаһар жатыр орны төбелі.

Ел мұрасын қадірлейтін халқы бар,  
Қастерлеген көнені.

Көк күмбезі - имандылық бесігі,  
Қанат қақты азаматтар бір көші.  
Алғашқы не соңы болу шарт емес,  
Орындалды ақ армандар кешегі.

«Ұлым!»-десе күш, дарыным артады,  
Тау секілді кейбір қайсар қарттары.  
Осы абыз қарттарымның арқасы –  
Байлығы елдің артқаны.

Дана өлкем даралықтан танбайды,  
Сулы аймақ, егін, малын жайғайды.  
Беткейлерді қызғалдағы көмкерген,  
Атыздарда сарымсағы жайнайды.

Заман кебін бірге кештік төзіммен,  
Беу, Шеңгелдім, біргемін мен өзіңмен.  
Саған деген ықылысымды алғаусыз,  
Мен жеткізе алмаспын-ау сөзіммен!

## МЕН ҚИМАҒАН ШЕҢГЕЛДІ

Десе-дағы өлгеннен соң жұмақ тұр,  
Артық дейміз мына атқан шырақ күн.  
Туған жерді теңейміз де жұмаққа,  
Өскен елден кеткің келмес жырақ тым.

Бұлдыр тартып бара жатыр көз алдым,  
Тозар бәрі, алға қарай озар күн.  
Кіндік қаным тамған жерден бөлініп,  
Қалқып жүрген қанаты бар тозаңмын.

Бір мұңайып, бір қуанып ауылмен,  
Шеңгелдіде еңбек еттім қауыммен.  
Күн қыздырған сары құмда аунадым,  
Бірге келем бірге өскен бауырмен.

Өзінде өткен шат күнді айтып жар салам,  
Неге бұрын айта алмағам мен саған?  
Жерім менің - көрім болса қаусаған,  
Жырым менің бүтін болсын аңсаған...

Жырларым бар, сөздерім бар уытты,  
Біреу білер, біреу бәлкім ұмытты.  
Сен қисаң да мен қимаймын, Шеңгелді.  
Отыз жылғы татқан дәм мен суыңды...

## ЖОҒАРҒЫ «ҚАТЫН ҚАРАҒАЙ»

Ақсу өзен, жаға жол,  
Болған екен бұрын ол.  
Табиғаты тамаша,  
Көркем жердің бірі сол.  
Жағада талы, ақ қайың,  
Шыбығы биік, тік өскен,  
Жел желпісе ақ талың,  
Садақша басы иілген.  
Таңдандырған жас қайың,  
Былқ-сылқ еткен биімен.  
Тамсандырған талайды,  
Табиғи көркем күйімен.

Тау суы Ақсу тасыған,  
Ойнап аққан тасынан.  
Қабағынан қар жауып,  
Бұлтты кетпес басынан.  
Үйіріліп кеп соғатын,  
Желі баяу басылған.  
Талпынған жас «нәресте»,  
Ақ қанатты періште,  
Жаралғандай жасыннан.  
Қараған жанға ой салған,  
Көз нұрыңды қандырған.  
Балауса нәзік құрақтар,  
Сүйірігін желге сүйдірген,  
Көргенді таң қалдырған...

Иілмей өскен жас қайың.  
Алғаш көріп тұрсам да,  
Сұлуына қайранмын,  
Бір тамаша ойдамын.  
Ақсудың бойы талды екен,  
Қияқ тас, жота, таулы екен.  
Жоғарғы «Қатын қарағай»,  
Алты ай қыс жол болмайтын,  
Тыныш бір жатқан жер екен.  
Қонақ келсе алыстан,  
Маралын сойып, ас еткен,  
Қонақжай дарқан ел екен.  
Қырмызы гүлдей қыздары,  
Қарасаң, сірә, көз тоймас,  
Әдемі сөзі әз берген,  
Түсінігі мол екен.  
Қысы ұзақ, жаз қысқа,  
Еңбекті сүйген жұрт екен,  
Өзгелерге үлгі екен.  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Жоғарғы «Қатын қарағай» -  
Жайқалып жатқан гүл мекен!

## ҚАТЫМТАУ

Қатымтау мұнартасың көз алдымда,  
Шоқысы шомылғандай таңғы нұрға.  
Төсіңдегі құр менен ұлар қайда,  
Көрінбейді баурыңнан арқар, құлжа?

Елсіз дала, төңірек тозаңданған,  
Көңілім алабұртып мазамды алған.  
Азынақ жел, азнаған қыр - жотаңнан,  
Естіледі бір мұңлы ән баяу маған.

Көк жиек түтігіп тұр, аңы қайда,  
Аңшылар аулап құртқан осы жай ма?!  
Мен аңсаған ұлы арман осы ма еді,  
Жатырқап тұр Қатымтау төсі мені...

## ЖҮРЕГІМДІ МАЗАЛАЙДЫ ОЙ ЖАЙСЫЗ

Көрем күннің көкжиегін асылған,  
Үмітке толы өмірім менің жасымнан.  
Қуғаныммен жете алам ба арманға,  
Дүбірлі дәурен өткенімше басымнан?

Жоғалтуға асығар кім бар асылды,  
Жоқ артуға асықпайық ғасырды?  
Алаңдаймын ертеңіне елімнің,  
Келімсек пен көрінгендер басынды.

Байтағымның жасыл орман - тірегі,  
Жоғалған ба, солғын тартты гүл өңі...  
Жер біткенді тілгілемей, аяла,  
«Жер шары – ортақ!», ұмытпайық, біл оны!

Шоқ та бастық, тас та бастық абайсыз,  
Оны дал-дал табанымнан байқайсыз.  
Өз халқымның болашағын болжасам,  
Жүрегімді мазалайды ой жайсыз.

Тікен ізі қап қойған ба табанда,  
Асыр салған бала едім даламда?  
Желтоқсанның ызғары да кетпейді,  
Куә оған қасіретті алаң да.

Заманыма сұм зауалды күн төнген,  
Ер жақсысы алысумен түзде өлген.  
Кеңестің мешел мәстек тірлігіне,  
Ашынып жастар түгел үн көтерген.

Атажұрттың айналып тірегіне,  
Барша жұртым қалжырап жүдеді де.  
Бастан өткен тарихқа көз жіберсем,  
Қонаевтай қамқор болды кім еліне?

Амалым жоқ, шексем зардап осыдан,  
Шындықты айтып, мұңыма мұң қосылған.  
Қайтсең-дағы ақиқатты айтып кетем,  
Дүлей ажал жанды алғанша тосыннан.

Жалау еттім ардың асыл мұратын,  
Жер байлығы, ел байлығы - ұраным!  
Ақиқатты жырлап өтем қашанда,  
Таусылғанша, тоқтағанша жыр-әнім!

## **ТУҒАН ЖЕР САҒЫНЫШЫ**

Бойымда қасиет бар туа біткен,  
Туған жер - алтын мекен тұрақ еткен.  
Өткізген балалықтың бал дәуренін,  
Күтеді сағынышпен өскен өлкем.

Көз ілмеген шақтарда сағыныштан,  
О, туған жер, мен өзіңе алып ұшам.  
Кеудемде сен деп соққан жүрек барда,  
Көлеңке түспесін деп қарғып тұрам.

## **ҚАЙНАР АҚПАЙ СУАЛҒАНДАЙ...**

Осы жырдың жолында болсам құрбан,  
Жанымды білсе елім күйіп - жанған.  
Бойымда мұң, дертіме тұрмын налып,  
Қайдан көрсін, көз бояған мына қоғам?

Қу заманға ғалам жұрты ұрынып,  
Жастар түге, үлкендер тұр жұтынып.  
Көргені ғаламтордан арсыз бейне,  
Бейне бір өздерінше жүр құтырып.

Арамзаны балап жарық жұлдызға,  
«Батыс, батыс...» дейтініміз дұрыс па?  
Бағасын да біле алмайтын халқының,  
Арсыздар жүр билік айтып ұлысқа.

Асқар таулар аласарды неліктен,  
Қайнар ақпай суалғанын көріп пе ең?  
Көк төсіне асқар шыңын қадаған,  
Алатауым ажырады көріктен...

Көкжайлауым, тұрсаң еді күн күліп,  
Қолды болмай, намыс жеңіп, нұр төгіп.  
Бозторғайдың әні айтылсын тандарда,  
Түңілісін бір жат жанынан, дос күліп!





#### IV БӨЛІМ



# ЖАҚСЫҒА ЖАЗДЫМ ЖЫР-ЛЕБІЗ

*Балалық шақ, алтын дәурен, құрыш жас,  
Сол дәуренді ешбір адам ұмытпас.  
Алтысыма тебіреніп кеп тұрмын,  
Қайдасыңдар, жыр арнаған сыныптас?*



## СЫНЫПТАС ДОСТАРҒА!

Кезім менің көкке құлаш сермеген,  
Бойда жалын таңға тыным бермеген.  
Қыздар үркіп, құшақтардан сытылып,  
«Вечерлерде» қуа жүріп билеген.

Жаман баға алсақ қалдық арланып,  
Кей ұстазбен біз ұғыса алмадық.  
Кей сабақтан қашып кетіп жүрсек те,  
Алгебра сабағынан қалмадық.

Бұл сабаққа келмедік біз кешігіп,  
Бұзықтар да жым болатын есіліп.  
Осы шақта көрсең Естай ағайды,  
Тың майданға түскендей бір шешініп.

Дес бермейтін жастық шақта алаулы,  
Көңілдерге шамын жақты арайлы.  
Ойымызда мың сан қиял әлемі,  
Ағай бізге үмітпенен қарайды...

Сабақ білмей сүмірейген қандайын,  
Көрдік біздер екі алғанның талайын.  
Екі алсақ та қоңырауға асықтық,  
Сол күндерді мол бақытқа санаймын.

Алаңсыз ед, қайран көктем көңілдер,  
Біреу көктеп, ал біреулер толдым дер.  
Арман болып қалса-дағы бал дәурен,  
Сағыныш боп қол бұлғайды сол күндер.

Балалық шақ, алтын дәурен, құрыш жас,  
Сол дәуренді ешбір адам ұмытпас.  
Алпысыма тебіреніп кеп тұрмын,  
Қайдасыңдар, жыр арнаған сыныптас?

## **ТОЙЫҢДА ШАШЫЛСЫН ӘН**

*(Әліппенің бетін бірге ашқан  
сыныптасым Еркеш Секерұлына)*

Көкталдың шаң-тозаңын бірге кешкен,  
Құрақ ұшқан кезең ғой желпіп ескен.  
Балалықтың бал шырын, дәмін татып,  
Кетер ме жастығымның самалы естен?

Алпыстың асуына сен де келдің,  
Тірліктің тауқыметін көзбен көрдің.  
Еркеш-ай, дүние шіркін дүлей екен,  
Жақсыға тек жақсылық тілеп келдім.

Алпысым, атқан таңдай арайладың,  
Қайырылып қара жолға қарайладым.  
Салғандар алтын сарай салтанатты,  
Тауқыметін тартып жүр талайларың.

Жан - жағың жайма-шуақ, жасыл орман,  
Жан шұғылаң осы болар шашыраған.  
Жаныңда толықсыған жарың мынау,  
Айбарлы жігіт - желең ғашық болған.

Бірі едің бұлағайдай бұлғақтаған,  
Бөркімді кейде өзіңе бұлғап қалам.

Көңілде «қазынам» бар құндақтаған,  
Кездескенде талай таң сыр ақтарғам...

Алпысты бетегелі белес дейді,  
Белестен бел асырсаң жел еспейді.  
Өткен күн кері айналып келмес енді,  
Кей - кейде өткен кездер елестейді.

Тоғанда тұнған судай тұрақтанып.  
Жас дәурен тұрады екен жырақтанып.  
Құрбылар қыран көзі қияқтанып,  
Тұрады самғайтұғын сияқтанып.

Жетіліп алты жаста мектеп көрдік,  
Көкеміз көн етікті көктеп беріп.  
Ақ көйлек, бірақ көне, өтектелген,  
Құлындай құлдырадык жетекке еріп.

Зымырап осылайша озбақ жалған,  
Қоныраудың қоңыр үні есте қалған.  
Санаға саялаған сағым күндер,  
Арманын әкелердің жалғап алған.

Алымды алпысың бар дараланған,  
Сәйгүліктер қайдасың сараланған?!  
Көкіректе күмбірлетіп күй ойнатып,  
Ат оздырам атойлап аламаннан.

Алпысым, жеттің бе енді арманыңа,  
Ойлайсың қайдан түстім қармағыңа.

Өркен жайып өрісте, Еркеш досым,  
Әу деші, баяғыдай көңіл бар ма!?

Әзіл болсын жастармен жарасардай,  
Қайрат болсын қауымға қарасардай.  
Аттылының алдында аласармай,  
Жүрсек жарар жүрекке жара салмай.

Қапшағай қаласы,  
30.08. 2013ж.

## **ТУҒАН КҮН - МЕРЕКЕ**

*(Сыныптасым Тұрымтайға)*

Жүруші ең жуасып,  
Гүл теріп, қыр асып.  
Ал, енді бүгінде  
Кетіпсің нұр тасып.

Жасыңнан арлысың,  
Жүрегің толған сыр.  
Өзіңе жарасып,  
Жымиған күлкің нұр.

Еске алсам өткенді,  
Көктем - жел еседі.  
Шіркін-ай, жастығым,  
Қол бұлғап өтеді...

Алаңсыз күлкілер,  
Шаттыққа бөледі.

Кім енді өкінер,  
О, досым, кел енді.

Балалық махаббат,  
Көңілде сақталад.  
Алғашқы хат жазған,  
Қайда екен Салтанат?

Ұялып, қызарып,  
Қараушы ек қызғанып.  
Сәл біреу кездесе,  
Тұрдық біз сызданып.

Өтті ғой көп күндер,  
Қас - қағым сәттей бір.  
Алаңсыз күлкілер,  
Еске алсаң тәтті бір.

Бүгін сен алпыста ,  
Бакытың қасыңда.  
Еске алдым, достарым,  
Сендерді сағына.

Туған күн - мереке,  
Қуан сен, Түреке!  
Мерейің тасыған,  
Болсын бір береке!

Бакбакты,  
26.04.2013 ж.

## **ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖАҢА ОТАУ**

*(Жанна Тынышбайқызының ұзату тойына арнау)*

Биіктеп жаңа отаудың шаңырағы,  
Қос жүректің оты бүгін жағылады.  
Алдында аппақ таза махаббаттың,  
Сәуле боп таралады таң шуағы.

Араның тәтті балын ағызғандай,  
Көңілдің шырқа әнін сабыр сақтай.  
Ақ үміт, пәк сенімді шашпа, жаным,  
Дәл бүгін алтын бақыт табылғандай.

Жаныңды сүйікті етіп тербететін,  
Ақ махаббат алдында еркелеткін.  
Ғұмырда ащы-тұщы татсаң-дағы,  
Ақ отау, қос жүректі сүйікті еткін.

Менің де жүрегімнің жылуы бар,  
Замандастар, жанымды ұғыныңдар.  
Қыз ұзату атадан қалған дәстүр,  
Жырдан шашу шашатын ырымы бар.

08.11.2013ж.

## ӨТКЕНДІ ҚИМАЙСЫҢ

*Әлімғазин Байкенге әзіл - қалжыңы аралас арнау*

Шексіз дала, ащылы жер,  
Аспаны боз шаңғытқан.  
Торығуың болса егер,  
Балқашымда мен туғам.  
Самалы ескен, сара желді,  
Құмарлана мен жұтқам.  
«Калининде» тағдыр қосты,  
Достық жолын біз ұққан.  
Талай қуаныш, шаттықты,  
Бірге өткіздік, жыр тұнған...

Өзіңді маған дос еткен,  
Аллаға айтам алғыс мың.  
...Қаншасы өтті жаз-қыстың,  
Сен де, мен де жар күштым.  
Артта қалып біраз жол,  
Беліне шықтық алпыстың...

Үмітін жалғап арманның,  
Қызықты белден астық қой.  
Демінен талай сұлудың,  
Байкен - ау, сусын аштық ғой.  
Тасқа да шығып өрмелеп,  
Жалғанды белден бастық қой.  
Тәтті тілмен «у» жалап,  
Махаббат уын шаштық қой,  
Желіктірген жастық қой!  
Серілік қалды сағым боп,  
Көңілді біраз бастық қой...

Қанша рақат алсаң да,  
Дүние шіркін тоймайсың.  
Өткен күндер алыста  
Жастығыңды ойлайсың.  
Тәтті шағын сол күннің,  
Қалай еске алмайсың.  
Сұлуды ғана сүйсем деп,  
Күбірлеуді қоймайсың.  
Алды-артыңа қарайсың,  
Өткен күнді қимайсың.  
Қалдым деме қапыда,  
Бұрынғыдай болмайсың.  
Ақ таяққа сүйеніп,  
Өткен кезді ойлайсың.  
Қадіріне жетпеген,  
Күндерінді болжайсың.  
Сонда-дағы өкінбе,  
Мәңгілік боп қалғайсың.  
Тағдыр қосқан жарыңның,  
Сүйеуінде болғайсың.

### **БІР ҒҰМЫР...**

Ғайша атты, кара торы,  
Бейне гүлдей, сұлу жанды.  
«Гүлсіз, күнсіз өмір жоқ!»-деп,  
Байкен жігіт аймалады.  
Құшақтады нәзік белден,  
Байкен сүйді балдай тілден:  
«Шашың кара, кара ормандай,  
Көзің қандай мөлдіреген...»

...Рақат көріп бақыт тапқан,  
Өтпесе күн, атпаса таң.  
Бір-ақ нәрсе тіледі ғой:  
«Жылы тәтті нәр таратқан.  
Ұзағынан сүйіндірші,  
Ризамын,-деп,- о, Жаратқан!»

Тұрды сонда көңіл тасып,  
Жаны ессіз, бала ғашық.  
Жырмен әсте баяндадым,  
Өткендерді еске салып.  
Қосағыңмен қоса ағарғын,  
Ғұмыр кешкін, сәулет құрып.  
Долы дауыл кез болса да,  
Майыспағын қарсы тұрып.  
Ұзақ өмір - қыр асқанша,  
Тағдыр жазса амал қанша?  
Жаса ұзақ, хал тайғанша,  
Жүзге жетіп қартайғанша,  
Сары тісті шал болғанша,  
Алма жүзің суалғанша,  
Біз болайық соған куә,  
Бір болайық, тіфә, тіфә!

## ЕРБОЛ БАУЫРЫМ ЕЛУДЕ

### I

Ерболжан, айналайын, мен өзіңнен,  
Көз алдымда өстің бала кезіңнен.  
Мерейтойың тойға ұлассын, бауырым,  
Құтықтаймын жырға толы сөзіммен.

Алла берсін елудің ер қызуын,  
Қызығын көр немере, ұл-қызыңның.  
Асқақтайтын арман көп әлі де алда,  
Сауық құрып, сайрандар қызығыңның.

Бүгінде жайқалып тұр жасыл бағын,  
Бірге өскен Сабырменен жастық шағың.  
Аман болсақ, әлі талай тойлар өтер,  
Тарқамасын шадыман шаттықтарың.

Өткенім – қанжығаңа бөктергенім,  
Ойменен өткенді ойлап көкке өрледім.  
Кешегі өткен күндер бүгін есеп,  
Бір аунасын аруағы өткендердің!

Ата - ана, ағайын мен жақын - туыс,  
Кел билейік ортада, бұл не тұрыс!  
Мына шаттық, қуаныш дүбір тойда,  
Ән айтып, күй төгілсін, көңіл дұрыс.

## II

Жан бауырым, Ерболым,  
Берейін бата жайып қол.  
Жарқын болсын ертеңің,  
Қатарыңнан озық бол.

Гүлбадам, сыйлы келінсің,  
Тақпаған саған елің сын.  
Бақытты бірге ғұмыр кеш,  
Жұлдызың биіктен көрінсін.

Мақтаса да қаншама,  
Құлақ аспандар жел сөзге.  
Тату боп ұзақ жасаңдар,  
Сақтасын Алла тіл-көзден!

### **ӘЖЕ АТАНҒАН ӘЗ ҚҰРБЫМ** *(Сыныптасым Соңяға арнау)*

Уақыт өткен, біраз жылдар арасы,  
Туған күнге келдім бүгін, қарашы!  
Бала күнгі құрдасын көрейік деп,  
Әжелер де алдан шықты жарасып.

Жастық өткен бірге жүріп, бір өскен,  
Наз көңілімді қайтсем екен егескен.  
Еске алып, елестеттім жастығыңды,  
Қызық еді жастық дәуір жыр ескен...

Тал шыбықтай талма белі иілген,  
Нұр төгіліп тұрушы еді жүзіңнен.

Атқан таңдай нұрлы еді кіршіксіз,  
Қиғаш қасы сәл жымиса керілген.

Бір кездегі сұлу бейне балдырған,  
Қандай еді, ай нұрына шалдырған?!  
Алдымда тұр әже атанған сол құрбым,  
Ынтықтырып, талай естен тандырған.

Арқалаған баласының баласын,  
Кешегі қыз, бүгін міне апасың.  
Бақ дәулетің аса берсін әрдайым,  
Ұрпағыңмен бақыт әркез табасың.

Мызғымайды арадағы бек достық,  
Сырласумен талай біздер бас қостық.  
Бүгінгі той-мерекең құтты болсын,  
Өйткені біз сағынумен көп тостық.

Түтін түтет, өс, өрбі, көгере бер,  
Немерелер көбейсін, шөберелер.  
Әженің таусылмаған ертегіндей,  
Бір ұрпақ, бір ұрпаққа жалғаса бер...

## ҚҰДАҒИҒА

Сұлу жүз, жүр күліп,  
Көңілі ашылған.  
Қара көз, тұр тұнып,  
Көрген жан тасынған.

Әдемі қара шаш,  
Қара түн адасар.  
Ойнақы әзіл сөз,  
Еркелік жарасар.

Иісі - гүл аңқыған,  
Көңілі - күн шалқыған.  
Көргенде өзге жан,  
Сүйсініп балқыған.

Көңілде алаң бар,  
Кірбің де ашылар.  
Ойға алма өткенді,  
Сабыр де, басылар...

## ҚҰДАШАҒА ӘЗІЛ

Құдаша, бері кел,  
Ортаға көрік бер.  
Сөзіңнің сарасын,  
Сүйсінсін естіп ел.

«Сұлуды сүймекке,  
Жақсыны көрмекке».

Мақтайық өзінді,  
Жеткізіп жер-көкке!

Жүретін Сізді іздеп,  
Біздердей ғашық көп.  
Тандауың өзінде,  
Қайсымыз сізге дөп?  
...Жеткізе айтпадым,  
Жүрегім лүпілдеп...

### **ҚАРА ҚЫЗ – ДАРА ҚЫЗ**

Жіңішке нәп-нәзік, қара қыз,  
Көзге де сиректеу түсуші ең.  
Ерекше сүйкімді дара қыз,  
Өзінді армандап жүруші ем.

Жыл жүгі салмағын салған ба,  
Толықсып қалыпты денең де?  
Сағыныш... әлде бұл шаттық па,  
Күлесің мені әркез көргенде?!

Уақыт өрнегін салыпты,  
Маған да, қара қыз, саған да.  
Табысқан бүгінгі бақытың,  
Баянды болса екен әманда!

## БАЛА КҮНГІ БАЛ ҚҰРАҒЫМ (Бір құрбыма)

Не дейін, жазда жалбыз жастанбаған,  
Құрбым ең талай топта бстаған ән.  
Алаңдап алпыс жастан астық бүгін,  
Жан едік мансап қуып, мастанбаған.

Жаудан да жеріміз жоқ жасқақтаған,  
Құрбым- ау, арын қайда асқақтаған.  
Іздейсің ізгілікті барша әлемнен,  
Аласарып кеткендей аспан саған.

Жақсыменен жанасу - жан ұраным,  
Жақсыларға кедеймін, жарымадым.  
Жадау мына тірліктен жалығамын,  
Жаным шығып кетердей жанығамын...

Бала күнгі құрбылар – шам-шырағым,  
Бағына кім жолықты, бал құрағым?  
Сен айтқан алпысыңды не қылайын,  
Жастығымды балаша сағынамын!  
...Сен де жүрсен сағынып, аңсар болсаң,  
Жырымды оқы, жырымнан табыламын.

## ІЗДЕДІМ, ДОСТАР

Ізгілік іздеп көп жүріп келем,  
Қайырға соғып қалғандай кедем.  
Тай құлындай жарысып өскен,  
Достарды жиі түсімде көрем.

Келемін самғап жұлдызды ізбен.  
Жақсылар қайда болатын бізбен?  
Сілкіген шығар уақыт - тұлпар,  
Достарым қайда додаға түскен?

Іздедім достар саялы бақтан,  
Іздедім кейде күн түсер жақтан.  
Адастым талай сендерді іздеп,  
Шақырды сонда алыстан арман.

Жанып та жатыр, жалын айналам,  
Жарып шығам ба, нені айта алам.  
Жарамды досқа жарымай барам,  
Сары далам-ай, сағым айдаған...

Шошиды сезім санамда суып,  
Білмеймін нені, барамыз қуып.  
Асауға мінген ағам жүр суыт,  
Қайтсам ба екен ауылыма қонып.

Жүзінен жүдеу нұр ауғандайын,  
Жұлқынған кейде асау аттайын.  
Жарысса тұлпар озбайды неге,  
Құрығыр көңіл, несін айтайын?

Жазбасам өлең елім өкпелі,  
Әділдік іздеп тұрақтамадым.  
Ақынның бар ма шалқып өткені,  
Жанымды жейді жырақтағаным.

Белдікті кейде босандау тартып,  
Босансуменен босқа күн өтті.  
Өссек те бірге елдікті айтып,  
Арманы биік достарым кетті...

Кемерден асар кейде өзенім,  
Сырымды ашар кейбір өлеңім.  
Айтайын шыным - басылды жыным,  
Тандырым кепті, талды өзегім!

### **КЕМЕРІ КЕҢ ӨЗЕНДЕЙ**

*(Тұтқынбаев Бейқұт Абдрахманұлына )*

Айтар болсақ екшеп бүгін көп ойды,  
Жақсы жанды құдай өзі жебейді.  
Алғыс алған ақ желенді адамсыз,  
Туған жиен апамыздан мерейлі.

Ұрпағың бар өзіңе арнап гүл егер,  
Ұлағатты ісінді де біледі ел,  
Ағайынның ортасында әрқашан,  
Шат – шадыман қызық көріп жүре бер.

Қадір тұтқан кіші менен ағасы,  
Сый көрсеткен құда-жегжат, нағашы.

Бейкүт аға - жігіттердің марқасы,  
Заманында берілген де бағасы.

Кемері бар арнасындай өзеннің,  
Көңіліннің дарқандығын сеземін.  
Жарқын жүзбен жүзге жетіп жасыңыз,  
Құрметпенен ардақтасын өз елің!

15. 02. 2014 ж.

## **ЖЕКЕ ШУМАҚТАР МЕН ОЙ-ТОЛҒАМДАР**

Өлімге ерік бермей, өмір сүрген, өлімді жеңген  
адам – ер!

\*\*\*

Өлімнен қорыққан ел, құлдыққа көніп, өздерін де,  
қасиетті тілектерін де жауларына құрбан етеді.

\*\*\*

Сана неге бос ой мен қайғыға запы болады?

\*\*\*

Ақындардың жалғыз тәңірісі – әділ айтылған  
шындықтың тура сөзі!

\*\*\*

Ақшадан да артық нәрсе бар, бірақ солардың  
өзіне ақшасыз қол жеткізе алмайсың.

\*\*\*

Уақыттың жетімі,  
Іздегенін таппаған.  
Шын шындықты іздеген,  
Табаны құрғап жатпаған.

Қайырымсыз күнің сол -  
Өзіңе-өзің жақпаған.

\*\*\*

Бойыма сіңген ойымды,  
Саналы ойлау қабілет,  
Таза сақта арымды,  
Аллаға сендім - ақ ниет!

\*\*\*

Қашанда да өр кеудем,  
Жалбарынып көрмеген.  
Ой - санамның ақ төрі,  
Дұшпанға жол бермеген.

\*\*\*

Мазасыз болып көріндім,  
Нені көріп, не білдім?  
Болмашыға ұрындым,  
Емін іздеп көңілдің.

\*\*\*

Ана әлдиі жанға рақат беретін асыл сезім,  
Нәрін берер бойыңа таңдай білсең, өз нәсібің.

\*\*\*

Бүгінгі ұлттық тілімді,  
Сатқан кандас қауіпті.  
Ойлан, досым, сен де бір,  
Тілге қарсы жау мықты.

\*\*\*

Тіл сақталса мәңгілік,  
Ұлтың өмір сүреді.  
Бүгінгі халін түсінсек,  
Жүрек ашып, күйеді.

\*\*\*

Жас көңілді әр неге алаң еткен ем,  
Қайран мезгіл қайырылмай кеткен ең.  
Өмір маған кең есігін ашқанмен,  
Уақытқа қарамаппын әттең мен...

\*\*\*

Тілсіз қоғам жат болар,  
Билік деген «дат» болар.  
Туған тілім - тұғырым,  
Сақтамасаң, жоқ болар.

\*\*\*

Қастерле тілінді, өзінді,  
Тіл - ұлттың ең ұлы анасы.  
Замана ағымы өзгерді,  
Тіл білу - әркімнің парызы.

\*\*\*

Тозбағанда қайтесің, жерің, елің тоналса,  
Момын елім өз жерінде келімсекке қаналса?  
Болашаққа балта шапқан жоқпыз ба,  
Қазақ атын жою үшін ана тілім жоғалса?!

\*\*\*

Қайғы мұң көп, ұлт жырына зар кірген,  
Талай тажал таралғандай сор күннен.  
Жүрек тулап, қаның қайнап, бұрқанып,  
Билік қайда, күй- жайыңды кім білген?

\*\*\*

Бұлақтай тасыған,  
Өлең-өмір ғажап-ақ!  
Өз зарымды алып кетем,  
Алып кетем өзім-ақ!

\*\*\*

Сұлу өмір көркіне қызықпағам,  
Шет жүрмей өмірімді қызықтағам.  
Шың басынан қалықтап қыран ұшса,  
Бір талпынып шығу да қызық маған..

\*\*\*

Жас көңілім ақ нәсерлі көктем ең,  
Асау мезгіл қайырылмай кеткен ең.  
Өмір маған кең есігін ашқанмен,  
Ал уақыт тоқтамадың не дер ем...

\*\*\*

Өмір - теңіз, шегі бар, тереңі бар,  
Сикырлы сынап көрер елегі бар.  
Ғұлама уақыт сырғиды, зымырайды,  
Биыл міне, алпыстың келері бар...

\*\*\*

Жадырап жайнап, желкенін жайса өренім -  
Армандай аңсап ертеңді айтар өлеңім.  
Мен саған ғашықпын, өмір, сәл кідір,  
Артымда із бар, өшпеймін соған сенемін!

\*\*\*

Бұл өмірдің жазылмас аз ба заңы,  
Жақсылыққа жаманың қас болады?!  
Төңірегім қу мен сұм жалаңдаған,  
Шуақ шашқан жүрегім тас болады!

\*\*\*

Жер басып жүргендерді көрдім талай,  
Шындық пен туралықтан неге шалғай?  
Жалған жала, өсек өртеңі көктейді қалай...  
Мейрімділікті мейрімсіздік жеңер солай?!

\*\*\*

Жету үшін арманға, сүрінесің, құлайсың,  
Кету қиын өмірден «кешір» дейсің, жылайсың.  
Алдамшы мына жалғанда істеріңнің бәрі сын,  
Амалсыздан Алланың салғанына шыдайсың.

\*\*\*

«Өмір қымбат, қайта келмес» десе де,  
Оған, шіркін, мән бермейді есер де.  
«Өмір - дәптер, адам - қалам» десе де,  
Оған, шіркін, мән бермейді шешен де!

\*\*\*

Ауыл анау, алыс қалды, жер шалғай,  
Су құбыры бұзылған бір тамшы ақпай.  
Әкім қара ұры иттей жалаңдайды,  
Абат елді тал түсте зарлатады-ай...

\*\*\*

Жұлқып халқын оятпаса,  
Жанын салып жұбатпаса,  
Оны ақын деп кім айтады,  
Құлқыны үшін тояттаса?

\*\*\*

Сезеді жүрегім:  
Жас ұрпак - тірегім,  
Билейді өз елін!  
Сен оған сенесің,  
Мен оған сенемін!  
Бұл сенің тілегің,  
Бұл менің тілегім!

\*\*\*

Тасынғаным – тамаша,  
Басылғаным – далбаса!  
Кей күндері күйініп,  
Жеке қалам оңаша.  
Кейде күліп,  
Кей-кейде  
Жылап алам балаша...

## ЖЕТІСКЕ КЕЛГЕН ӘЗ БАУЫРЫМ БЕКТІБАЕВ СЕРІК ҚАЖЫ АҒАНЫҢ ТОЙЫНА ШАШУ!

Той жасадың ағайынға, қауымға,  
Дос - жорамен келіп жатыр бауыр да.  
Осы қалпы 80 - нен желдей есіп,  
Жүзге жеткін, ешқашан да ауырма!

Кеудең - жалын, адалдыққа шөлдедің,  
Талай рет Мекке барып келгенің.  
Дін нұрына шомылғандар жолында,  
Таза жүрек, ақ ниетің бар сенің.

Қанша мәрте аян берді Аллаһ де,  
Жүрегіңіз қарс айрылды бір демде.  
Бабалардың жатқан жерін аралап,  
Аруақтардың нұрын септің кеудеге.

Өр кеудеңнен торғай болып жыр ұшты,  
Өзінде, аға, рух мықты, тек күшті.  
Жүрегіңмен өлең өрдің халқыңа,  
Әз бауырым, басып тұрып жетпісті.

Бұл жетпістің қалай өтті жаздары,  
Сұңқыл қағып кетті ме әлде қаздары?  
Ғұмыр бойы сыйлы болдың халқыңа,  
Бұл да саған бір Алланың жазғаны.

Қуанышың ортақ дос пен бауырға,  
Туған - туыс, бала – шағаң, ауылға.

Бәрі бүгін бір өзінді құрметтеп.  
Бас иіп тұр бір өзіндей нар ұлға.

Еміреніп еңбек еттің елге шын,  
Жүректегі жыр алауы сөнбесін.  
Жасыңыз жүзге жетіп, Серік аға,  
Алла ешқашан басқа қайғы бермесін!

**02. 08. 2014 ж. Алматы қаласы.**





V БӨЛІМ



## УАҚЫТ-ТҰЛПАР ТҰРМАЙДЫ...

*...Сынаптай сусып, тұлпардай зымыраған  
Уақытпен жымдасып кім-кімге де оңай емес. Соның  
өзінде, құйындатқан Уақыт-тұлпарды әлдеқашан  
тізгіндеп, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізіп  
алғандар да аз емес. Мен сол алтын уақытты  
асылындай қадірлеп, қалтасындағы ақшасындай  
үнемдеп жұмсайтын талай жанды өз көзіммен  
көрдім. Оларды дүниедегі ең бір бақытты жандар  
деп ұқтым!..*



## ТЕМІРҚАНАТ БАЛАПАН...

*Талай көрдім даңқты, ұлық ерлерді,  
Құлқынға құл болып, бәрі жерге енді.*

**(Жүсіп Баласағұн.)**

Кейде тұйыққа тірелген сәттерде мен: «Осындай кездерде әкем болса қалай, не істер еді?» - деп өзіме - өзім сауал қоям да, сол сұраққа артынша әке тұрғысынан жауап іздеп табуға өзімше әрекет жасаймын. Менің әкем қол бастаған батыр болмаса да, сөз бастаған шешен, болыс болған кісі дейді.

Тоғыз жасымда қош айтыссам да, әлі есімде. қариялар жиі үйге келіп тартымды әңгімелер айтатұғын, сонда мен әкемнің тізесіне басымды қойып әңгімелерін қызыға тыңдаушы едім. Әдейі тыңдасын дей ме, сол тізесінде жатып ұйықтап қалғанша басымды сипап, әңгімесін айтып отыра беретін. Сол әңгімелердің кейбірі есімнен шығып ұмыт қалғанымен, кейбірі еміс -еміс есте қалыпты.

Бірде қыран бүркіт туралы әңгіме айтылды. Жыртқыш құс туралы болған соң қатты зейін қойып тыңдағандықтан ба, біразы жадымда жатталып қалыпты.

-Бүркіт ұзақ өмір сүреді, - деп бастады әңгімесін әкем. -Бірақ ол өзінің ұзақ өмірінде ұяда жатқан әр балапанын небәрі бір рет қана ұшырып үйретеді. Ұяда ұзақ отырған бала бүркіт ұяның ернеуіне шығып тұрып үш рет қомданып қанат қалқаны, «мен ұшуға дайынмын» дегенді білдіргені екен. Үнемі бақылап

қарап жүрген ана бүркіт, енді ғана темірқанат болып келе жатқан балапанын қанатымен қағып өтіп, өзі қоса ұша жөнеледі. Балапан бүркітте зәре жоқ, әйтеуір жан - далбаса, қос қанатын қаққыштай береді. Құлдилап төмен қалықтап барады. Бір-екі рет биікке қарай ұмтылмақ болып еді, онысынан түк шықпады, денесі төмен тарта беретіндей сезінді. Енді қара жерге барып құлаймын-ау дегенде, осы сәтті күткендей ана бүркіт зулап келіп оның астыңғы жағынан қанатын жайған күйі тік көтеріп, көз жетпес биік аспан тұңғиығына самғап ұшып шықты да, кенет балапанын төмен қарата тастап жіберді.

Алғашқыда әлі бір рет те қанат жазып, ұшып көрмеген өз балапанын аямайды екен - ау деп қаласың. Бірақ қас - қағым сәтте әлсіз қанаттарын жаюға шамасы келмей, жерге қарай құлдырап бара жатқан балапанды соңынан ана бүркіт бақылап қалықтап келеді. Егер балапан жерге жақындағанша қанатын жая алмаса, онда ана бүркіт шүйіліп кеп оны қағып алады да, қайтадан биік шың басындағы өз ұясына апарып қояды. Бірақ ана қыран шексіз аспан әлемінде өз күш - қуатымен бірден самғап ұшып кете алмаған темірқанат балапанына қайта мойын бұрып карамайды екен.

Енді әлгі балапан өзінің жер бауырлап жүретін жылан емес, аспан әлемінде күйындап ұшатын қыран екенін тек өз қайратымен, күш - жігерімен ғана дәлелдей алады. Егер оған рухы жетпей қалса, онда қайырусыз қанаттарына қарғыс айтып, үн-түнсіз мына жарық дүниемен мәңгілікке қоштасады екен, - деп бітірді әңгімесін әкем.

Иә, сол кездегі қыран құстар туралы айтылған әңгімені, кейін ержеткенде жиі есіме алып жүрдім, әкем маған текке айтпаған екен ғой. Бұнда үлкен ой, бекзаттай мән барын кейін сездім, ақыры әкемнің астарлап айтқан сөзін ұқтым. Ол маған: «Өмір сүргің келсе, өз бетінмен тіршілік етуді кәзірден бастап үйрен. Өмір аспанында өз қанатыңмен ұша алатын қыран екенінді балапан кезінде көрсет. Мен сені сақалың шыққанша сүйрей бермеймін. Жетелеген ит аңға жарамайды. Өз әрекетінді өзің жаса. Мен қартайдым», - деп айтқан сөзін шынын айтайын, сол кездегі тоғыз жаста қалған мен ұқпадым. Бірақ, содан бері арада талай жылдар қанатын талдырып өтті. Мен қыран боп өз күшіммен көкке көтеріліп ұша алдым ба, жоқ па? Оны мен айта алмаймын, оны басқалар айтсын. Сонда да болса, өмірбақи аспанға ұша алмай, темірқанат күйімде қалып қоймау үшін барымды салып, жан дүниемді аямай еңбек жасап келе жатқаным даусыз. Ешкім ешқашан қолтығымнан демеген емес, өз жетер жерім, өз биігім, өз талпынысыммен тырбанып күй кешіп келемін.

Ал, бүгінгі «жаңа қазақтардың» өз ұлдары мен қыздарына жөн жосықсыз жасап жүрген «қамқорлықтарын» көргенімде әкемнің қыран құстар туралы әңгімесі еріксіз есіме түседі. Әлдеқашан-ақ сақал - мұрты сапсып шықса да әлі «темірқанат балапан» атанып, әке -шешесінің қолтығынан шыға алмай, рухани мүгедек боп қалған жастармен жолыққанымда көңілім су сепкендей басылып қалады. Өйткені, бүгінгі «жаңа қазақтар» өз балапандарын биік аспан әлеміне шығарып, өмір сынағына салмақ

түгілі, шөжелерінің әлсіз қанаттарын өз қолдарымен қиып тастап жүр. Мүмкін, олар өз ұрпағына қамқорлық емес, қастандық жасап жүргенін өздері де зерделей алмайтын шығар, бәлкім. Менің барлық жаңа қазақтарды кінәлауға қақым жоқ және ондай оғаш ойдан аулақпын. Дегенмен ортамызда байқалатын кейбір оғаштықтарды айтпауға қақым да жоқ. Осы айтқаным түсініктілеу болу үшін, кейбір «жаңа қазақтар» туралы бірер мысал әңгіме айта кетейін.

Бірде, бір танысымның үйіне бір жұмыспен бара калсам, қатты күйініп отыр екен. Аз да болса себебім тиер деген оймен, неге күйінгенін сұрай қойдым. Сол танысым:

- Әлгі жалғыз ұлым бар ғой... - деп бастап кетті әңгімесін. Ұққаным - әкесі жалғызынан аянып қалмаған. Оған Алланың емес, адамның қолынан келетін жақсылықтың бәрін жасаған. Жиырма беске биыл толған осы армансыз жігітте бәрі бар. Одан несі бар деп сұрағаннан, несі жоқ деп сұраған әлдеқайда жеңіл сияқты. Бірнеше қалада үйі, толып жатқан жеңіл машиналары, банкілерде дербес есеп-шоттары, дүкендері, мейрамханалары және ойын - сауық клубтары бар. Бірнеше рет үйленіп те, ажырасып та үлгерді. Жұмыр жердің бетінде араламаған елі, көрмеген қаласы, жүзбеген теңізі жоқ. Өмірдегі адамға арналған ләззаттың бәрінен дәм татып көрген. Алған мамандығының үдесінен шыға алмаса да, бірнеше оқу орнының дипломдары да қалтада. Сырттай қарағанда одан бақытты адам жоқ сияқты. Ал шындығына келгенде, қара жердің

бетінде одан бақытсыз жанды іздеп табу қиын шығар?!

Қашанда адал байлық бірден емес, біртіндеп келеді, адамға тер төккізіп келеді. Ондай дәулет өзімен бірге қыруар қуаныш ала келеді. Адал еңбекпен төгілген тердің өзі адам жанын ләззатқа бөлеп, бойындағы таудай құлшыныс, еңсенді биіктете түседі. Енді ол бұрынғыдан да биік шындарға шығуға әрекет жасайды, бір белестен кейін екінші белеске құлшына өрлей түсесің. Өзінің бойындағы күш - қуат пен ақыл - парасатына деген сенім де осылайша арта береді. Өмір сүру дегеніміздің өзі, өзің үшін ғана емес, өзгелердің бақыты үшін де белестен - белеске шығып, алға қарай ұмтыла беру шығар.

Әлгі «әлемдегі ең бақытты жігіт» - осы айтқандардың бәрінен мақұрым болған бақытсыз жан. Ол ешнәрсеге қызықпайды, ешқандай ұмтылыс жасамайды, ешнәрсені армандамайды. Себебі онда бәрі бар. Баласының өмірден көретін қызығын да, қиындығын да «қамқоршы» әкесі әлдеқашан-ақ алып қойған. Дәлірек айтқанда, өмірдегі өз үлесін місе тұтпай, ашкөздік жасап, баласының өмір - сыбағасын да қоса жеп қойған. Бұлар – адамгершілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік, мейірім, т.с.с. Бұл өмірдің қызығы мен қиындығын көрмей, тіршілік үшін күнделікті күреске түспей, ешбір әрекет жасамай, бәрінен тыс қалған шала жігіт ақыры рухы дәрменсіз, қауқарсыз, бейшара күйге түсті. Сол жігіттің көзінен бақыт шапағаты емес, қасіреттің көлеңкесі көрінгендей.

Иә, иә, әрбір адам өзінің бақыт шыңына өз

канатымен ұшып шығуға тиіс. Сонда ғана ол бақыт көгінде емін - еркін қалықтап ұшудың шексіз ләззатын өзінің жан - жүрегімен толық сезінетін болады.

Десек те, тәуелсіздіктің арқасында туған аласапыран кезенді «ұтымды» пайдаланып, бұрынғы қоғамдық меншікті заңды түрдегі жекеменшігіне айналдырып алып, сол арқылы бірер жылда мыңғырған бай боп шыға келген кейбір «жана қазақтар» көл - көсір дүниесін игере алмай қалды. Асып - тасып жатқан ақшасын егеменді еліміздің игілігіне, өндірісіне, болашағына емес, қара бастың камын күйттеуге аяусыз жұмсады. Ең қатыгездігі сол - олар асыл дініміздің басты қағидасы саналатын қанағат- ынсап ұғымын ұмытып кетті. Құлқынға құл болды. Әдетте мұндайлар өзін де, елін де ұятқа қалдырды. Ал, байлық пен билік қашанда бір - бірімен ауыз жаласпақ...

Рас, кейбіреулер кешегі сұрқия заманнан туған дертті бүркеп қалғысы келеді. Соның салдарынан қазіргі кейбір «жана қазақтар» бүгін рухсыздық науқасымен сырқаттанып жүр, олар өз тарихын да білгісі келмейді. Өз анасының тілін ұнатпайды, өз ақындарының өлеңін оқымайды, өз сазгерлерінің күйін тыңдамайды, өз ұлтының өнеріне тамсанбайды. Олар өзгелерге табынып үйренген, әлі табына бергісі, жалына бергісі, жалбақтай бергісі келіп тұрады.

Арамызда солай жаралған жандар да аз емес. Қазақта бұрыннан келе жатқан «жарымжан» деген сөз бар. Демек, мұндай «жарты адамдар» бұрын да болған. Қазақ ақыны байырғы «жарымжан» деген сөзді, бүгінгі ұрпаққа түсінікті болу үшін «жарты

адам» деп алыпты. Меніңше, тауып айтқан. Міне, сол «жарты адамдар» биліктің тізгінін иеленумен келеді! Олар бәрін қаршып қалғысы келеді. Байлыққа да, билікке де ашкөздік жасайды. Ал, ашкөздік тірі пенденің бәрін киелі рухынан айыратыны мәлім. Рух құдіретін сөз еткенде әлемге аты танымал қазақтың айтулы ақыны Мұхтар Шахановтың мына бір өлең жолдарын іштей қайталай бергің келеді:


Сорласа жұрт, рухсыздан сорлайды,  
Қырандардан биік қойсақ торғайды,  
Отанды кім торғайлардан қорғайды?  
Рухсыздың, қайырымсыздың баюы,  
Бәлкім, ертең ұлтымызға зор қайғы.

Қыран демекші, темірканат балапан күнінен байқаған адамдарға қырандардың көксеңгір көкте бірде қалықтап, енді бірде мұз басқан шыңға қарай самғауы олардың көңіл күйлерін айтқызбай – ақ аңғартып тұрады емес пе? Кейде олар көз жетпес шыңға көтеріліп алып, бұлттарға ентелей еніп, біресе бұлттың кез - келген тұсынан жарқ етіп жарып шығып, тас қараңғы шыңырауға түнгі аққан жұлдыздар секілді төмен ағындайды - ау, шіркін! Кейде жеті - сегіз шақырымнан да жоғары көтеріліп, артынша керегедей қанаттарын лезде артқа қарай жинап жіберіп, немесе екі бүйіріне қыса ұстап, мойнын алға созыңқырай шүйіле зымырап, сақпанның тасынан да артықзулайды - ау келіп. Көзді ашып - жұмғанша жерге жуықтап, қонбастан жер бауырлай заулап аңдардың зәре - құтын алып, тым - тырақай қашырып, өзі

түгілі көлеңкесі түссе жүректері жарылып кетердей үрейлендіріп, безіп бергендерін қызық көріп, біресе ана қырдан, біресе мына қырды бауырлай, бөктерлей көрініп, бірақ ештеңені де ілместен, тек көлеңкесін байқатып, соған марқайып, жерден көтеріле соққан ауаның ағымымен лезде әуелеп кетеді. Бұл оның жан - тәнімен қуанышқа бөленіп, сайран салып, ләззатқа батқан сәті болар, сірә.

Шіркін, биіктік жақсы ғой! Еңсең көтеріліп, шаң - тозаңнан, қоқыс - қоқырдан аулақтап, рухың жоғарылап, жаның тазарып, сезімің сергектеніп, арманың асқақтап, ой - қиялың өткірленіп самғайсың - ау, самғайсың !

Түйіндей келгенде, темірқанат балапан күніңнен бастау алып, әлгі де мен айтқан жаңа қазақтың баласы болудан уақытында бас тартып өз күшіңмен, өз қабілет - қарымыңмен самғағанға не жетсін, шіркін! Сонда рухымыздың биіктігін әркезде сезіп жүрер едік - ау!



## УАҚЫТТЫ БАҒАЛАЙ БІЛЕМІЗ БЕ?

Біз жайшылықта Уақытты онша бағаламаймыз ғой. Осы бір қасиетті нәрсенің қадіріне жете бермейміз. Біз әдетте адам үшін ең қымбат нәрсе өмір дегенді көп айтамыз. Сол өмірдің өлшемі Уақыт емес пе? Демек, өмір дегеніміздің өзі, ең алдымен белгілі мөлшердегі Уақыт қой. Олай болса, адам үшін Уақыттан қымбат асыл қазына жоқ. Кейде алтынға бергісіз осы қазынаны босқа ысырап қылатынымыз бар. Ғұмырдың қызығына тоймай, тағы да бірнеше сағат, бірнеше күн, бірнеше ай өмір сүруді армандап, ажалмен арпалысып жатқан адамдарды көрген сәтте мен осындай ойға қаламын.

Бірақ біз Уақыттың көз ілеспейтін тездікпен зымырап өте шыққанына несіне маз боламыз? Мұның өзі кәрілікке қарай ерікті түрде асығу емес пе? Ертең көретін нәрсені қалайда бүгін біліп қалуға несіне асығамыз?

Мүмкін әрбір минут уақыттың таудай тауқыметін тартып, шексіз ләззатын толық игеріп, рақатын да, азабын да жан-дүниемізбен терең сезініп барып, өткізгеніміз жөн шығар. Сонда ғана біздер өмірдің әрбір минутының «өзіндік құнын» егжей-тегжейлі түсінер едік. Әйтпесе, бір минуты да ойымызда қалмай, өзінен өзі ғайып боп жататын өмір уақытынан не пайда?

Кейде біреуді күткенде, тағатсыз сағына, асыға күткенде, сен оның келетінін, сол жанның саған да жүрегінің жылуын бөліп берерін сезгенде, уақыттың өтпей, өзінің әдеттегі ағысын бірте-бірте баяулатып, ақыры мәңгілікке тоқтап, сосын мұз боп

бір орында сіресіп қатып қалған тәрізді көрінері бар ғой. Қолындағы сағатына қайта-қайта қарайлап, сол бір мезетте күлі өміріңнің небір қиын - қыстау өткелдерін, қуаныш сезіміне толы бақытты сәттерін түп-түгел дерлік көз алдыңнан тізбектеп өткізіп жібергенінді де сезбей қаласың. Соның бәрі небәрі сен күткен сол аз уақытта өтті емес пе?!

Әрбір күндік өмірінің бағасын білмейтін жан, бір жылдық уақытының қадірін қайдан түсінсін. Өйткені біз аз Уақытқа ынсап қылмаймыз, қанағат тұтпаймыз. Жылдардың ұсақ - түйек минуттардан құралатынын кейде ұмытып та кетеміз.

...Тұт ағашының торлаған қабығының қуыс-қуыстарына ұя салатын бір шырылдауық жәндік болады. Түрі шыбынға да, шіркейге де ұқсамайтын осы құртақандай жәндікті «цикада» деп атайды ғылым тілінде. Сыбызғы үніндей жіп- жіңішке даусымен ертелі - кеш әндетеді де жатады. Олар біреу - екеу боп емес, жүз шақты, тіпті мың шақтысы жабылып хор айтқандай дауыс қосып шырқай жөнеледі. Олар өмірі ән салудан, сірә, жалықпаса керек.

Егер қолынан келсе ол барша әлемді әнге айналдырып, қайғы-қасірет атаулының бәрін біржола ұмыттырып жіберер еді. Бір ғажабы - осы «ұлы музыканттар» мына жарық дүниеде небәрі бір-ақ күн өмір сүреді екен. Иә, солай бірақ тәулік! Цикаданың анадан туып, көз ашып, шексіз өмір мұхитын көрген күні - сол өмір атаулы әлеммен мәңгілікке қоштасқан да күні болып табылады.

Ол мәңгілік өмірден өз сыбағасына тиген бір күндік ғұмырды өзіне осылай қанағат қылатын сыяқты. Тіршілік иесі ретіндегі өзінің барлық

борышын ол осы бір тәуліктің ішінде түп-түгел өтеп шығады: туылып та, өмірді қызықтап та, артына мұрагер ұрпақ қалдырып та, әлемге ән сыйлап та, ең бастысы, өз ғұмырының санаулы сағаты соғып біткен сәтте абыржымай, қайта күйқылжыта әнге басып, мына жарық дүниемен көңілді түрде қоштасып та үлгіретіні ғажап емес пе?! Бұл дегенің – тірі пенде атаулыға үлгі ғой. Неге десеңіз, қияметтей қиын тағдырына, көзді ашып-жұмғанша сырғып өте шығатын бір-ақ күндік өміріне зәредей налымай, өз сыбағасына артық бір минут та ғұмыр тілемей, ол үшін ешкімге жалынбай, жалбарынбай, қыңқ етпей өліп кете беретінін айтсаңызшы! (Бұл менің сезім-түсінігім, мүмкін ол өмірге келгеніне де риза емес шығар, ол ән емес зар айтып жатқан болар.)

Тегінде адамға жетіспейтін ең киелі қасиет осы шығар. Әйтеуір, өмірдің қызығына көзіміз тоймайды ғой, сірә. Ажал аузында жатсақ та: тағы бір күн, тағы бір сағат, тағы бір минут деп жалмаңдап, тіршіліктің етегіне қос қолдап жабысып, тырмысып қатып қалатын пенделік әдетіміз бар емес пе? Бұл не өзі? Өмірге құштарлық па, әлде мәңгі-бақи көзі тоймайтын ашқарақтық па? Мүмкін...

Бәлкім, өмірге деген мұндай қомағайлық адамға қажетті қасиет шығар. Мүмкін бұл ашкөздік емес, біздің ерік - жігерімізді мұқатпай, ылғи қайрап отыратын тәкаппарлық болар. Ал, мұндай өктемдіктің, өжеттіктің өзі әлгіндей өмірге деген құштарлықтан тумай ма?

Шіркін-ай, өмірді қайта бастауға мүмкіндік болса ғой. Көп нәрсені мен басқаша істер едім. Жаратқаның бізге тартқан ең қымбат сыйлығы Уақыт

екенін ертерек түсінгендер не деген бақытты жандар десеңізші!

Бірақ аза бойым қаза болатындай-ақ бүкіл ғұмырым босқа кеткен жоқ қой. Екі жыл Отанға деген борышымды өтеп келген соң, Алматы шаһарында қалып, Алматы құрылыс техникумының «Өндірістік және азаматтық құрылыс» бөлімін бітіріп, туған мекенім Балқаш ауданында қызмет атқара жүріп, Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетін бітірдім. Отбасын құрдым, Аллаға шүкір, бес баланың анасы Галина жолдасым екеуміз жақсы тәлім - тәрбие бердік. Олар түгелімен жоғарғы оқу орындарын бітіріп, өз беттерімен еселі еңбек жолында жүр. Жұрт қатарлы немерелерімнің ортасында мен де шама - шарқыма қарай еңбек етіп келемін. Заманауи тірлік, бітпес шаруа қамы, бабалар дәстүрін ұрпаққа мұра етуге, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге де уақыт тауып, саятшылық құрып, сәйгүлік, бүркіт баптап аңға да шығамын. Оның үстіне бірнеше жыр жинақтарым жарық көрді. Тәубе, өз ойымды құрап, ақын деген киелі атқа кір келтірмей бойдағы дарынымның арқасында сөз маржандарын көзі қаракты оқырман қауымына сыйлап келемін. Бұл аз ба? Әрине, мен үшін аз емес. Мен кейде өз-өзімді осылайша жұбата бастаймын. Осындайда ғажайып ақын Өмірзақ Қожамұратовтың мына жыр-шумағы көңіліме шүкірлік ұялатады:

Өмірге артар өкпем жоқ,  
Ешкімге есем кеткен жоқ.  
Жеткізбей жүрсе біреулер,  
Біреулер маған жеткен жоқ!

Жалпы, адамның миында әркашан бізді ақтап, қорғап істелмей қалған істерге себеп-сылтау тауып беріп отыратын қамқоршы тетік болса керек-ті. Сол қамқоршы механизм - тетік әйтеуір бізді қолынан келгенше қорғап қалуға тырысатын секілді. Әйтпесе, біз өзімізді - өзіміз іштей жеп таусып қояр ма едік. Бұған ақыл-ой көнсе де, жүрек көнбей тулап жатады. Сонан соң ішкі дүние теңіздей толқып, ой мен сезім күресі басталады. Ақыл - парасат пен жүрек сезімі тоғысып қалғанда тұйықтан шығуға жол таппай, бұрқан - тарқан боп, ақыры ашуға мінеміз. Күйіп - пісіп, дел - сал болып, жүйкеміз жұқарады.

Уақыт шындығына мойынсұнбайтын тіршілік иесі жоқ екен ғой әлемде. Бәлкім, содан шығар, әйтеуір, адамдар ерте заманда-ақ уақытты тізгіндеуге әрекет жасаған. Жоғарғы кеңістік те, қиял жетпес жылдамдық та адамға бағынды. Бірақ, Уақыт деген ұлы күш аттай тулап әлі күнге мойнына құрық салдырмай келеді.

Көне заманның данышпаны Сенека былай деп жазған екен: «Әлемдегі барлық мал-мүлік, дүние-жиһаздың бірде-бірі біздікі емес. Біз еш нәрсені меншіктей алмаймыз. Табиғат біздің жеке меншігімізге енші етіп бір ғана нәрсе берген. Ол - Уақыт. Мәңгі өзендей үздіксіз ағып жатқан осы нәрсені ғана біздер менікі, менің сыбағам деп айта аламыз. Бірақ сынаптай сусып, уысында тұрмайтын бұл мүлікті кім болса сол сенен сұрап жатпай-ақ әкете береді. Әрі оны ешқайсысы қайтарып бере алмайды. Мен де Құдай емеспін. Біраз уақытымды босқа шығын еттім. Әйтсе де мен өмірімнің қанша

уақыты қандай іске сарп болғанын жақсы білемін. Өйткені ес біліп, етек жапқалы бері өз меншігімдегі уақыттың есеп-қисабын үзбей жүргізіп келемін».

Демек, адамдар ерте заманда - ақ Уақытты қадірлей білген. Олар да біз сияқты асыққан, уақытты үнемдеуге тырысқан. Ал, бүгінгі жаһандану әлеміндегі техникалық прогрестің түпкі мақсаты не? Қысқаша айтсақ, ол - уақытты үнемдеу. Бірақ уақыт әлі де жеткізер емес. Уақытқа бұрын қандай тапшы болсақ, тап қазір де дәл сондай тапшымыз. Титтей де өзгеріс жоқ, қайта адам бұрынғыдан да асығыс, қарбалас, тағатсыз боп кеткен тәрізді. Қазір кімнен сұрасаңыз да бір минут артық уақыты жоқ. Айналасына, адамдарға, сұлу табиғатқа жайбарақат көз салып, қаннен-қаперсіз тамашалауға мұршасы келмейді. Өйткені уақыт жоқ.

Шынында Уақыт соншалықты аз ба? Әлде біз оны дұрыс пайдалана алмаймыз ба? Мүмкін біз өз дәрменсіздігімізді мойындауға намыстанып, бар айыпты Уақытқа арта салатын шығармыз. Сынаптай сусып, тұлпардай зымыраған Уақытпен жымдасып кету кім-кімге де оңай емес. Соның өзінде, құйындатқан Уақыт-тұлпарды әлдеқашан тізгіндеп, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізіп алғандар да аз емес. Мен сол алтын Уақытты асылындай қадірлеп, қалтасындағы ақшасындай үнемдеп жұмсайтын талай жанды өз көзіммен көрдім және оларды дүниедегі ең бір бақытты жандар деп ұқтым!

Уақыт туралы ойлардың аяқталуы мүмкін емес, сондықтан бәріне төреші асау Уақытты қадірлей білейік!

## АШЫНҒАН АНА ЖҮРЕГІ НЕМЕСЕ АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН АНАНЫҢ АЗАБЫ

Әр адамның өз ойы, дербес пікірі болғаны қандай жақсы. Ойсыздық – адамның ғана емес, жалпы қоғамның жауы емес пе?! 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – бойында ұлттық ар-намысы өшпеген кім-кімге де оңай тимегені рас. Кезінде іштегі қайнаған ызалы ойына шыдай алмаған бірқатар азаматтар айтарын тартынбай айтып жүрді. Ондай жайсаңдарға биліктің боданына бауыр басқан бәзбіреулердің жақтырмай қарағанын да жақсы білеміз.

Кемсітушіліктің талай теперішін көріп, терісі кеңіген, ал енді бірдеңе дейін десе, жамбасына жайлы тиген тағын қимай қипақтап, әрі балашағасының «бақытты болашағын» ойлап дегендей, ертеңгі мансабын мықтап көкейіне түйген біраз ағаларымыз бен апайларымыз қайғы-шерін көңіл төрінде «тұншықтырып», сыртқа шығара алмады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «өз өтініші» бойынша Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты Орталық Комитеттің бірінші хатшылық міндетінен босатқан, орнына «бірауыздан» Г.Колбин мырзаны тағайындаған пленум қорытындысы туралы 16 желтоқсан күні күллі БАҚ жар салды. Теледидар жаңадан келген бірінші басшының кескін-келбетін күн сайын көрсетіп жатты. Бірақ, осы кезеңде ел іштей наразы еді. Бұл наразылықтан туған ой халықты алаңға, Үкімет үйінің алдына алып келді. Сол жұрттың арасында Жансая Сәбитова да бар еді.

Сәті түсіп Желтоқсан ардагерімен кездескенімізде ол сол бір азапты күндерді былайша еске алды: «Шындығын айтсам, біз дүниені дүрліктірген дүрбелеңнің ортасында жүрсек те, күйтұрқы саясаттың құрбаны болып, ақ-қараны айыра алмай адастық. Ақиқаттың астарына түсіне алмай зар болдық, жан дүниеміз алай-дүлей. Не үйге сыймадық, не көшеге шығып байыз таппадық».

Жансая Сәбитова 1948 жылы 24 қаңтарда Алматы облысы, Балқаш ауданындағы Бақанас ауылында дүниеге келген. Мамандығы – мұғалім. Алматы қаласындағы №19 орта мектепте физика пәнінен сабақ беруші еді. Отбасылы, қызы ол кезде бар-жоғы бес жаста болатын. Өмірлік серігі Шәміл Нығыметұлы сол кезде Қазақстан ғылым академиясының Астрофизика институтының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істейтін, физика-математика ғылымдарының кандидаты.

Жансая Әлкейқызы отағасының сол кездегі жағдайын былайша түсіндіре кетті. «Менін жағдайыммен қамығып жүрген кезінде оның жанын жаралай түсуге, сағын сындыруға жанталаса күш салғандар болды. Мен камалғаннан кейін ол инфаркт алды. Жұмысында оны «әйелін дұрыс тәрбиелемегені үшін» деген желеумен партия қатарынан шығарды. Кешегі компартия дәуірінде кімді қажет деп тапса, құлдай жұмсады, ал өзіне қажет емес десе, күресінге лақтырып, талай тағдырды тәлкек етті емес пе?! Былайша айтқанда, ататынын атты, абақтыға жапқандарын қараңғы қапастан шығармады. Аса қауіпті дегендерін итжеккенге айдады. Сібір

ормандарының арасында сүйектері көмусіз қалған аға, апаларымыз қаншама?! Сексен алтының сойқанынан соң да кеңестік империялық саясат өзінің жүйесіндегі дәстүрлі ескі әдетінен танбады. Осы кезеңде де қара басы, қызметін күйттеп осалдық көрсеткен жандар аз болған жоқ.

- Мен, - дейді Жансая Әлкеқызы, - Шәкеннің солардың санатына қосылмағанына, сондай пенделерден алыс кеткеніне, аласапыранға толы қысталаң кезеңде мықтылық танытқанына қатты қуандым.

Отағасы жайындағы жылы лебізін осылай баяндаған Жансая Сәбитова сол желтоқсанның сойқанды ызғарлы күні өзінің қалай тұтқындалғаны жөніндегі әңгімесін жалғастыра түсті:

- Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі туралы СОТА-ның хабары 1986 жылы 19 желтоқсанда «Социалистік Қазақстан» газетінде, 20 желтоқсанда «Правда» мен «Известия» газеттерінде қатар жарияланды. Осынау хабардың соңынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Алматы қаласының тұрғындарына арнаған үндеуі жарияланды. Онда өз талаптарын айта білген, саяси санасы жетілген жастарымызды «бұзақылар, арамтамақтар, қоғамға жат ұлтшыл элементтер» деп балағаттағаны аздай, үндеуде жастарымызға «маскүнем», «нашақор» деген секілді жалған күйе сөздерді жағып жамандады. Ал менің сол күнгі көшеден көрген қыз-жігіттерім, былайынша айтқанда, комсомол жасындағы іні-сіңлілеріміз,

қала кәсіпорындарында еңбек ететін жұмысшы және оқу орындарында оқитын студент-жастар еді. Бұл жалғыз менің пікірім емес, сол кездері көргендердің бәрі де осылай деді. Содан менің басыма: «Ендеше, тағдырымызды сеніп тапсырған сүйікті партиямыз бен өкіметіміздің «жаптым жала, жақтым күйе» жасағаны несі? Олар «қоғамға қастық ойластырған ұлтшыл элементтерді қайдан тауып жүр. Әлде жақыннан жау іздеген 37-нің зобалаңы қайта басталғалы тұр ма?...» деген секілді түрлі күмәнді ойлар орала бастады.

Қалай ойласам да, біздің балаларымыздың басына жабылған бұл жалған айыптар мені де, мен секілді ұлтжанды басқаларды да ақылынан алжастырғандай әсер еткені шындық. Бұл сау кісінің санасына сыймайтын нәрсе деп ұқтым. Шыны керек, бойымды ыза буды, намыс қысты. Сол ызалы күйімде үнпарақ (листовка) жазуға отырдым. Мұны мен өктем орталықтың солақай сұрқия саясатына жасаған кішкене қарсылығым, әрі көрсеткен қайратым деп білдім.

Ақиқаттан аттап кеткен пенде жоқ. Ол бәрібір ашылады, айтылады. Қайда барсам да, менің алдымнан шығып, бетіме басылған айыптың ең зоры да, сорақысы да осы үнпарақ болды. Сондағы менің жауап ретінде айтқаным мынау болды:

– Іргелі ұлт атын иеленген үлкен республикада қазақтан басшы болсын деп дұрыс талап қойып, сол ойларын ашық айтқаны үшін жүздеген жастарымыз жарақат алып, кейбіреулері кінәсіз көз жұмып жатса, оларға мен ана ретінде шырылдап ара түссем, менің

бұл әрекетім айып па, әлде үлкен қылмыс болғаны ма?

Дәл сол кезеңде мен елдің бәрін өзімдей шырылдап, наразылығын осылай танытып жатыр деп ұқтым. Мен секілді балапандарын қорғаштаған кұстай, ұл-қыздарына арашаға ұмтылған аналар көп болды деп ойлағанымды несіне жасырайын...

Қарап отырсақ, кешегі кеңес дәуірінде қазаққа шектеу көп болды ғой. Басқасын айтпағанда, бізді өз республикамыздың сол кездегі астанасы Алматы қаласынан да аулақтатқысы келді. Өзге ұлттың өкілдері біздің жастарымыз секілді «жетім бұрышты» жағаламай-ақ, пәтерлерін алды, еңбек ақысы жақсы жұмыстарға тұрды. Біздің алыс ауылдардан келген казекемдерге үйдің кезегіне жазылу үшін қалада пәлен жыл төлқұжаттық тіркеуде болуы міндетті деген талаптардың қойылған кездері болды. Бізде сол кездері «советтік» деген ұғым «орыстық» деген сөздің баламасы секілді қолданылды.

Иә, сонымен 20 желтоқсан күні Алматыдағы құрылыс техникумының жатақханасына баруға жиналдым, - деп Жансая Әлкейқызы әңгімесін жалғастыра түсті. - Жол-жөнекей қалааралық телефон байланысы бөлімшесіне кірдім. Әлі еш жермен байланыс жоқ екен, сөйлесе алмадым. Содан құрылыс техникумының жатақханасына таяғанымда қолдарына қызыл белгі байлаған екі жігіттің жанынан өттім. Мынаны қараңыз, бала кезімізде кинодан әлденелерді тіміскілеп іздеп жүретін неміс-фашист күзетшілерін көруші ек, мыналар құдды тура солардан аумайды-ау, түстері де суық. Қолдарына

байлағандары қызыл түсті болса да, қаным бетіме шапшыды. Неге дейсіз ғой, мектепте оқып жүрген кезімізде кеңестік туымыздың қызылдығын, пионерлік галстугіміздің өңін қазан төңкерісінде төгілген қанның түсімен байланыстырып түсіндіруші еді. Енді Алматының алаңдары мен көшелерінде жастарды сойыл соққысының астына алып, итке талатып қанын төге отырып, сол қызыл бояуды одан сайын қоюлатып жатқандары жаныма батты, намысыма тиді. Жатақханадан шықсам, қарсы алдымда есігі айқара ашылған милиция машинасы күтіп тұр. Ол машина маған алғашында кинодағы фашистердің машинасындай көрініп, бойымды суық сезім билеп, қарпи бастағанын сезіндім.

–Сіз мына машинаға отырыңыз, – деді милиционер жігіттер. «Қайда апарасыздар?», «Не үшін?» деген сөздерімді тыңдағылары келмей:«Отырыңыз, барған соң білесіз!» деп қолымнан тартқылап, енді манағыдай емес, күштеп мінгізе бастады.

Алматының көп қабатты үйлерін көмкерген сәнді ағаштары да сол күні маған күллі әсем көркінен айрылып қалғандай мұңды болып көрінді. Ал өзім сол кезде алдымда өңім тұрғай, түсімде көрмейтін ауыр да азапты күндер күтіп тұрғанынан мүлде бейхабар едім. Екі жыл бір ай және он бір күн түрме түнегінде отыратындай, қоғамға қауіпті қандай «қылмыс» жасап қойғанымды қайдан білейін? Мені бір сәт көрмесе тұра алмайтын бес жасар Маржаным ботадай боздап қалды. Тәтті қылықтарын тамсана есіме алып, талай түндер көз ілмей, жастығымды жаска шылап, дөңбекшіп шығарымды, аяулы жарым

Шәмілді аңсап, көз жасымды көлдетіп жүрерімді біліппін бе, мен бейбақ?!- деп ойлы көзімен мұндана ұзақ үнсіз отырып қалды. Менің де осы бір сәт қағым тыныштықты бұзуға батылым жетпеді. Ол бірер минуттардан кейін әңгімесін қайта жалғады:

– Бірде тергеушінің: «Сіз орыстармен бірге тұрып, бірге жұмыс істей жүріп, оларға қарсы қойныңызға тас сақтап жүреді екенсіз. Әлде олардың ішінде шын достарыңыз жоқ па?» – деп тергеуге алғаны бар. Менің жауабым мынадай болды: «Әрине, шынайы достарым бар, көп болды. Олардың алдында бұл ұят қой. Бірақ, менің халқымнан ұялған бір орыс бар ма? Шын көңілімен мына кеңпейіл, қайырымды, үйіне кісі келсе, құдасындай күтетін қонақжай қазағымыздың алдында «масқара болдық-ау, кешірсінші!» – деп біреуі ер мінез көрсетсе, ондай парасаттылықтан мен қашпаймын. Алайда, менің әрекетім күллі халықты қаралаған, қазақты қорлаған, «бастаушымыз – партияның» ақылсыз, көңілге қонымсыз шешімінің алдында түк те емес.

Мен түрме тозағынан босағанша осы сөзімнен танбадым. Маған тағылған айып ауыр болды. Мен Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушы, арандатушы, соған белсене қатысушы атандым. 1987 жылы 2 ақпан күні мені колонияға әкелгеніне тура екі апта толды. Сондағы байқағаным – колониядағы қылмыскерлердің әлеуметтік құрамы және олардың жай-күйі өте нашар екен. Тұтқындардың дені – тұрмысы жайсыз отбасылардан шыққан, жасынан жақсылық тәрбие көрмеген жастар. Бесіктен бөлі шықпай жатып, мейірім, шапағат-шуағы дегеннің

не екенін көзімен көріп, жанымен сезініп өмірін өткермеген бала кім болып өссін, ұры-қары, баскесер болып өспей ме?!

Мені колониядан МҚК-нің сұрауына байланысты тергеуге қайта алып келді. Халық қауіпсіздігін сақтау комитетінде екі айдай уақыт сұрақтан-сұраққа алумен болды. Алматыдағы оқиғаның ізін тезірек ашу үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен ғана емес, Кеңестер одағының әр шалғайынан тәжірибелі деген тергеушілер алдыртылған еді. Ташкенттен келген тергеуші Соловьевтің де білуге тырысатыны баяғы – «оқиғаны кіммен бірге ұйымдастырдың?» деген сауалдан аспады. Бұған менің жауабым баяғыда дайын, бірден қысқа қайырамын. Бұдан нәтиже шықпаған соң, аналық арыма тиетін ойын қылтитады: «Ойланшы, Жансая, – дейді, тектен-текке бес жылға кетіп бара жатырсың. Бес жылда кішкене қызың Маржанды бір рет те көре алмайсың. Сол аралықта қызың өсіп қалады. Бәлкім, түрмеден азып-тозып оралған анасын танымай қалуы да мүмкін ғой, ә?».

Жанымды қинап, ертелі-кеш қоятыны осындай бір сұрақ. Мұндайда менің айтарым мынау: «Ондай ұйымдастырған адам жоқ қой, жоқ! Алаңға әркім өзінің жүрек әмірімен шыққан. Мұндай оқиғада ұйымдастырушы болмайтынын неге ұқпайсыздар!» – дегенді айтумен болдым. Менен түк шықпаған соң, қайтадан колонияға жіберді.

Сырттан хат кімге келсе де ашылып, оқылған күйінде келеді. Түрме тәртібі осылай. Цензурадан өткеннен кейін ғана иесін табады. Менің өзім каншама хат жаздым. Қызыма арнадым, алыстағы

ағайын-туысқа хабарымды білдірдім. Іштегі құса боп қатқан жан дүниемді ақтара отырып, оларды тілім жеткенше ащы өлең жолдарымен жаздым. Соның бірі мына өлең:

## ҚЫЗЫМА

Адал болма, қажеті жоқ, сен кешір!  
Ыңғайын тап, ит тірліктен қысылма...  
Өтірік күл, алда, айтпа елге сыр,  
Ақ көңілмен досқа да қол ұсынба!

Білем, ботам, аппақ сенің көңілің,  
Достарыңнан аяғың жоқ барыңды.  
Әділ болма, қор болады өмірің,  
Сол әділдік сындырады қарыңды!

Бұл мінезбен ара түсер адалға,  
Болысасың наһақ күйген міскінге.  
Арандайсың, отырасың қамауда  
Анаңа ұқсап зар-өкініш үстінде!

Сен түрменің көтере алмай қорлығын,  
Іштен тынып, шын өлесің құсадан.  
Анаңа ұқсап күнін кешкен сорлының,  
Адал болма, ботам, маған ұқсама!

Өтірік айт, қалмау үшін арандап,  
Өзгелердің жыртпа мүлде намысын.  
Күллі пенде күн кешіп жүр амалдап,  
Күл болып жүр, қу жанының қамы үшін!

Қара бастың қамын ойла, өс, жаным,  
Ешкім үшін отқа түспе, күйінбе,  
Елді ойлама, басқанікі – басқа мұң,  
Ата салтын шын ұстасан, күйің не?

Мен қорқамын әділ, адал мінезден,  
Табарың не, соққы, қорлық, азап па?!  
Менше шыдап, тістенумен кіл өзге,  
Қор болу ма, не қадірлі қазаққа?!

Ақ періштем, ертегіге алданба,  
Әділ болма,  
Ал адалдық жоқ жалғанда!

*Алматы, Мемлекеттік қауіпсіздік  
комитетінің түрмесі.  
Ақпан, 1987 жыл.*

Жансая Сәбитованың мына жазған өлең жолдарынан жүректі тіліп парша-парша етіп қанға бояған, сенім атаулы деген тапталған сол заманның қоғамдағы қою кара бояуын айдан анық көру қиын емес. Жан түршігерлік бес жыл өмірінің алғашқы бір жылдан астам уақытының халық қауіпсіздігін сақтау комитетінің түрмесінде, сонан соң екі жылға жуық саясатқа өте қауіптілер колониясының тар қапасында жазықсыз отыруы жанға батқанын кім болса да ұққаны жөн. Мұны төменде өзі айтқандай, Отанын ардақтай білген жанның жүрекжарды лебізінен де байқауға болады:

– Мен адамзат атаулыны жақсы көремін. Өз

ұлтым болған соң қазағымның атына кір келтірмеуге тырысамын. Менің ұлтыма әлдекімдердің артық ғайбат сөз айтқанын естісем, қылдай қиянат жасағанын көзім шалса, шыдай алмай кететін әдетім бар. Осы ретте менің басымда пендешіліктің кішкене жұқанасы барлығын да жасырмаймын. Өйткені, халық бойынан аңғарылған осалдықты әр ұлтта болуы тиісті кемшілік деп санаймын. Артығын асырмай, кемістігін жасырып, жабуға тырысамын. Бірақ, сол азапты күндер жүйкеме де, жүрегіме де айықпас із қалдырды. Ол кейде мынадай өлең жолдарына айналатын:

## ОТАН

Сүйем сені, Отаным менің,  
Жүрсем сен деп азаппен сорлап.  
Шықсашы деймін атағың сенің,  
Тұрса да заман мазақтап, қорлап.

Сүйемін сені жүрекпен шындап,  
Сыздаумен жаным сорыңа қалың.  
Құтқармақ едім нұр төккен күнді ап,  
Қамады-ау мені торына залым?!

Есірді есер арманды жерлеп,  
Сұрамай әсте тіріден парқын.  
Даңғаза мадақ жалғанды кеулеп,  
Іріген халқым, шіріген даңқың...

Көрсөкыр мылқау таскерен болған,  
Кешелер көнсе зорлыққа мынау...

Бұрқады лаулап жас өрен арман,  
Мүмкін бе енді қорлыққа шыдау.

Билесе елдің тағдырын қорқақ,  
Қалайша сорлы болмайды Отан?  
Өзіңмен мәңгі жан нұрым ортақ,  
Сенемін мен қолдайсың, Отан!

*1988 жылдың 15 маусымы.  
Қарағанды қаласындағы  
орталық әйелдер ауруханасы.*

Осы бір түрменің тар қапасында жазылған өлеңнен желтоқсан ардагерінің Отанға, ұлтына, халқына деген ерекше сүйіспеншілігі мен кіршіксіз мөлдір сағыныш сезімін байқауға болады. Сөйте отырып ол елдің тағдырын қорқақ билесе, Отанның сорлы боларын уытты сөзбен жеткізе айта алған. Отаным деген өксігін өлең жолдарына айналдырған Жансая түрмеде жатып қаншама жерге хат жазады, онда да ол өзінің кінәлі емес екенін дәлелдеумен болды. Жоғарғы сотқа жазған хатына жауап болмады. Қайта жазды. Көп ұзамай Қарағанды түрмесінен жазған хатына 1988 жылы 16 маусымда Алматы қаласынан Жоғарғы соттың шешімі келді.

*«...ПОСТАНОВИЛ: Протест Председателя  
Верховного Суда Казахской ССР по делу Сабитовой  
Жансаи Алькеевны оставить без удовлетворения.*


*И.о. Председателя Верховного  
Судя Казахской ССР Пушечников А.Г.»*

Көмегі жоқ келушілер мен септігі тимейтін сөйлеушілерден еш нәтиже болмаған соң, іштей құлазыған көңілі бәрінен қалды. Бірақ, тар қапастың саңлауынан үміт ұшқыны қарай берді. Ақыры, канатын талдырып сарғая күткен қуанышты күнде келіп жетті. Жансая Сәбитова 1989 жылдың қаңтар айында жазықсыз жазадан біржола ақталып босатылды. Сонымен «әділдік біздің көшеде де салтанат құрды» деген осы болды. Қысқаша түйіндеп айтқанда, ағадан бауыр, әкеден отбасы, анадан бала айырылған аласапыран заман артта қалады. Дей тұрғанмен, кезінде бәріміз жабыла жырлап мадақтаған, жетістігін көкке көтерген компартия заманының, коммунизм «белесіне» жол тартқан социалистік қоғамның бізге берген мол «бақыты» айналып келгенде қасірет боп аяққа оралды...

Жансая Сәбитова арадағы сәл тыныштықтан соң, сөзін қорытқысы келгендей, сыртқа, сонау алыс көкке бір қарап алды да күрсіне сөйледі:

– Отағасым Шәміл менің наһақтан қамауға алынғанымды түсінді. Егер ол сол кезде менің жайымды, жанымды ұқпаса, тағдырым не болар еді? Мен қайда барар едім, кімді пана тұтар едім? Жолдасым мойымады. Басына түскен салмағы батпандай бар ауыртпалықты ер азаматша көтере білді. Жакындары мен достарының алдында ғана емес, іргелі ұлтының алдында, Жаратушы Алланың алдында мерейі үстем болды деп есептеймін. Бірақ, мұның бәрі бүгінгі күні айтуға жеңіл болғанымен, кезінде жүйкеге, жүрекке көп жүк түсірді, машақаты мен азабы қабырғаны қайыстырды.

Күрсіне айтылған осынау ойдың артында қайғысы басым, қасіретке толы Желтоқсан көтерілісінің әділдігі мен тарихи бағасы күні бүгінге дейін шегіне жете толыққанды айтылмай келе жатқандығы тұрғысынан біз де түсіндік. Бірақ, ұлттық рухы биік қайсар халқымыз бар да әділдіктің ақ мұратының түптің түбінде салтанат құрарына сенгіміз келеді. Өйткені, бұл мәселені біз бабаларымыздың сан ғасырлар бойы еркіндігіміз бен тәуелсіздігімізді аңсаған күрестерімен өзара байланысты, дүбірлі үні бір қазақ тарихының заңды жалғасы деп түсінеміз.



## ҚАСҚЫР ЕМІ НЕМЕСЕ АШЫНҒАН АРЛАН ӘЛЕГІ

Талай - талай қасқыр көріп те, атып та жүріп, мені бір арлан қатты таңқалдырды: тұмсығы қайқы, жотасы ұзындау, құйрығы келте. Сыртқы пішіні бөлекше, арты көтеріңкі, алдыңғы жағы төмендеу көрінді. Түрі адам шошырлықтай айбатты әрі ызалы.

Бізден қашып құтыла алмасын білген соң, айбат шегіп, аузын кереғар ашқан күйі қарсы шапты. Осы кезде машинаның рөлінде отырған Беко деген әйгілі аңшы жігіт «атыңдар!» деп дауыстап үлгергені сол еді, шүріппені басып қалдым. Қасқырдың көзі қызыл, қарақұйрықтардың көзі көк түсті болады ғой. Алмұның көзі от шаша жанып тұрғандай. Бір айтарлығы, иттің тісі тіке болса, мен көрген арланның ырылдағанында көргенім – қармақ секілді имектеу, бір-біріне айкасып үшкірленіп біткен азу тістері тура қанжардай қарш-қарш етіп аксиып тұрды. Жаралы арлан үн шығармаса да жан - жағын жалмап жіберердей ызалы, адамға қарсы ұмтылатындай қауқарлы айбаты бар.

Тиген оқ бел омыртқасын бөліп жіберіпті. Біз үшеу болсақ та жанына дереу жетіп баруға батылымыз жетпеді. Қасымдағы Марал Қазкенұлы серігім қобалжыған күймен сөйледі: «Жақын көрген қиын екен, жан дүнием астан-кестен болды». Ол алғашқы кезде-ақ қатарға келіп қалған қасқырды «қонақсын ғой ат енді» дегенімізде: «Көзі-көзіме түсті, денем мен ішкі жан дүнием дір ете қалды. Көңілім бір жағымсыз күйге түскендей боп тұр, мен атпаймын!»-деп қолындағы қаруын машинаның ұлтанына тастай салған еді.

Қансырап жатқан қасқырды аңшы Беко «жанын кинамайық» деп қайта атты. Ол бізге қараған айбарлы күйде екі аяғын алға созған күйі сылқ етіп құлады. Төніп тұрған ажалға қасқиып қараған арланның мына қайрат күші мені үлкен ойға қалдырды. Тіпті ұлып та үлгермеді. Екі бүйірін ішіне тартқан күйі көтерген кеудесімен бізге тап-тап беріп барып жан тапсырды. Көк бөрі арланның жан екпінді аяқ серпіген соңғы айбатын осылай көрдім.

Ал адам қайтер еді, қарсы келген ажалға қасқиып тұра алар ма еді? Тұрса тұрар десек те, кейде пенделік жасайтынымыз рас. Мұның бір адамдай жеткізе жырлап өткен ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай, жарық дүниені қимайсың. Қадіріне жетпеген күндерің көз алдында көлбеңдейді де тұрады. Ақын М.Мақатаев демекші, осындай сөз реті келгенде поэзия көгінде құйрықты жұлдыздай жарық етіп ағып өткен Баубек Бұлқышев, Төлеген Айбергенов, Меңдекеш Сатыбалдиев, Жүсіп Қыдыров, Кеңшілік Мырзабеков, Жүмекен Нәжімеденов секілді тағы басқа да ақындарымыздың тым қысқа ғұмырын еріксіз еске алғың келеді. Жә, бұл басқа тақырып дейін...

Сонымен қасқыр жегеніне, тойғанына емес, қырғанына мәз болады деседі аңшылар. Мен сөз реті келгенде ол жыртқыштың емге қажет тұсын айта кетейін. Жас босанған әйелдердің омырауының ісіп кетуі көп тараған аурудың бірі. Сондай кезде қасқырдың кептірген бауырын кертіп, сіріңкенің басындай екі бөлігін кесеге кішкене суға езіп, екі рет жақса, ісік сап басылады екен. Сондай-ақ қасқырдың ішмайы бала көтермеген әйелге мың да

бір ем. Ішмайды несеп жолына да жағады деседі. Ал қасқырдың бүйрегін сойғанда жылыдай шокқа аунатып жесе - өкпе ауруына емдік қасиеті бар көрінеді. Қасқырдың азу тісін жағымен бірге немесе тістің өзін суға салып жас нәрестені шомылдырған да жөн екен. Сонда біздің қазақтың бала тіл-көзден аман болады дегені ғой. Қасқырдың өті белге, құрт ауруларына пайдалануға болады, бірақ оның мөлшерін білмесе өте қауіпті екен. Өттің көлемі сірінкенің қарашығынан аспауға тиіс.

Қасқырдың ерекшелігі сол - бір ізін бір ізі басып отырады. Кәнігі аңшылардың сөзіне қарағанда, бес қасқыр бір ізбен бірге жүре алады екен. Мұны байқап білмеген аңшы бір қасқыр жүріп өткен екен деп ойлауы мүмкін. Иттің ізінен қасқыр ізінің айырмашылығы мынада: ит ізі тырнағымен тіке түседі екен де, қасқырдың ізі сүйірлеу келеді екен. Иттің алдыңғы ізінің қасына кейінгі ізі тиер-тиместей қисық түседі екен. Бес қасқыр шенгел түбінде бесеу боп жатар болса, суға түсерде біреу боп із басады. Шілдеде судың маңынан, көктем шыға апаннан ұзамайды. Әрине, қыста із кесу әлдеқайда оңай, сондықтан қансонардан кейін із кескен жеңіл.

Қасқыр көктемде апанын суға екі-үш шақырымдай жерден қазады, маңайындағы оншақты шақырым көлеміндегі отарға тимейді, сақ болады. Ал апанына жақын жерден адам көрсе, бөлтіріктерін ертіп басқа жаққа ауып кетеді.

Қасқырдың тағы бір өзіне тән қасиеті өте кекшіл келеді, бөлтіріктері біреуден жәбір көрсе, оның қыр соңынан қалмайтын көрінеді. Кейде сол адамның қапысын тапса, шабуыл жасауға дайын тұратын

қасиеті бар немесе қорадағы малына тиеді, өзіне әбден қанағат тапқанша тыныштық бермейді. Құм қасқырлары сұр түстес болып келеді, ал жусанды жерде жүретін қасқырдың түсі де жусан түстес, байқамаса ажырату қиындау болады.

Қасқырлар әдетте бір-бірінің шекарасын бұзбайды. Бұза қалған жағдайда қай жеңгені сол жерге ие болып қалады. Бір түнде 30-40 шақырымдай жерді жүріп өтетіндері де бар.

Бірде Қуатбек ақсақал қасқыр туралы былай деп әңгіме бастады:

– Балықтыкөлдің басында сиыр бағып отыр едім, - дейді ақсақал. - Көрші қойшы бала атпен жедел шауып келген бетте қорада мал жайлап жүрген маған суыт келді.

– Аға, мен бір жарты сағаттың шамасында қасқырдың апанын көрдім, бөлтіріктерін ойнатып жүр. Жүріңіз, барып бөлтіріктерін алайық, - деп қоймады. Қолыма қос ауыз мылтығымды алып балаға ердім. Келсек апанда бөлтіріктер де, қасқыр да жоқ. Содан із кестік. Бала іздерді тапқан соң, ізге түстік. Мынаны қараңыз, біздің келетінімізді сезгендей бөлтіріктерін мәліннің ініне жасырыпты ғой. Жеті бірдей бөлтірігін алып ауылға келдік. Үйге келсем орталықтан ағайындар балаларымен қыдырып келген екен, бесеуін солардың балалары алды да кетті, екеуін өзімізге қалдырдық.

Солкүні мынадай оқиға болды: түнімен мал жатпай шулап, өзім таң атқанша мылтық атумен болдым. Ертеңіне күндегі әдетімше мал қораға бара жатсам, төбенің үстінде маған қарсы қарап тұрған қасқырды көрдім. Байқасам, біреу емес, екеу боп шықты. Сол

күннен бастап иығымнан мылтығым түспейтін болды. Ызаланған арланы мен қаншығы мен қайда барсам, сонда анадайда қыр асып жүреді. Барған жерінің малын шулатып, жаралап кетеді. Содан ізіне түсіп, қақпан құрдым, түспеді. Үлкендерден ақыл-кеңес сұрауыма тура келді. Сол кезде ауылдағы соғыс ардагері Балқыбек деген ақсақал бір қолымен қақпан салатын, соған бардым. Уәделескен күні ақсақал екеуміз қасқырдың сарыған жерін тауып, қай маңда жасырынып жүргенін білдік. Ескі ақыр, көне құдық... сарыған жері осы деп белгі салып, қақпан құрдық. Қасқыр деген әккі ғой, санап жүрдім, он төрт күн өткенде қақпанға бардым. Барсам, бір қақпанымды шаптырып кетіпті де, екінші қақпанға қасқырдың қаншығы түсіпті. Олардың біреуі қақпанға түссе, екіншісі сол маңнан аулақ кетпей серігін іздейді екен де, екіншісінің де қақпанға түсіп қалатын аңқаулығы бар екен. Біз осылай малға шапқан қасқырлардан құтылдык,-деп әңгімесін аяқтап еді Қуатбек қарт.

Кейде ойды ой қозғайды дегендей, есіме үлкендерден естіген тағы бір әңгіме түсіп отыр, соны да айта кетейін. Әлиасқар деген қойшының қос төбеті болғанын мен де көрген едім. Қаншығы шымқай ақ, төбеті де ақ болғанымен арқасында ала дағы бар еді. Сонда қойшының қойлары қыстай ашық қорада жататын. Бірде қорадағы қойға ұмтылған қасқырға төбеті жағаласа кетеді. Иттің үргенін естіген Әсекең жеңіл киіне сап қораға жүгіреді ғой. Келсе қойлары екіге жарылған, ортадағы ашық алаңда қасқырмен төбетінің алысып жатқанын көреді. Дереу үйге жүгіріп барып мылтығын әкеледі, атайын десе итке тиіп кетер деп біразға дейін қасқырды көздей алмай

жүреді. Иесі келгенін сезген төбет ит екіленіп, қасқырдың тамағынан алған күйі қасқырды тықсыра түседі. Жарты сағатқа созылған айқас төбеттің жеңісімен аяқталады.

Әңгіме арасында Әлекеңе: «Қаншық төбеттің көмекке бармағаны қалай?» - дегенімде, ақсақал: «Қаншықта төбеттей жүрек жоқ», - деді. Сол төбеттің ажалы ақыры арлан қасқырдан болыпты.

-Бір күні таң қылаң берген кезде қорадағы қойлар маңырап, иттер шуласып кетті,-дейді ақсақал. - Қораға келсем, қойлардың үріккендері болмаса, дін аман. Ал иттердің үрген дауыстары қораның артқы жағынан шығады. Ит-құс келген ғой деп біраз тұрдым да, үйге кірдім. Бірақ иттердің әлденеден секем алып үргендері басылмады. Киініп қора жаққа қайта бардым. Үріккен қойлар жатпапты. «Соңғы кездері ит-құстар (бұл ырымшыл қазақтардың қасқырдың атын айтпай осылай атайды) жиі келетін болып жүр ғой» деп ойладым да, үйге барып мылтығымды алып иттер үрген жаққа барғым келді. Сол оймен үйден мылтық алып шыға бергенімде қаншығым қаңсылап алдыма жүгіре түсіп мені бір жаққа шақырғандай дегбір таппады. Қаңсылап үрген иттің артынан мен де ілесіп ере бердім. Таң атып қалған шақ, айнала төңірек көріне түскендей жарықтана бастаған. Бірақ жүрген сайын көңілім әлденеден секем алғандай қобалжи түсті. Бір шақырымдай жер жүрген кезде алдымда сұлап жатқан төбетімді көрдім. Әбден таланған, қансырап жатыр. Жан - жағыма алаңдай барлай қарасам, анадай жерде арлан қасқыр маған масаттанып тұрғандай айбат көрсете қарайды. Жанында қаншық қасқыр, екеуі итке жабылып талағандарын енді түсіндім. Бір

қарасам, екі қасқыр бүкең желіске салып бел асып барады. Төбеттен айрылған соң көпке дейін қойларды жабық қораға қамап қарап жүрдік. Қасқырлар қайтып келмеді. Сонда менің бір түсінгенім: арлан тамақ үшін емес, төбеттен өшін алу үшін келіп жүрген екен ғой, бәтшағар. Ал төбетімнің үйден ұзап кетуінің бір себебі - қаншық қасқырдың алдамшы әрекеті деп жорамалдадым. Өйткені үйден ұзамауы керек еді, оны алдап алыстатқан қаншық қасқыр дедім. Ал осы кезде арлан алдан жол тосқан. Сөйтіп төбет алданып қапыда мерт болды. - Әлекең әңгімесін мұңлы кейіпте аяқтаған...

Жалпы, «қасқыр», «көкжал», «бөрі» деген сөздер қазақта жігітке жай бір мақтау-мадақтау ретінде айтыла салмайды ғой, қайта ол сол тұлғаның өн бойындағы өршілдігін танытатын өр мінез қасиетіне қатысты балама ретінде айтылатыны тағы бар. Жырлары ақ семсердің жүзіндей жарқылдаған адуын ақын, өз басын еркіндік жолына тіккен даланың дауылпаз қайсар батыры Махамбет Өтемісұлының от шашқан өлең жолдарында осынау сөздердің жиі кездесуі де бекер емес шығар...



## ЖЕЛТОҚСАННЫҢ АЩЫ ЗАПЫРАНДАЙ ШЫНДЫҒЫ

«1986 жылғы Алматыдағы «Желтоқсан оқиғасы» деп аталған Желтоқсан көтерілісі көлемі және рухани қуаты жағынан бүкіл Кеңестер Одағындағы демократиялық қозғалыстардың көшбасшысы болды.

...Қазақстан билігі Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығын да ескерусіз қалдырды. Әлі күнге дейін республикамыздың тарихы жазылған кітаптарда және мектеп оқулықтарында Желтоқсан көтерілісінің шындығы мүлде жоқ. Билік қалыптастырған бұл тонмойындыққа әділетті көзбен қарар кезең әлдеқашан келгенін ескертеміз» (Қазақ Ұлттық Кеңесінің Мәлімдемесінен).

Осы оқиғаға байланысты КОКП Орталық Комитеті асығыс әрі шикі қаулы қабылдады. Қазақстанда естіген ел күлгендей ешқандай ұлтшылдық болған жоқ және оған еш негіз де жоқ еді. Сондықтан, республика жұртшылығы, біздің халқымыздың табиғатын түсінген барша ел аталмыш қаулыны қабылдамады. Бір қуанарлығы – көп ұзамай КОКП Орталық Комитетінің бұл қаулысы жұртшылықтың заңды талап етумен, дәлірек айтқанда, елдің қысымымен 1990 жылы сәуір айында өз күшін жойды. КОКП Орталық Комитеттің комиссиясы атап көрсеткендей: «Қабылданған қаулыда жекеленген тұжырымдар мен саяси бағалар шын мәнінде қате және өткен оқиға қазақ ұлтшылдығы бола алмайды». КОКП Орталық Комитеті өзінің қателігін ресми түрде

мойындап, тұтас бір халықтан әділетсіз айыптауын алып тастады.

Ия, ол кешегі кеңестік әміршіл қатаң саясаттың сені мен бодандықтың бұғауын бұзған, тәуелсіздігімізге бастау салған және оны жақындатуға үлкен септігін тигізген көтеріліс болды. Бірақ, өкінішке орай, желтоқсан айында, нақтырақ айтқанда, 1986 жылдың 16-18 желтоқсан күндері Алматы қаласындағы сол кездегі Брежнев алаңында болып өткен көтерілісте талай жан жапа шекті. Алаңға жиналып, бейбіт жолмен өз талаптарын қойып, еркіндік сұраған шеру өрімдей жастарды арнайы жасақталған қарулы әскер күштің аяусыз басып-жанышумен аяқталды...

...«Көз өзіне сенеді, құлақ өзгенің сөзіне сенеді» дегендей, сол шындыққа көз жеткізу үшін, сол кездегі Брежнев алаңына бет алған едік. Жалғыз біз емес, осы ойдағы халық өте көп болып шықты. Біз барғанда лек-лек боп ағылған жұрт алаңда біршама жиналып қалыпты.

16 желтоқсан күні орталық алаңға жиналған жастардың қарасы ертесіне де көбейе түсті. Сол күні алаңдағы шалқыған әннің әсерінен ойымыз да, бойымыз да сергек болғанымен, желтоқсанның сол күнгі түні тым ызғарлы әрі аязды болды. Бізге сол кезде Алматыда желтоқсан айында бұрын мұндай ызғарын шашқан қытымыр аяз болып көрмеген тәрізді боп көрінді.

Кенет түнгі сағат екі шамасында шерушілер бытырай бастады. Қайдан сау етіп, шұғыл түрде жеткізілгені белгісіз, бірақ бет-келбеттерін тұмшалап жауып алған, ит жетектеген, кейбіреулерінің

бір қолында сапер күректері бар, екінші қолына қорғаныс қалқан ұстаған арнайы қаруланған әскер тобы сап құрған бойы алаңда алаңсыз тұрған жастар легін қоршай лап қойды. Кенеттен басталған айғай-шу, қым-қуыт қарбалас қимылдан, қыздардың шыңғырған ащы зарлы дауыстары мен бозбалалардың жігерлі айғайы құлақ тұндырады. Алдын ала арнайы әзірленген әрі мұқият қаруланған топқа қанша қарсы тұрамыз десек те, ұзақ шыдап тұра алмадық. Қоршау қыспағында қалған жастарға оңды-солды аяусыз сілтенген соққылар жиілеп, үдеп кетті. Оның үстіне алаңда шашырай бастаған жастарға өрт сөндіруші машиналардан атқылаған тастай суық су денемізді мұздатып, қарсы батыл қимылдауға шама келтірмеді, тоңдыра бастады. Көк тайғақ мұзда жүруге шамасы келмегендері алаңда құлап жатты. Шамасы келгендері бір-бірімізді қолтықтап сүйеп алып кетуге тырысқанымызбен, көбіміз алаңнан алыстап шығып кете алмадық. Өйткені алдын ала жақсы дайындалған қарулы жасақ қыстың қақаған аязында алаңда өріле төселген мұз қара тас үстінде керзі етікпен, темір күрекпен бас-көз демей, соққылары мен тепкілерін үдете түсті. Бұл өзі адам жаны түршігерлік, бірақ жан бермеуге тырысып баққан, азаттық үшін арпалысқа түсіп алысқан аласапыран кезең еді. Жасындай жарқырап өткен адуын ақын Төлеген Айбергеновтың жыр шумағымен айтқанда:

Шығам деп шырқап асқарға,

Тайғанда табан тастарға,

Сүйендім арлы достарға,

Армандай қарындастарға! – дегендей күй кештік.

Бір айтарлығы сол, сол кезде тәртіп сақшыларының кейбіреулері алаңда сұлап жатқан жастардың қолтығынан демеп, жол сілтеп жатқандары да болды. Шамасы төрт-бес жігіт боп орталық алаңнан қол созым жердегі Фурманов көшесіне қарай бет алған кезде артымыздан жүгіре жеткен тәртіп сақшыларының бірі жақындай кеп: «Жігіттер, Абай көшесіне қарай қашыңдар!» деп анадайдан айғайлады. Түнгі самаладай жарқыраған шамдардан байқамаған екенбіз, екі жүз метрдей жерде бізге қарсы ентелеп жүгіріп келе жатқан қарулы әскер тобын көрдік те, дереу бұрыла сала төмендегі Абай даңғылына қарай жанталаса жүгірдік. Сол бір қиын-қыстау мезетте бізге жол сілтеген азаматтың аты-жөнін сұрау қайда, алаңды тастап шығу мұң болды ғой. Сонда да сол азаматтың жақсылық шарапатын тәуелсіздік мерекесі күндері еске алып, ризашылығымды білдіргім кеп тұрады.

Дегенмен біздер сол қанды желтоқсандағы түнде біраз жастардың соққыға жығылып, қайғылы жағдайда көз жұмғандарын да білдік, ертесіне олардың кейбіреулерінің аттары да аталып жатты. Бүгінде тәуелсіз елімізде Ләзат Асанова, Сәбира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков сынды тағы басқа да халқымыздың қаһарман ұл-қыздарын білмейтін жандар кем де кем шығар.

Ертеңіне демекші, жігер отын желтоқсанның көк тайғақ мұзына жаныған жастар тобы алаңға қайта жинала бастады. Бұл жолғы ашынғандығымыз соншалықты, қолымызға қару түссе ғой деп

армандағанмыз да болды. Кейін білсек, сол кезде кеңестік одақтас республикалардың сегіз қаласынан құпия түрде арнайы жасақталып келген қарулы әскер Кремльдің жоспары бойынша Алматының алаңында 17-18 желтоқсан күндері «Метель» операциясын өткізіп, сынаулары тиіс екен де, біз көрген түнгі канды оқиға соның алғашқы сынағы екен...

Сонымен, түнгі қарулы әскердің шектен шыққан озбыр әрі басынған астамшыл әрекеттеріне қанымыз зығырдай қайнағанымен, сол жылдары буыны толық катып үлгермеген өңшең көген көз жастардың бейбіт түрде еркіндік сұрап, өз талаптарын батыл жеткізе білген өршіл де өткір мінездері көз алдымнан кетер емес.

Алаңға 18 желтоқсан күні де біраз адам жиналды. Қазір шамалап айтар болсам, 15-20 мыңдай халық болды. Әсіресе, жастар жағы «Қонаев!» деп дауыстап айғайлап тұрды. Өйткені сол бір киын сәтте Д.А.Қонаевтың өз аузынан бір ауыз сөз естігісі келгендер көп болды. Бірақ ол кездегі аласапыранға толы әміршіл басқару заманында биліктің Д.А.Қонаевты халық алдына шығармақ түгіл, тұтқындап ұстап отырғандарын біздер сол алаңда тұрған кезде-ақ білдік. Сондықтан жастар жағы: «Қонаев үшін жан пида, өлсек те кетпейміз!» деп өз ойларын ашық айта бастады. Қазір ойлап отырсам, бұл менің замандастарымның азаттықтың ақ таңын аңсаған ішкі күдіретті бұлқыныстары екен ғой. Алаңдағылар арасында түнгі шайқас бүгін тағы да қайталанады деген сөздер де айтылып жатты. Бір айтарлығы — кешегі түнде алаңдағы жастарға жасалған өктемдік пен озбырлық әрекеттер ел

арасына тез тарап, алаңдағы жастардың ұлттық намысын одан әрі қоздыра түсті.

Ұмытпасам, сол күні сағат он бірдің шамасында орталық алаңдағы мінбеге Г.Колбин бастаған құзырлы орындардың басшылары жинала бастады. Олар түнгі жантүршігерлік қанды қырғыннан түк хабарсыз жандардай, ол жөнінде ләм деп бір ауыз сөз айтпады. Бар айтқандары: «Бүлікті тоқтатындар, әйтпесе күш қолданамыз!» дегендей қорқыта, үркіте сөйледі. Ал бүгінде елімізге белгілі деген бір топ өнер адамдары мінбеге шығып алып, қазақ жастарын «тәртіпсіз, бетімен кеткен бұзақылар» ретінде ғайбаттап қаралап сөкті. Олардың бұлай қаралап сөйлеген біржақты пікірлеріне жиналған жұрттын көпшілігі наразы болды.

Сонымен, сол күні түс ауа сағат 15 пен 16 шамасында арнайы дайын тұрған қарулы жасақтар жастар легіне қайта лап қойды. Жағдай кенеттен аяқасты шиеленісіп кетті. Біз үшін «құйын-дауыл» қайта басталып кеткендей болды. Бірақ, бұл жолы ызаға булығып, намысқа тырысқан жастар да дайын тұрғандай қарулы топқа қарсы иықтаса әрекет жасап бақты. Күн батқанша қарулы жасақтардың бірнеше машинасы аударылғанымен, олардың қатары көбейе түсті. Соққыға жығылған, ауыр жарақат алған жастар да аз болмады. Қарулы жасақтар шептен шыға берген жастарды және соққыға жығылғандарын дереу машинаға тиеп алып кетіп жатты. Ол кезде оларды қайда алып кетіп жатқандары біздерге белгісіз еді. Сол түнгі шайқас шамамен сағат 23-тен 24-ке дейін жалғасты. Түн ауа жастардың сойқаннан аман

қалғандары сұлап жатқан қандастарына көмектеспек болғандарымен, олардың өздерінің де шамалары келмеді. Оның үстіне аланды қоршаған қарулы жасақ қатары көп болды. Ал енді кейбір тәртіп сақшылары алаңнан жырыла қашқан жастарды іздеріне түсе қуған бойы жатақханаларына кіріп, оларды сол жерде соққыға жықты, жауап алу үшін шаптарынан сүйреген күйі арнайы автобустарға әкеп тықты. Бір сөзбен айтқанда, сол кезде желтоқсандықтарды жаппай іздестіру-жазалау науқаны қызу басталып кетті.

Кейін білсек, жаралы жастарды Алматы іргесіндегі Ақсай жырасына апарып өлекседей төккен екен ғой. Арадан отыз жылға жуық уақыт өтсе де сол жыраның ой-шұқырында қаншама боздақтардың сұраусыз жатқаны, хабарсыз кеткендеріне іздеу болмағаны жанға батады. Желтоқсанның сол бір ызғарлы аязында үлкен шаһардан шалғай жердегі азап жырасынан аман қалып, қазір ортамызда көзі тірі, бірақ ауру-сырқау күйінде көптің бірі боп, қарабайыр тіршілік кешіп жүргендері қаншама! Бүгінгі күні мен Тәуелсіздігімізге тәубе дей отырып: «Елдік үшін, еркіндік үшін күрескен қайсар желтоқсандықтар арамызда аз емес, олардың ерліктері мен есімдерін ұмытпағанымыз абзал», – дегім келеді.

Ел Тәуелсіздігі – ата-бабаларымыздың ежелден еркіндік аңсаған асқақ рухының және ұлт тарихындағы барлық азаттық жолындағы «мың өліп, мың тірілген» табанды күрестеріміздің үлкен жеңісі. Олай дейтініміз: 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – XVII ғасырдан басталған Ресей отарына қарсы, – XVII ғасырдан басталған Ресей отарына қарсы, кызыл империяның шовинизміне қарсы өрбіген

қазақтың ұлт – азаттық көтерілісі! XIX ғасырдың басындағы «зорлап коллективтендіру науқаны» жаппай адам төзгісіз ауыр жағдайға душар етіп, аттап бассаң кісі өліміне әкелген 1932 - 1933 жылдардағы ел ішін аштық мендеп, жығылғанға жұдырық – індет жайлатты. Шындығына келсек, бес жыл ішінде яғни 1929-33 жылдар аралығында Қазақстанда тек ОГПУ тарапынан 3386 адам ату жазасына кесіліпті. Осы зобалаңда қазақ халқы жарым-жартысынан айырылды. Әсіресе, дәрменсіз қарттар мен бейкүнә балалардың өлігінен аяқ алып жүре алмайтындай уақыт еді. Бұдан асқан жауыздық, бұдан өткен сорақылық болмайды. Бұл нәубаттан басқада жұрт шет қалған жоқ. Онымен тоқталған жоқ, кешегі 1951 жылғы желтоқсан айынан басталған Орталық Комитеттің сегізінші пленумында «Республика партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың жағдайы және оны жақсарту шаралары туралы» мәселе қаралды. Сол пленум өткеннен кейін жалпы саяси тұтқындау басталды. Ел ішін үрей билеп, жан – жағына үрке қараған жалтақ мінезден арылмаған зар заман қайта кірді. «Заман азса - таяқ жуан тартар» дегендей, 1951-54 жылдары «өз ішімізден дұшпан іздеу» саясаты өршіп, жазықсыз жазалау науқаны бұрынғыдан да бетер тамырын терең жайып, өрши түсті. Сол тұста бүкіл Қазақ халқының сорпа бетіне шығар жақсылары мен жайсаңдарын – көрнекті мәдениет пен ғылым қайраткерлерін түн жамылып келіп, алдына салып айдап әкетіп отырды. Олар саяси тұтқын болып ату жазасына кесіліп, немесе, ұзақ жылға түрмеге айдалып жатты.

Иә, империялық күштер қазақ халқының азаттық рухын ұдайы тұншықтырып отырды. 1986 жылғы Желтоқсанда да олар өздерінің өктемдігінен бас тартқан жоқ. Бас тарту былай тұрсын, керісінше, басқаларға «сабақ болу үшін», күллі қазақты «ұлтшыл» деп айыптап, мойнына қара қарғы бау тақты! «Қазақ ұлтшылдығын» социализмнің ең тұрпайы жауы етіп көрсетті. Сондықтан Желтоқсандағы қазақтың ұлт - азаттық көтерілісін басып - жаншу, талқандау, қуғындау және т. б. жауыздық әрекеттерін «ұлтшылдықпен күрес» деп түсіндірді. Ең өкініштісі, әлі күнге дейін біз оларға: «Жоқ, бұл олай емес, дұрысы былай болған...»,- деп, өзіміздің ұлттық көзқарастағы зерттеулермен толыққанды жауап бере алмай келеміз.

Қазақта «Ақиқат – ағын суды да тоқтатады» деген сөз бар, ендеше, дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан көтерілісі – бабаларымыздың азаттық жолындағы талайғы күресінің тарихи жалғасы әрі сандаған ұрпақтың аңсаған асыл арманын жүзеге асыруға бағытталған көтеріліс болды деп ойлаймын. Сондықтан көк мұзы қатқан, тас жолы тайғақ алаңда қайыспай, асқан табандылық көрсеткен сондағы 18 бен 30 жас арасындағы өрімдей жастардың ерен ерліктері заң жүзінде жеке мәртебеге ие болуға әбден лайықты.

Ұшқыр уақыт ұрланып өтіп жатады. Желтоқсанның қайғылы оқиғасына да жиырма жеті жыл толыпты, бұл аз уақыт емес. Бірақ СОКП Орталық Комитеті «қазақ ұлтшылдығы» туралы қаулы қабылдап, оны кейіннен «жаздық - жаңылдық»

деп қайта жоққа шығарғанын білеміз, осы жүйенің 1986 жылы үлкен саяси қателікке жол бергендерін мойындайды... Алайда біздің, ендігі жерде Тәуелсіз Қазақстан билігінің, неге екені белгісіз, көтерілістің саяси - құқықтық бағасын беруге келгенде пікірлері біркелкі емес, ұстанымы солқылдақ. Халық бір жаққа тартса, билік оны терістеп, екінші жаққа тартады. Қысқасы, Желтоқсан ақиқатын ашуға билік құлықсыз. Соған қарағанда, 1986 - ның шындығы әлі ұзақ уақытқа жабулы күйде қала ма деп қауіптенеміз. Жүректі тілім-тілім етіп, тіршілік атаулыға үміттен гөрі күдікпен қарайтын уақыт па деп қаласың. Адам қашанда ізгілік үшін күрессе де өмір кіл жақсылықтан тұрмайтынын еске салғандай, кері қайшылықтар бастан асады.

Жалпы, жастар арасында болғанда, халықпен кездескенде қойылатын сұрақтарының деншілігі «Желтоқсан көтерілісі туралы халық пен билік арасындағы ұстаным неге кереғар?», «Желтоқсанға саяси - құқықтық баға беру мәселесі неге кешеуілдеп жатыр?» деген сұрақтарды жиі естиміз. Мұндай сұрақтарға бірден жауап беру оңай емес. Оны жоғары да айттық.

Өмір ақ пен қараның, қайғы мен қуаныштың, сүйініш пен күйініштің текетіресуімен қызық, қалыңдығымен мәнді. Ескі мен жаңаның қатар жүретіні де содан, ал екеуінің кейде тастай батып, судай сіңіп бір - бірімен жымы бірігіп кеткенін көргенде, еріксіз жаға ұстайсың. Әрине, бүгінгі көзқараспен қарасақ, еріксіз күлкі шақыратыны рас. Менің Желтоқсан көтерілісі мен үкімет туралы айтып

отырғаным түсінікті болар... Ал ол кезде мұны ұлы идея ретінде ұсынғандар өздерінің қалай сезінгенін білсеңіз – қалай жүзеге асыру үшін жанталасқанын ұғар едіңіз. Бұл – «ұрыс алаңына» шыққан қазақ жастарын қанға бөктіруге қатысқан қандықол қарақшылар мен оны тұншықтыруға бұйрық берген күнәһарлардың әлі де арамызда, билік басында жүргенін білдіреді. Тіпті олардың Желтоқсан көтерілісін елеусіз оқиғаның бірі ретінде ескерусіз қалдыруға атсалысып жүргендері де жасырын емес. Халықты осы бағытқа икемдесек дейді. Соның кесірінен қанды Желтоқсанның болғанына күмәнмен қараушылар да пайда бола бастады. Міне, ең қауіптісі де осы – Желтоқсанның тарихи маңызын жоққа шығару үшін күрес те басталған сияқты. Бұл - сатқындық!

«Күйе күйдірмесе де күйелейді», жалпы, жалада шындық болмасын біле тұрсаң да арқаңа аяздай батады. Беттері бүлк етпестен қорлауға дейін барып жүргендерге байсалды түрде тойтарыс беруден гөрі «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» деп, әркім өз басын қорғауға көшкені айырықша секем алдырады. Мұның барлығы - біздің бірлігімізге, қара халықпен біртұтастығымызға сын.

Тарих шыңырауында аршылмай, қатталып жатқан Желтоқсанның ащы запырандай шындығы бәрібір түптің түбінде ашық айтылатыны айқын. Бұл үшін Желтоқсан көтерілісіне қатысты деректер мен құжаттардың барлығы кешегі кеңестік алып империяның астанасы Мәскеуден, Алматы қаласының мұрағаттарынан алынып, қайта жете зерттеліп, тәуелсіздік талабымен еленіп екшелуі

тиіс. Сөйтіп, оның лайықты тарихи бағасы берілсе, әділдігі бүкпесіз ашық айтылса, бұл тарихқа да, өскелең ұрпаққа да, сондай-ақ бүгінде Ұлы Дала төрінен төрт құбылаға даңқ таратып, жаңа заман көшімен өркениет өріне шеру тартып келе жатқан іргелі ел-жұртымызға да салиқалы сабақ, елдік рух құндылықтарын санада сақтап отыратын тәлімі зор тағлым болар еді.

«Сенім деген құдіретті күш, ол сенгір тауды да қозғайды» дегендей, Желтоқсан ұлт - азаттық көтерілісі туралы зерттеуді іргелі монографиялық деңгейде көтеріп, оның ғылыми негізін қалыптастыруға тиіспіз. Көтерілістің іргелі ғылыми зерттеу негізін қалыптастыру үшін мемлекеттік тапсырыс болуы керек, оған байланысты зерттеулердің баршасы мемлекет тарапынан қаржыландырылуы қажет. Тек сонда ғана зерттеушілер көтеріліске қатысты түрлі мұрағаттарда шаң басып жатқан құпия құжаттарға бет бұрып, Желтоқсан ақиқатын ашады, іргелі тарихи зерттеулер өмірге келеді. Әділетке шөліркеген халықты мына қоғам көп зарықтыра қоймас деп сенем.



*Алпыс жылдық мерейтойға арнау жыр  
мен автор жайлы мақала*

~~~~~

**АЛПЫСЫҢ – ТАЛ ТҮСІҢ**

(Құдам, ақын Ізтілеу Тойшыбайұлының  
алпыс жасқа толған мерейтойына арнау)

Көп сәлем, ақын құда, Ізкен інім,  
Қайрат-күш жігітке тән ақыл-білім.  
Мен-дағы ниетімді білдірейін,  
Өлеңмен бір-екі ауыз жетсе тілім.

Алпысың тал түс екен, байқап қара,  
Қарғып мініп кетсең де арғымаққа.  
Әлі де талай белес алдында тұр,  
Жеткізсін сені Тәңірім, Қыдыр қолда!

Жігітке жарасады кемел түйғын,  
Алға бас, алаңдама, тастай түйін.  
Менің берген батам осы болсын:  
Дендерің сау, шуакты болсын күнің.  
Мына бір өзіңе ұшқан жыр шумағым,  
Қабыл ал, қарт құдаңның ескерткішін.

Ризалықпен, сексеннің сегізіндегі құдан  
**Байтұрған Әліпбаев.**  
Талдықорған қаласы,  
Мұқыры ауылы,  
19.05.2012 жыл.

## ЖИДЕЛЕР ЖҰПАР ШАШҚАНДА

Бүгінгі күн қапшағайлықтар үшін тым ерекше күн болды. Аспан көгіндегі ақша бұлттар адам қиялын көкке жетелеп, аппақ сезімдерді жетегіне ертіп әкетердей. Ауық-ауық соққан самал жел де маңдайдан сипаған ана алақаны секілді. Ақша бұлттар арасынан нұрын төккен күн барша қазаққа себелеген бақыт шуағы іспеттес. Иә күн де, көңіл де, өмір де, өңір де нұрланған бұл сәт – балқаштық жерлесіміз, бүгінде Қапшағай қаласының ақындар тобының көшбасшысы атанған Ізтілеу Тойшыбайұлының «Жиделер жұпар шашқанда» атты жинағының тұсаукесер рәсімі өтетін кез.

Осындай жомарт күздің шуаққа бөленген шағында ел мақтанышына айналған ұлы тұлға, даламыздың дана перзенті Д. А. Қонаевтың Қапшағай қаласында орналасқан ескерткішіне гүл шоғын қоюдан бастаудың өзі аруақ сыйлаған, ұлыларды ардақтай білген ағамыздың тектілігінен көрініс беріп тұрғаны хақ. Иін тіресе жиналған өнерсүйер, өлеңсүйер қауымның құрметі заңғар тұлға Димаш ағамызға да, ағамыз қадірлеген халқының өнері мен өлеңін өркендетуге өзіндік үлес қосқан Ізтілеу ағамызға да арналғанын сездік.

Салиқалы, салмақты,

Сөздері – күннің шуағы.

Ақындар аты - ардақты,

Бағы үшін елдің туады, - деген ойдың аясында толғанған көпшілік ақын ағамыздың кешін тамашалауға бет алды.

Ізтілеу Тойшыбайұлының бұл үшінші кітабы. Алғашқы жыр жинағы «Менде де жүрегі бар ақындардың» деген атпен шыққан еді. Екінші кітабы «Өмір элегиясы» деген атпен халықаралық «Алаш» және халықаралық Ф.Кафка атындағы әдеби сыйлықтарының лауреаты, халықаралық «Сорос - Қазақстан» қорының жүлдегері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ел арасында «бүгінгінің Әуезові» атанған жазушы Асқар Алтайдың алғысөзімен жарық көрген болатын. Бүгінгі тұсаукесер рәсімі өткізілгелі отырған «Жиделер жұпар шашқанда» атты кітаптың алғы сөзін «қазақ поэзиясының Құлагері» атанған І.Жансүгіровке арналған республикалық жыр мүшәйрасының жеңімпазы, «Хантәңірінің қыраны» атанған М. Мақатаевқа арналған республикалық жыр мүшәйрасының бірнеше дүркін жүлдегері, сондай – ақ, республикалық бірнеше жыр мүшәйраларының жеңімпазы, қазақтың дарынды жас ақыны, ордабұзар отызға енді аяқ басқалы тұрса да, елімізге ерекше даңқымен танылып үлгерген Мақпал Мысаның алғысөзімен шығуы ақын ағамыздың жырларының кейінгі жас ақындар талғамынан да табыла білгенін айғақтаса керек.

Әнмен, музыкамен көмкерілген жыр кеші І.Тойшыбайұлы ағамыздың өмір жолы мен өнер жолын қамтыған бейнероликпен басталды. «...Ізтілеу Тойшыбайұлы 1952 жылы мамыражай мамыр айында Балқаш ауданының Көкжиде ауылында дүниеге келген. Бақанас орта мектебін бітіргеннен кейін Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. Алғаш еңбек жолын «Ақкөл» кеңшарында құрылысшы

болып бастаған ағамыз Алматы құрылыс техникумын бітірген соң шебер, прораб болып қызмет атқарды. Кейін Халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітіріп, бірнеше жыл Талғар, Қапшағай қалаларының салық басқармасында әртүрлі жауапты қызметтерде болды. Өзге салада жүргенмен, өлең өлкесінен алыс кетпеді. Қолы босай қалса, жыр дәптеріне өрнекті өлеңдер құйылды. Жанына тек еңбекті серік етіп, атбегілік, құсбегілік секілді ұлтымыздың ұмыт бола бастаған өнерлерін жаңғыртты. Атқұмар қазақтардаң аузында «Атбегі Ізтілеу», республикалық құсбегілер қоғамында «Құсбегі Ізтілеу», жырсүйер қауымға «Ақын Ізтілеу» аттарымен даңққа бөленді. Үлкен алдында ізетті, кіші алдында қамқор, мейірбан ағаның құрметке бөленуінің де осындай себептері бар. Бүгінде бес баланың, жеті немеренің атасы асқаралы 60 жасқа толып отырғаны шаттық үстіне шаттық сыйлағандай. Тоғыз жолдың торабында орналасқан Шеңгелді атты үлкен ауылдың сүттей ұйып отыруында да ауыл ардагерлер алқасының ізгілікті ізі бар екенінен бейнеролик арқылы хабардар болдық.

Бейнеролик аяқталысымен сахнаға халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, бірнеше жыр мүшәйралардың жеңімпазы, ұлтымыздың хас батыры Бауыржан Момышұлының бейнесін сомдап, кинода ролін ойнаған Бақыт Беделханұлы шықты. Алғашқы сөзін жырсүйер қауымының құрметіне бөленген Төлеген Айбергеновтың:

«Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,  
Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның...»  
деген жыр жолдарымен бастап, бүгінгі кештің себебін

жыр шумақтарын араластыра отырып жеткізді. Ел аузында аңызға айналған Бақыт ақынның сөздерімен дүр сілкінген халықтың құрмет көрсеткен шапалағы бірнеше мәрте сахнаға жан бітірді. Сөз кезегі кеш иесі Ізтілеу ағамызға берілгенде сахна тіпті ұзақ шапалақтармен жаңғырды. Бұл жыр-сүйер қауымның ақынына деген ерекше құрметінің белгісі екеніне дау жоқ. Туған жерге, елге, туған жер табиғатына арналған жүрекжарды өлеңдерден кейінгі кезек Қапшағай қаласы әкімінің бірінші орынбасары Сүгіров Ілиясқа, «Нұр Отан» ХДП Қапшағай қалалық филиалы төрағасының орынбасары Сансызбай Арыстанғалиға және Қапшағай қалалық әкімшілігі аппарат жетекшісі Ақтанберді Қалқабайға берілді. Қапшағай қаласы әкімінің бірінші орынбасары Сүгіров Ілияс қала әкімінің алғысымен өрілген Құрмет грамотасын табыстай отырып, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні» мерекесіне орай І. Тойшыбайұлына «Қапшағай қаласының Құрметті азаматы» атағы берілетінін мәлім етті. Жиналған жұрт қуанышын тағы да ұзақ қол соғып жеткізді.

І.Тойшыбайұлы туған Балқаш ауданынан да «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы Қүмісбек Ербай бастаған ауданның ардагер ақындары Асылхан Елбосынов, Жеңіс Демеукұлов ағалар Балқаш ауданы әкімінің «Құттықтау хатын» көпшілікке таныстыра отырып, табыс етіп, ақын ұлдарының иығына шапан жапты. Ақын ағамыз білім алған Көкжиде орта мектебінің директоры Бибігүл Хамзина ханым да сөз аяғын ақын ағамызға арнаған жыр шумақтарымен аяқтады, ол мектеп ұжымының сәлемін, ақ тілегін

жеткізе отырып, ақынның иығына зерлі шапан сыйға тартты.

Қазақстан Жазушылар одағы атынан бір топ ақын-жазушыларды бастап келген «Алаш» және халықаралық Ф.Кафка атындағы әдеби сыйлықтарының лауреаты, халықаралық «Сорос – Қазақстан» қорының жүлдегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Асқар Алтайдың сөздерінен ақын ағамыздың қазақ поэзиясы көгінен бүгінгі бағындырған шыңы көрінгендей болды. «Ізтілеу ағамыздың мамандықтары құрылысшы, экономист болғанымен, жүрегі – ақын. Ғас талант. Ақындық тек филологтарға ғана тән емес. Қешегі І.Есенберлин, Ш.Айтматов, Бүгінгі Қ.Бегманов, Қ.Исалар – филологиядан алыс та шет әр түрлі мамандық иелері. Олай болса, бүгінгі кештің «Менде де жүрегі бар ақындардың» деп аталуы көп нәрсені, соның ішінде ғас таланттың кеші екендігін айғақтағандай», – дей келе, асқаралы 60 жасқа толған ағамыздың өміріне бақыт, еңбегіне шығармашылық табыс тілеген жазушы бауырымыз алда әлі де еліне берері мол ағамыздан көп үміт күтетінін жеткізді.

Қазақтың дәстүрлі ән өнерінің насихатшысы, дарынды әнші, қазақтың өнер ордасы – консерваторияның ұстазы Еркін Шүкімановты білмейтін қазақ кемде-кем шығар. Сахнаға Еркін көтерілген кез ел дүрліге қол соққан тағы бір ерекше сәт болды. Абайдың інісі Мұхамеджанның және Қапез Байғабылұлының әндерін әуелете салған әнші бауырымыздың саф өнердің иесі екенін танып, еріксіз тағы бір бас шайқадық. Кештің шырайын кіргізген

өнеріне тамсандық, таңырқадық, таңдандық. Іштей «тіл көзден сақтасын» деп күбірлегенімізді де сезбей қалдық.

Мінбеге «Желтоқсан ақиқаты» тобының жеті – сегіз мүшесі топталып бір – ақ шыққанда, ақын ағамыздың тағы бір қырынан көргенімізді жасырмаймыз. Республикалық «Желтоқсан ақиқаты» қозғалысының президентінің көмекшісі Лепбесов Сайлау мен хатшысы Күміс Әбдіқалымқызы сөйлегенде, баяғының топ бастаған көсемі, сөз бастаған шешені дерсің! Әйгілі «Желтоқсан оқиғасына» тегін адамдардың қатыспағанын тарихтан білеміз, «ұлым» деп соққан жүрегімізбен сеземіз. Қазақ пайымымен айтқанда, кілең «сен тұр, мен атайын» деген сайыпқыран жігіттер мен қыран қыздарымыздың сөзге де шеберлігіне, әсіресе, өлең мен өнерге құштарлығына таң қалдық та. Желтоқсандықтар айтса, айтқандай-ақ, ақын ағаның жүрегі нәзік, жұдырығы қатты, ел десе ерлікке даяр, ұлт үшін жанын қияр азамат екендігін қуанышпен сезініп, білдік. Сөз соңында «Желтоқсан ақиқаты» қозғалысының президенті Нүркен Бейсенғазының атынан ақын ағаға «Желтоқсан ардагері» медалін табыс етті.

Сөз тізгінін алған қапшағайлықтар да іркіліп қалмады. Бір қуанарлығы «ақындар Отаны» саналған Алматыға жақын қала - Қапшағайда да әдеби орта бар. Және айтулы ақындардың шығармашылық кеші де жиі – жиі өтетіні қуанышты. Шығармашылық кештің көркемделуі мен безендірілуі, қонақтарды күту, кешті жүргізу, сахна мен көрермен мәдениеті

сан жылдарғы тәжірибенің нәтижесін айғақтап тұрғандай. Алтыншаш Жақиянова, Бижамал Түйгіш секілді бүгінде республикаға танымал ақындардың жырлары көрермендер көңіліне шуақ, сезіміне нұр сыйлағандай. Кітаптың алғысөзін жазған Мақпал Мыса мінбеге көтерілгенде, көрермен қауым ілтипатында шек болған жоқ. Бұл көрермендердің поэзия әлемінен хабарының молдығы, жырсүйер қауымның таланттарды бағалауының ең жоғарғы сатысы болса керек. Мақпалдың оқыған өлеңдері поэзия құдіретін сездіргендей. «Бір күн дүрілдеген, Той өтті көрші ауылда...» дегендей, дүркіреп ақын Ізтілеу Тойшыбайұлының «Жиделер жұпар шашқанда» атты кітабының тұсаукесер тойы дүрілдеп өтті.

Иә, негізінде тұсаукесер кеші аталса да, өту сипаты бейне бір айтулы той болды. Талай тұлпарлар тарпып кеткен, талай сұңқарлар зулап ұшқан, талай тектілер мен батырлар дүниеге келген қасиетті де киелі Балқаш өңірінде туған ақын Ізтілеу Тойшыбайұлының еткен еңбегі, шыққан биігі туған жерінің ардақты атына лайық екен. Осы ой кешке жиналған әрбір адамның жүрегінің түкпірінде тұрды.

**Күмісбек Ербай, Анар Басшыбаева,**  
«Балқаш өңірі» газеті, Бақанас –Қапшағай,  
№49(7426) 8 желтоқсан, 2012 жыл.

## МАЗМҰНЫ

|                                               |   |
|-----------------------------------------------|---|
| РУХЫ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ - РУХАНИ ДҮНИЕСІ КЕМЕЛ ..... | 3 |
|-----------------------------------------------|---|

### І БӨЛІМ

#### БАЯНДЫҒЫН ЕЛДІКТІҢ КҮНДЕ ТІЛЕ

|                                       |    |
|---------------------------------------|----|
| МЕН АЙТАМЫН...                        | 10 |
| БАЯНДЫҒЫН ТҮЛЕЙІК .....               | 11 |
| ЖЫР ЖАЗАЙЫН...                        | 12 |
| ЖАҢА ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚОНАЕВ .....          | 12 |
| КӨКТЕН КЕЛІП ҚАРАШЫ, ДИМАШ АҒА! ..... | 14 |
| ЖҮЗ ЖАСЫҢ ТОЙЛАНДЫ .....              | 15 |
| БАРМАЙМЫН ЖАЛҒАНДЫҚҚА .....           | 18 |
| ШЫНДЫҚТЫҢ НЕСІ ЖАЛҒАН .....           | 18 |
| ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН .....           | 20 |
| ЖЕЛТОҚСАН БЫЗҒАРЫ .....               | 25 |
| БІРЛІКТІҢ БАҒАЛАП ҚУАТЫН .....        | 29 |
| ӘЛІ ТАЛАЙ ӨТКЕЛДЕР БАР .....          | 30 |
| ОЙЛАН, ҚАЗАҚ .....                    | 31 |
| ТЕҢДІГІМ – ТІРЕГІМ .....              | 32 |
| СҰМ ЗАМАН... .....                    | 33 |
| ДҰҒА .....                            | 34 |
| МЕН ҚАЗАҚТЫҢ .....                    | 34 |
| ЗАМАНА ЗАРЫ.....                      | 35 |
| АЛАҢ НЕГЕ ЖҮРЕГІМ.....                | 36 |
| ТҮЗЕ КЕРУЕН – КӨШІҢДІ.....            | 38 |
| ӘДІЛДІК БОЛСА .....                   | 38 |

|                              |    |
|------------------------------|----|
| ӨМІР ДЕГЕН ТАЙҒАНАҚ.....     | 39 |
| ӨЗ ОЙЫММЕН ЖАНТАЛАСЫП.....   | 40 |
| КӨҢІЛІМ ДҮЛЕЙ... ..          | 41 |
| МЕН ДЕ БІР ТҰЛҒА .....       | 41 |
| ТУРАСЫН АЙТАМ.....           | 41 |
| ШЕРЛІ КӨҢІЛ СЫРҚАТЫ.....     | 43 |
| ХАЛЫҚТЫҢ ҰҚСА ТІЛЕГІН.....   | 44 |
| ТІЛ КЕСПЕК ЖОҚ.....          | 45 |
| ЖАС БУЫНҒА.....              | 45 |
| СЕНІМІМ БАР .....            | 46 |
| УАҚЫТ ЕТЕР ТӨРЕЛІК.....      | 46 |
| ӨТКЕНІМДЕ ІЗІМ БАР.....      | 47 |
| ШАТТЫҚ ЖЫРЫ.....             | 47 |
| БЕЙҚАМ БОЛМА.....            | 48 |
| ҰЙҚЫСЫЗ ОЙ ТЕРДІМ .....      | 49 |
| БАСУ .....                   | 50 |
| ЖАРАТҚАН, САҒАН БАС ИЕМ..... | 50 |
| БАБА МЕН ҰРПАҚ ЗАРЫ .....    | 51 |
| ЖҮРЕК ТАЗАЛЫҒЫ.....          | 53 |
| ИМАН БЕРСІН .....            | 53 |
| СЕН ТҮСІНГІН.....            | 54 |
| ҚҰШТАР КӨҢІЛ.....            | 55 |
| ӘР КҮНІҢДІ БАҒАЛА.....       | 56 |
| БІР КҮН.....                 | 57 |
| СҮЙЕНІШ БОЛАР ДЕП ЕДІМ.....  | 59 |
| КІМ БОЛАМ?.....              | 61 |
| МЕН БАҚЫТТЫМЫН!.....         | 62 |
| АДАММЫН І ОЙ... ..           | 63 |
| ӨТКЕНДІ МАҚТАУ .....         | 63 |
| ОЙЛАН, БАЛАМ .....           | 64 |
| НЕМЕРЕМЕН СЫРЛАСУ .....      | 65 |

|                                  |    |
|----------------------------------|----|
| ҚОРҚАМЫН .....                   | 68 |
| БӘРІНЕН ЖАЛЫҚТЫМ.....            | 68 |
| ТЫҢДА, БАЛАМ! .....              | 69 |
| ШИПА ЖОҚ... .....                | 72 |
| СЕНІМ ҚАЖЕТ... .....             | 73 |
| АРТТА ҚАЛАР ЖЫРЛАР БАР .....     | 73 |
| СОЛ БІР АҚЫН... .....            | 74 |
| КҮН ДЕ ТУАР АРАЙЛЫ... .....      | 75 |
| ӨМІРГЕ КӨҢІЛ ТОЛМАЙДЫ.....       | 77 |
| ТҮСІНЕ АЛМАҒАН БАҚЫТСЫЗ... ..... | 77 |
| ҰЯЛМАДЫҚ... .....                | 78 |
| АДАЛДЫҚ – АСЫЛ МҰРАТЫМ.....      | 79 |
| ТӘУЕЛСІЗДІК... .....             | 80 |
| ОЙ КЕШУ .....                    | 81 |
| ЖЫМ ЖЫРТ... .....                | 82 |
| ҚАНЫМДА... .....                 | 83 |
| АЛЛАНЫҢ НҰРЫ... .....            | 83 |
| ҰЙҚЫСЫЗ ТҮНДЕРІМДІ... .....      | 83 |
| КӨКПАР .....                     | 84 |
| НЕ ДЕЙІН... .....                | 85 |
| ҒЛАМНЫҢ УСЫНДА... .....          | 86 |
| ҮРЕЙ.....                        | 87 |
| ҚАБЫЛ АЛСА... .....              | 88 |

## II БӨЛІМ

### ЖАСТЫҚТЫҢ ЖАЙЛАУЫНДА

|                                  |    |
|----------------------------------|----|
| ЖАСТЫҚ.....                      | 90 |
| ҚАЙТАЛАНБАС СОЛ БІР ЖАСТЫҚ ..... | 91 |
| ЖАСТЫҚ ӨТЕР... .....             | 91 |
| ЖАСТЫҚ ӨТЕР... .....             | 92 |
| АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ .....           | 92 |
| ӨТКЕН КҮНДЕР – БІРЕЛЕС .....     | 93 |

|                              |     |
|------------------------------|-----|
| СЕН НЕГЕ ҚАРСЫ АЛМАЙСЫҢ..... | 94  |
| КӨҢІЛІМ БАЯҒЫДАЙ... ..       | 95  |
| СЕН... ..                    | 95  |
| БҮЛДАНБА, ЖҮРЕК.....         | 96  |
| ЖҮРЕГІМ САҒАН АЙТАМ.....     | 97  |
| ЖАНЫМДЫ ҰҚСА... ..           | 98  |
| МЕН ӘЛІ ҒАШЫҚПЫН.....        | 99  |
| ЕЛІГІМ.....                  | 100 |
| САҒАН... ..                  | 100 |
| ЕРКЕЛЕЙІН ДЕП... ..          | 101 |
| СҮЙГЕН ЖҮРЕК.....            | 102 |
| АЛДАМШЫ ҮМІТ.....            | 103 |
| АМАН БОЛШЫ... ..             | 104 |

## II БӨЛІМ

### ТУҒАН ЖЕР – ТҰҒЫРЫМ

|                                    |     |
|------------------------------------|-----|
| АНА – ЖЕР – АНА.....               | 106 |
| МӨҢГІЛІК ЕЛ.....                   | 108 |
| САҒЫНАМЫН.....                     | 109 |
| МЕНІҢ ДЕ АЙТАРЫМ БАР.....          | 109 |
| ТАБИҒАТ ОРТАҚ БАРШАҒА.....         | 112 |
| КӨКЖАЙЛАУЫМ!.....                  | 114 |
| КӨКЖАЙЛАУ ЗАРЫ.....                | 115 |
| АРНАСЫН ӨЗЕН ТАППАСА.....          | 118 |
| ШЕЖІРЕЛІ ШЕҢГЕЛДІМ.....            | 119 |
| МЕН ҚИМАҒАН ШЕНГЕЛДІ.....          | 122 |
| ЖОҒАРҒЫ «ҚАТЫН ҚАРАҒАЙ».....       | 123 |
| ҚАТЫМТАУ .....                     | 125 |
| ЖҮРЕГІМДІ МАЗАЛАЙДЫ ОЙ ЖАЙСЫЗ..... | 125 |
| ТУҒАН ЖЕР САҒЫНЫШЫ.....            | 127 |
| ҚАЙНАР АҚПАЙ СУАЛҒАНДАЙ.....       | 127 |

#### IV БӨЛІМ

##### ЖАҚСЫҒА ЖАЗДЫМ ЖЫР – ЛЕБІЗ

|                                        |     |
|----------------------------------------|-----|
| СЫНЫПТАС ДОСТАРҒА .....                | 130 |
| ТОЙЫҢДА ШАШЫЛСЫН ӘН .....              | 131 |
| ТУҒАН КҮН – МЕРЕКЕ .....               | 133 |
| КҮТТЫ БОЛСЫН ЖАҢА ОТАУ .....           | 135 |
| ӨТКЕНДІ ҚИМАЙСЫҢ .....                 | 136 |
| БІР ҒҰМЫР... .....                     | 137 |
| ЕРБОЛ БАУЫРЫМ ЕЛУДЕ .....              | 139 |
| ӘЖЕ АТАНҒАН ӨЗ ҚҰРБЫМ .....            | 140 |
| КҰДАҒИҒА .....                         | 142 |
| КҰДАШАҒА ӘЗІЛ .....                    | 142 |
| КАРА ҚЫЗ – ДАРА ҚЫЗ .....              | 143 |
| БАЛА КҮНГІ БАЛ ҚҰРАҒЫМ .....           | 144 |
| ІЗДЕДІМ, ДОСТАР .....                  | 145 |
| КЕМЕРІ КЕҢ ӨЗЕНДЕЙ .....               | 146 |
| ЖЕКЕ ШУМАҚТАР МЕН ОЙ – ТОЛҒАМДАР ..... | 147 |
| ЖЕТІСКЕ КЕЛГЕН... .....                | 153 |

#### V БӨЛІМ

##### УАҚЫТ – ТҰЛПАР ТҮРМАЙДЫ

|                                           |     |
|-------------------------------------------|-----|
| ТЕМІРҚАНАТ БАЛАПАН .....                  | 156 |
| УАҚЫТТЫ БАҒАЛАЙ БІЛЕМІЗ БЕ? .....         | 164 |
| АШЫНҒАН АНА ЖҮРЕГІ .....                  | 170 |
| ҚЫЗЫМА .....                              | 178 |
| ОТАН .....                                | 180 |
| ҚАСҚЫР ЕМІ... .....                       | 184 |
| ЖЕЛТОҚСАННЫҢ АЩЫ ЗАПЫРАНДАЙ ШЫНДЫҒЫ ..... | 191 |
| АЛПЫСЫҢ – ТАЛ ТҮСІҢ .....                 | 203 |
| ЖИДЕЛЕР ЖҰПАР ШАШҚАНДА .....              | 204 |

ISBN 978-601-80466-0-5



Ізгілеу **ТОЙШЫБАЙҰЛЫ**

**СЫЗДАҒАН ЖҮРЕК  
СЫРЛАРЫ**

**Бас редактор:** *Қали Маханбетиярұлы*  
**Корректор:** *Сәтбай Мырзабайұлы*  
**Көркемдеуші редактор:** *Жетпісбай Тойшыбайұлы*  
**Техникалық редактор:** *Нүргелді Серғожаұлы*  
**Теруші:** *Галина Қабамбайқызы*

---


Басуға 25.08.2014 ж. қол қойылды.  
Пішімі 75x90<sup>1/32</sup> Қаріп түрі «Таймс».  
Көлемі 13,5 баспа табак.  
Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс № 9715.

---

«Сеп» баспасы  
(директоры Қ.М. Жолдасов)

---

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Макатаев көшесі, 41.



Ізтілеу  
Тойшыбайұлы

*Сыздаған жүрекке сырлары*